

**ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИ**

**ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ**

*Бейбітшілік пен жасампаздыққа – 20 жыл.*



**М.Ә.НАСИМОВ**

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

**Алматы - 2011**

УДК 94(574)  
ББК 63.3(5Каз)  
Н 26

Қызылорда «Болашақ» университетінің тарих және филология кафедрасында талқыланып, университеттің Ғылыми Кенесі баспаға ұсынған

**Шікір жазғандар:**

- С.Н. Әлібек тарих ғылымдарының докторы, профессор (М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті);  
Ә.Р. Масалимова, философия ғылымдарының докторы, профессор (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті);  
С.Ш. Мұсатаев, саяси ғылымдарының докторы, доцент (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)

**Насимов М.Ә.**

**Н 26 Тәуелсіз Қазақстан тарихы: Оқу құралы – Алматы, 2011. - 100 бет.**

ISBN 9965-00-357-2

Бұғынғы Қазақстан мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы орны мен имиджінің дамуындағы жаңа кезеңге аяқ, басып отыр. Жаңа әлемдік шарттар мен тәуелсіздігіміздің 20 жылындағы жетістіктеріміз мол. Міне, осы ерекшеліктерді айқынданай келе, еліміздің казіргі заман тарихындағы даму көрсеткіштерін жылдар бойынша саралтауды міндет етіп қойып отырмыз.

Оқу құралы оқырмандарға пайдалы актапар беретіні және білім беру процесінде және патриоттық тәрбиелеуде оқытушылар, мұгалімдер, студенттер мен магистранттарға, оқырмандарға көмектесетініне сенеді. Оқу құралы қалың қошшылік үшін Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады.

«Болашақ» Университеті  
KITAPXANA  
Инв. № 29290

УДК 94(574)  
ББК 63.3(5Каз)

ISBN 9965-00-357-2

©Насимов М.Ә., 2011

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИ

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТИ



**НАСИМОВ МҰРАТ ӨРЛЕНБАЙҰЛЫ**

## **ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

### **ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

**Алматы 2011**

## МАЗМУНЫ

<b>КІРІСНЕ.....</b>	<b>4</b>
1991 ЖЫЛ: ТӨҮЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ.....	6
1992 ЖЫЛ: ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТАҮІТАФЫ АЛҒАШҚЫ БЕЛЕСТЕР.....	10
1993 ЖЫЛ: ТЕНГЕНІҢ АЙНАЛЫМФА ЕНУТ - ЕЛ ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА.....	15
1994 ЖЫЛ: МОДЕРНИЗАЦИЯНЫң ЖАҢА ИЗДЕНИСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН.....	19
1995 ЖЫЛ: РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫҢ НЫШАНЫ.....	22
1996 ЖЫЛ: ТӨҮЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ БЕС БЕЛЕСІ.....	26
1997 ЖЫЛ: АЙМАҚТЫҢ БАРЫСЫНА АЙНАЛДЫРАТЫН – «ҚАЗАҚСТАН-2030».....	30
1998 ЖЫЛ: ШШІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН.....	33
1999 ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРІНШІ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ.....	37
2000 ЖЫЛ: ЕРКІН, ТИМДІ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗ ҚОҒАМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.....	41
2001 ЖЫЛ: ТӨҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫң ОНЫШЫ ЖЫЛЫ.....	44
2002 ЖЫЛ: ЕУРАЗЭҚ, АӨСШҚ, ЖӘНЕ ШЫҰ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ БАСТАМАСЫНЫң НЕГІЗДЕРІ РЕТИНДЕ.....	48
2003 ЖЫЛ: ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТУРЛІ ДІНДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ҚАЗАҚСТАН.....	52
2004 ЖЫЛ: БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА ҚАЛЫПТАСТАҮРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.....	55
2005 ЖЫЛ: ӨҢІР ҚӨШБАСШЫСЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕС ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.....	62
2006 ЖЫЛ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІЛІС ҚАРСАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.....	65
2007 ЖЫЛ: САЯСИ ҚӨШШІМІЗДІҢ ӨЗІНДІК «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ» МЕН ШШІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҢ МАҢЫЗДЫ 30 БАҒЫТЫ АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН.....	69
2008 ЖЫЛ: ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЗАҚСТАН.....	72
2009 ЖЫЛ: Дағдарыстан жаңару мен даму жолындағы қазақстан.....	76
2010 ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАННЫң ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТАҮІК ҰЙЫМЫНА ТӨРАҒАЛЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЙЫМ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ.....	78
2011 ЖЫЛ: ТӨҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫң ЖИҮРМасынышы таңы.....	87
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>93</b>

## KIPIСИЕ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткен жылы Тәуелсіздік сарайындағы салтанатты жиналыста: «Тәуелсіздіктің әр жылы – бұл жаңа Қазақстан тарихындағы тұтас дәүір», - деген болатын. Ал осы жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «БЕЙІТШІЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ» – біздің мерейтойымыздың ұраны осы. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жолының – БОСТАНДЫҚ, БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ӨРКЕНДЕУ секілді арқаулық құндылықтары қалыптастырылды», - деді.

Осы себептерге байланысты, тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында еліміздің саяси процестері мен саяси институттарды ретроспективті және салыстырмалы түрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелі-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болатын оку құралын жазып отырымыз. Кейбір талдаулардың міндеттері танымның жалпы ғылыми әдістерінде, пәнаралық тәсілдерді колданумен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді бастан кешіруде. Еліміздегі барлық қоғамдық салаларда модернизацияның орын алуы саяси тұрақтылықта байланысты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірінше, модернизациялық процестер үш кезеңнен өтті:

бірінші (1991-1995 жылдар), бұл кезеңде біз кеңестік жүйені бұзып, мемлекеттің негіздерін құрумен айналыстық;

екінші кезең (1996-2000 жылдар) экономика мен саяси жүйенің терең құрылымдық өзгерістерін іске асырумен байланысты болды;

үшінші кезең (2001-2006 жылдар) – экономикалық өсу уақыты. (Қараңыз: *Назарбаев Н.А. Казахстанский путь: от стабильности - через модернизацию - к процветанию // Казахстанская правда. - 2006. - 16 декабря.*).

Қазақстан тәуелсіз ел болғанынан бері зерттеу тақырыбы қазіргі мемлекеттің өзекті мәселелеріне арналған тарихшы, саясаттанушы, философтар, әлеуметтанушы, экономистердің, отандық және шетелдік ғалымдардың талай еңбектері жарық көрді. Автор осы еңбектер қатарын осы оқы құралымен толықтырып отыр.

Бүтінгі Қазақстан мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы орны мен имиджінің дамуындағы жаңа кезеңге аяқ басып отыр. Жаңа әлемдік шарттар мен жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығындағы

жетістіктеріміз мол. Міне, осы ерекшеліктерді айқындаі келе, еліміздің қазіргі заман тарихындағы даму көрсеткіштерін жылдар бойынша сараптауды міндеп етіп қойып отырымыз. Оку құралы әдеби-мәдени, тарихи-танымдық «Әлімсак» журналында, қоғамдық-саиси «Ақмешіт алталағы» газетінде, «masa.kz» интернет газетінде апробациядан өтті және толықтырылды. Сонымен бірге, оку құралының сонында автордың ғылыми ізденіс жылдарында жарық көрғен еңбектер тізімі ғылыми есеп іспеттес берілген.

Автор берілген еңбектің пайдалы аппарат беретіні және білім беру процесінде оқытушылар, мұғалімдер, студенттер мен магистранттарға, оқырмандарға көмектесетініне сенеді. Оку құралы қалың қөшілік үшін Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады. Кемшілік орын алса оқырмандардан ұсыныстар мен пікірлер күтеміз.

## 1991 ЖЫЛ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ

Тәуелсіздік – бір ұлттың, мемлекеттің, діннің екінші бір ұлтқа мемлекетке, империяға, дінге бағынышты емес, дербес территориялық, экономикалық, саяси, діни дербестігін алған жаңа құрылған мемлекетке қолданылатын саяси түсінік. Ол дербес әлеуметтік-саяси, экономикалық қимыл жүргізетін, егеменділіктің белгісі болып табылады. Саяси тұрғыдан қарғанда тәуелсіздік конституциялық құқыққа негізделген мынадай түрлі принциптер мен институттардың сипаттамалық көрсеткіші саналады: егемендік, билік белінісі, тұлғаның құқықтық мәртебесі, соттар мәртебесі және т.б.

Бұл ұғым 1776 жылы 4 маусымда ағылшын отарлары өкілдігінің екінші конгресінде қабылданған. Осы «Тәуелсіздік декларациясынан» соң халықаралық саяси термин ретінде қалыптасты. Демек, әр мемлекеттің тәуелсіздік жариялауы осы декларацияны қабылдаумен тығыз байланысты.

Егемендік (француздың souveraineté - жоғарғы билік, үстемдік) – ұғымы кез келген мемлекеттің жалпы сипаттамалық белгілерінің көрсеткіші болып табылады. Ұлыыми терминологияда ұлттық және халықтық егемендік түсінігі де бар. Демек, мемлекеттік құрылымның қалыптасуында ұлттың немесе халықтың үстемдігі болуы тиіс. Ал қазіргі саяси ғылымдарда тұлға немесе азамат егемендігі деген термин де кең қолданыска ие.

Өткен ғасырдың 90-жылдардың басында Еуразиялық кеңістікте КСРО-ның ыдырауы қарсаны мен салдарынан жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болуымен қатар, жаңа геосаяси жағдай қалыптасты. Қоғамгерлік ғалымдар бұл алып державаның құлауын төмөндеғідей себептермен байланыстырады:

- елді демократияландыру себептерімен болған ұлттардың жеке мемлекет болып белінуін қалауы;
- жүйенің құлауына әкелген КСРО саяси жүйесінің кемшіліктері;
- стагнацияға әкелген өндіріс, сауда және экономикалық қатынастардағы тоқырау мен дағдарыстар;
- көп ұлтты мемлекеттерде кездесетін оргалықтанған тенденциялар;
- КСРО-ның құлауына батыс елдерінің мүдделеллігі.

Сонымен қатар, одак территориясында ұлттар арасындағы қақтығыстар көбейе түсті. Мәселен, Мәскеу әмірімен Г.В. Колбиннің Қазақстан Республикасы компартиясының бірінші хатшысы қызметіне тағайындалуы халық үшін жылдар бойы осы уақытқа дейін жинақталған ашуларын және қоғамдық пікірдің қалыптасуына себеп болды.

Жалпы жоғарыда аталған қыыншылықтарды одактас елдер әр түрлі қабылдады. Ең алдымен Балтық жағалаулары мемлекеттеріне келсек.

Литвада 1988 жылдың 3 мамырында тәуелсіздік жолындағы «Саюдис» (литваша Sajūdis - «Қозғалыс») қозғалысы құрылды. Нәтижесінде 1990 жылдың 11 наурызында Литваның Жоғарғы Кеңесі ел егемендігі жөнінде хабарлады.

Эстонияда 1988 жылдың басында «Эстония Халық Фронты» құрылып, мамыр айында астаналары Таллин қаласында «әншілер революциясы» өтті. Ал 1990 жылдың 30 наурызында Эстония Жоғарғы Кеңесі өз тәуелсіздігін жариялады. Бұл кезеңде Латвияда да Халық Фронтының қүшесі байқалды. 1990 жылдың 4 мамырында Латвия Жоғарғы Кеңесі егемендіктерін жарияладап, 1991 жылдың 3 наурызында бұл шешім референдум арқылы бекітілді.

Кейін Одақтас елдер қатарындағы мемлекеттер егемендіктері мен тәуелсіздіктері мына ретпен қабылдай бастады:

- Грузия – 1991 жылдың 9 сәуірі (референдум арқылы);
- Украина - 1991 жылдың 24 тамызы;
- Молдова Республикасы – 1991 жылдың 27 тамызы;
- Қыргызстан - 1991 жылдың 31 тамызы;
- Өзбекстан - 1991 жылдың 1 қыркүйегі;
- Тәжікстан - 1991 жылдың 9 қыркүйегі;
- Армения - 1991 жылдың 29 қыркүйегі;
- Әзіrbайжан - 1991 жылдың 18 қазаны;
- Түркменстан - 1991 жылдың 27 қазаны;
- Ресей Федерациясы - 1991 жылдың 12 желтоқсаны;
- Белорусь Республикасы – 1991 жылдың 26 желтоқсаны.

Біздің еліміз болса өз тәуелсіздігін 1991 жылдың 16 желтоқсанында жариялады. Осы күні Елбасы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Занына қол қойды. Түркия әлемдегі мемлекеттер ішінен бірінші болып ел тәуелсіздігін таныды.

Дегенмен, Қазақстан Республикасы азаматтары үшін ерекше күн 1990 жылдың 25 қазаны болды. Бұл күн еліміздің тарихындағы ескі кезеңін аяқталуы мен дамудың жаңа параптаратының бастауы болып табылады. Егемендік күні Қазақстан тарихындағы өзгеріс туындарынан көзек. Мемлекеттіміздің негізін қалаған бірінші заңнамалық құжат Егемендік туралы Декларация болды. Осы құқықтық, саяси және идеологиялық құжат қоғамның негізгі принциптерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, саяси плюрализм мен билік бөлінісінің көрсеткіші еди. Бұл іргелі ережелер болашақ Конституцияның негізі болып табылады.

Осы жылдың 21 қарашасында Декларация негізіндегі ҚазССР Конституциясы мен мемлекеттік мекемелерді жетілдіру жөніндегі Заң қабылданды. Бұл әлемдік қауымдастық шарттарына бейімделуге бағытталған алғашқы қадамдар болып саналады. Тәуелсіздік алу

қарсаңында куаты жөнінен әлемдегі төртінші ядролық әлеуетке ие Қазақстан ядролық қарудан бас тартты. Сондықтан Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылдың 29 тамызындағы Семей полигонын жабу туралы өкімін ерекше атап өттеге болады. Енді ғана қалыптасуға бел буып отырған Қазақстан ушін әлем алдында бейбітшілікті қолдайтын мемлекет екендігін көрсету тұрды.

Осы жылдың 2 қазаны күні Сыр топырағынан тұңғыш қазак ғарышкері, Кеңес Одағының ақыргы (72-ші) ғарышкері, Халық Қаһарманы, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, авиация генерал-майоры Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров ғарышқа үшті. 1991 жылы Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкер дайындау орталығында әзірлігін бастап, сынаушы ғарышкер-ұшқышы, сынаушы. «Союз ТМ» ғарыш кемесінде және «Мир» орбиталды кешенінде сынаушы ғарышкер-ұшқышы жылдамдатылған машиқтануын үшу бағдарламасы бойынша еткен. Тоқтар Әубәкіров зерттеуші ғарышкер ретінде ресейлік Александр Волков пен австриялық Франц Фибек, «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут болды.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Президентінің бірінші бүкілхалықтық сайлауы өтті. Қазіргі іс басындағы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның Тұңғыш президенті мандатына ие болды. Сол кезде-ақ ұлт басшысының саясаты Азия құрлығымен шектеліп қана қоймай, Еуропа және Азия арасындағы халықаралық байланыстардың басымдықтары байқалды. Еліміз әлемнің барлық елдерімен экономикалық және саяси байланыстарды орната бастады.

1991 жылдың 10 желтоқсанында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақстан Республикасы атауын иеленді. Осы жылдың 12 желтоқсанында Н.Ә. Назарбаев Ашгабадтағы Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының консультативтік кездесуіне қатысты. Елбасы Н.Ә. Назарбаев, Қыргызстан президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан президенті Р. Набиев, Түркіменстан президенті С.А. Ниязов, Өзбекстан президенті И.А. Кәрімов Белорусь, РСФСР және Украинаның ТМД құру туралы келісімін талдады. Нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттердің Евразиялық Одағын құру туралы Келісімге кол қойылды.

Сол жылдың 21 желтоқсанында Алматы қаласында посткеңестік кеңестік елдерінің 11 мемлекет басшыларының кездесуі өтті. Бұл жыында төмөнделгідей ресми құжаттарға кол қойылды: 1991 жылдың 8 желтоқсанында Минск қаласындағы Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісімнің Хаттamasы; Алматы Декларациясы; ТМД-ның үйлестірушілік институттары туралы Келісім; ТМД елдері басшылары Кеңесінің БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдарда мүше болу туралы шешім.

Сейтіп әлемдік саясат цикліндегі геосаяси процестерде өзгерістер орын алып, көптеген мемлекеттермен бірге картада Қазақстан және жаңа аймақтық үйім болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы пайда болды.

Осы жылдары Гурьев облысы мен қаласы қазіргі атауы Атырауды иеленіп, көптеген орыс тілді атаулы қалалар қазақша айтылуға көшті. Бұл жылы жеке банктердің ашылуына да мол мүмкіндіктер берді. Мәселен, осы жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әл Барака Қазақстан» Халықаралық банкін құру туралы Жарғыға қол қойып, кейін «Каспийский» Банкі ААҚ оның құқықтық мұрагері болды. Бұл банк бүгінде «Kaspi bank» ретінде танымал. Сонымен қатар, Қазақстандағы аймақтық банктер ішіндегі танымал саналатын Павлодарлық «Заман-Банк» 1991 жылдың 6 маусымында құрылған болатын

Бұл кезең еліміздің дамуы үшін күрделі болғаны анық. Еліміздің тік тұруына алғашки нық кадамдар жасалып, жас мемлекеттің қалыптасуына жаңа алғышарттар болса да, жүртішлік көптеген ауыртпалықтар көргені жасырын емес. Бүгінгі күнде республикамыздың жетістіктері туралы жазу да, айтуда да оңай. Басынан өткен азаматтар ғана сол оқиғаны оку арқылы есіне түсіре алады.

## **1992 ЖЫЛ: ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ АЛҒАШҚЫ БЕЛЕСТЕР**

Тәуелсіз Қазақстан алғашқы күннен бастап әлемдік қауымдастық арасында беделге ие болу мүмкіндігін қарастырды. Бұл күрделі қимылдар болса да, жаңа мемлекеттің танылуы, елімізді өзге мемлекеттердің мойындауы жас елдің негізгі басымдығы мол шара еді.

1992 жылы мемлекеттің көптеген ықпалды халықаралық және аймактық үйімдарга мүше болып қабылдана бастады. Осы жылдың 30 қантарында еліміз 2010 жылы төрағалық еткен, қауіпсіздік мәселесімен айналысадын әлемдегі ірі және ықпалды аймактық үйім саналатын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымактастық жөніндегі үйімға мүше болды. Атамыш үйім мүшелігіндегі белсенді қимылдар көрсеткішінің негізгі нәтижесі ретінде 11 жылдық үзілістен кейін елордамызыда саммит үйімдастырып, Астана Декларациясын қабылдау сол кезеңдегі орындалmas армандаид еді. Солтүстік Америка, Еуропа және Орталық Азияның 56 мемлекеттің біріктіретін, Ауғанстан, Монголия, Оңтүстік Корея, Таиланд, Жапония, Австралия, Алжир, Египет, Израиль, Иордания, Марокко, Тунис секілді ынтымактас әріптестері бар үйімның беделін және дамуындағы үшінші кезеңді бастаған Қазақстан еді.

Жалпы бұл үйімның тарихы ұзақ кезеңді алып жатыр. Алғашқы қимылдарды Кеңес деп бастаған үйімды шақыру КСРО мен Еуропаның социалистік елдері және АҚШ пен Канадаңың әскери қарама-қайшылықтарды алдын алу және Еуропадағы қауіпсіздікті күшешту негізіндегі бастама арқау болды. Кеңес уш кезеңде өтті:

1973 жылдың 3-7 шілдесі - Хельсинки - сыртқы істер министрлерінің кеңесі;

1973 жылдың 18 қыркүйегі - 1975 жылдың 21 шілдесі - Женева - Қорытынды акт мәтініне ұсыныстар, өзгерістер енгізуге келісім жүргізу;

1975 жылдың 30 шілдесі - 1 тамызы Финляндия астанасы Хельсинкіде 35 елдің басшылары Кеңестің Қорытынды актына (Хельсинки келісімі) қол қойды. Бүгінде бұл үйімның төмендегідегі негізгі органдары бар: Саммит (жоғары деңгейдегі бас қосулар); сыртқы істер министрлерінің Кеңесі; төраға басшылығымен ететін тұрақты кеңес; қауіпсіздік саласындағы ынтымактастық форумы (апта сайын Вена қаласында кездеседі); ұлттық азшылықтар істері жөніндегі Жоғарғы комиссар; ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттары мен адам құқықтары жөніндегі бюро; ЕҚЫҰ-ның парламенттік ассамблеясы; БАҚ, бостандығы жөніндегі өкіл.

Еліміз 2 наурызда халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мен бекіту, мемлекеттер арасындағы ынтымактастықты даму бағытында құрылған Біріккен Ұлттар Үйіміна мүше болып қабылданды. Осы

ұйымның негізгі қызметі мен құрылымы II Дүниежүзілік соғыс жылдарындағы жетекші антигитлерлік коалиция қатысушыларымен дайындалды. «Біріккен Ұлттар» атауы бірінші рет 1942 жылдың 1 қаңтарындағы Біріккен Ұлттар Декларациясында қолданылды. БҰҰ Жарғысы 1945 жылдың сәуірі мен маусымы аралығында өткен Сан-Франциско конференциясында бекітіліп, 1945 жылдың 26 маусымында 51 мемлекет өкілдері кол қойды. Ал бұл Жарғының заңдық күші енген 24 қазан Біріккен Ұлттар Ұйымының күні деп аталып өтеді. Ұйым құрылымы төмөндегідей: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, Хатшылық, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Қамқорлық жөніндегі кеңес, Халықаралық сот. Сонымен қатар, Әлемдік банк, МАГАТЭ, ЮНЕСКО, Халықаралық денсаулық сақтау үйімі, БҰҰ-ның балалар қоры, БҰҰ-ның өнеркәсіпті дамыту жөніндегі арнаулы мекемелері мен Халықаралық Құқық комиссиясы, Халықаралық Сауда құқығы жөніндегі арнаулы комиссиялар қызмет атқарады. БҰҰ тарихындағы оның Бас хатшылары:

Глэдвін Джебб, Ұлыбритания, (24 қазан 1945 ж. - 1 ақпан 1946 ж.);

Трюгве Хальвдан Ли, Норвегия (2 ақпан 1946 ж. - 10 қараша 1952 ж.);

Даг Хаммаршельд, Швеция, (10 сәуір 1953 ж. - 18 қыркүйек 1961 ж.);

У Тан, Бирма (30 қараша 1961 ж. - 1 қаңтар 1972 ж.);

Курт Вальдхайм, Австрия (1 қаңтар 1972 ж. - 1 қаңтар 1982 ж.);

Хавьер Перес де Кузльяр, Перу (1 қаңтар 1982 ж. - 1 қаңтар 1992 ж.);

Бутрос Бутрос-Гали, Египет (1 қаңтар 1992 ж. - 1 қаңтар 1997 ж.);

Кофи Аннан, Гана (1 қаңтар 1997 ж. - 1 қаңтар 2007 ж.);

Пан Ги Мун, Оңтүстік Корея (1 қаңтар 2007 ж. – бүтінгі күнге дейін).

Демек, осы уақытка дейін 9 Бас хатшы болса, оның төртеуі Батыс Еуропадан, екеуден Азия мен Африка және Оңтүстік Америкадан біреу.

Бүтінгі күнде БҰҰ-ның Қазақстанда келесі үйімдары жұмыс атқарады: Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ), БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ есірткі және қылмыс мәселелері жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ), БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЖКББ), БҰҰ Еріктілері (БҰҰЕ), Әйелдер қоры (ЮНИФЕМ), Халықаралық еңбек үйімі (ХЕҮ), БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі үйімі (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі (ДДСҮ), БҰҰ өнеркәсіптік даму жөніндегі үйімі (ЮНИДО), Дүниежүзілік Банк (ДБ), Халықаралық валюта қоры (ХВК), АТҚБ/ЖТҚБ жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНЭЙДС) және Қоғамдық ақпарат жөніндегі департамент (ҚАД) (Интернет-ресурс: [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)).

Осы жылдың 1-3 ақпанында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Швейцарияның Давос қаласындағы Дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысып, мемлекет және үкімет басшыларымен бірқатар кездесулер өткізді. Бұл форум негізінен халықаралық ынтымақтастықтың дамуына

багытталатын халықаралық үкіметтік емес үйым қызметін атқарады. Форум эгидасымен өтетін жыл сайынғы бұл жиын алемнің барлық елдерінде осындай іскерлік шараларды үйімдастырудың бастамашысы ретінде кімілдар жүргізеді. Еліміздің осындай үйімдармен байланысы өзге мемлекеттердің сенімін үзіліттілікке айналдырып, оның мемлекеттік миссиясын арттыруда болады.

Мемлекеттің дамыған Еуропа елдерімен ынтымактастық орнату барысында ТМД мемлекеттерімен де байланыстарын нығайта түсті. 1992 жылдың 15 мамырында ТМД-ның алты мемлекеті Қазақстан, Ресей, Армения, Қыргызстан, Тәжікстан, Өзбекстан үжымдық қауіпсіздік келісім-шартына қол қойды. Кейін 1993 жылдың 31 желтоқсанында бұл алтынынка Белорусь Республикасы қосылды.

Бірнеше күндерден кейін, дәлірек айттар болсақ, 18-20 мамырда Елбасы Н.Ә. Назарбаев АҚШ Президенті Джордж Буштың шақыруымен Америка Құрама Штаттарына алғашқы ресми сапар шекті. Бұл сапар Қазақстан-Америка катынастарының негізін қалаған, екі мемлекет басшылары елдері арасындағы жаңа катынастардың орағандығы туралы айтты.

Осы жылдың 7 мамырында Қазақстанның дербес Қарулы күштері құрылды. Елбасымен бірге Қарулы күштердің қалыптасуына Сабадат Қожахметұлы Нұрмагамбетовтың (1924 жылы туылған) көсқан үлесі зор. Бүгінгі қазақ армиясында құрлық күштері, әуе қорғанысы күштері және аскери-теніз күштері нығая түсті.

22 мамыр күні Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Үйімінің Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Үйімы ЮНЕСКО-ға (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization - UNESCO) мүше болып қабылданды. Үйім 1945 жылдың 16 наурызында құрылып, штаб-пәтері Париж қаласында орналасты. Бүгінде үйімнің 193 мемлекет мүшесі және 7 әріптес-мүшесі бар. 182 мүше мемлекеттердің Париж қаласында орналаскан тұрақты өкілдіктері бар екендігін айта кеткен жен. Үйім құрамында алемнің әр түкпірінде орналасқан 60 бюро мен белімшелері тұрақты жұмыс істейді. Үйім қызметі айналысатын негізгі мәселелер мыналар: білім беру мен сауатсыздық саласындағы дискриминация мәселелері; ұлттық мәдениетті зерттеу мен ұлттық кадрларды даярлау; әлеуметтік ғылымдар, геология, океанография мен биосфера мәселелері. ЮНЕСКО-ның басты назарында Африка мен гендерлік теңсіздікте бар.

1992 жылдың 25 мамырында Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласында екі Елбасы Н.Ә. Назарбаев пен Б.Н. Ельцин Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында достық, ынтымактастық

және өзара көмек туралы шарт және Байқоңыр гарыш айлағын пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қойды. Ғылыми-техникалық прогрестің белгісі, алғашкы жер серігі ұшқан, адамзат тарихында тұңғыш адамның гарышқа аттануы, гарыш саяхатшысының тұңғыш сапары өткен Байқоңыр гарыш айлағының Сыр елі ушін орны ерекше.

1992 жылдың 4 маусымында мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музикалық редакциясы туралы» Зандарға қол қойды. Осы күннен бастап Қазақстан әлемге бүгінгі күндегі мемлекеттік рәміздерімен таныла бастады.

20 маусым күні Қазақстан Республикасы Түркі мәдениетін және өнерін дамыту мәселелері жөніндегі бірлескен Комитетіне (TİÖRKSÖI - TÜRKSOY (турікше: Türk Kültür ve Sanatları Ortak Yönetimi, TÜRKSOЙ)) енді. Бұл ұйымның негізгі мақсаты түркі халықтарының материалды және мәдени ескерткіштерін болашақ ұрпаққа қалдыру және сақтау болып табылады. Штаб-пәтері Анкара қаласында орналаскан. Бүгінде бұл ұйым ЮНЕСКО-мен ресми байланыс орнатқан.

26 маусымда Қазақстанның Халықаралық Валюта қорына, Дүниежүзілік даму және қайта құру банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық даму ассоциациясына мүше болу туралы зандары қабылданып, қазақ экономикасының алға жылжуға мүмкіндіктер туындаады.

Осы жылдың қыркүйек айының 18 күні «Қазақстан» мемлекеттік теле-радио тарату компаниясының негізі қаланды. Бүгінгі «Қазақстан» Ұлттық телеарнасын, Қазақ радиосын және аймақтық телерадиокомпанияларды біріктіретін «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы еліміздің электронды бұқаралық ақпарат құралдары арасында ерекше орын алады. Бұл мекеме өзінің қалыптасуында бай тарихқа ие және Қазақстан журналистикасының үздік дәстүрін мұра етіп келеді. Мұның бастауында 1922 жылы негізі қаланған Қазақ радиосы мен 1958 жылы құрылған республикалық бірінші телеварна тұр. Тұрғындарды қамту жағынан алдыңғы орынды иемденетін телеварнаның мемлекеттік ақпараттық саясатын жүзеге асырудагы орны зор.

Қыркүйектің 29-30 күндері қазақтардың бірінші Құрылтайы өтті. Бірнеше күндерден кейін 2 қазан күні ТМД-дағы жаңа типтегі алғашкы жоғарғы оқу орны Қазақстанның менеджмент, экономика және болжай институты (КМЭБИ) студенттерге сабабын жүргізе бастады. Әр түрлі мәдениет пен ұлт студенттерін оқытатын тәуелсіз, коммерциялық емес білім беру мекемесі 1992 жылдың 14 қантарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қаулысымен құрылған

болатын. Ал 1994 жылдың маусымында Іскер Экімшілдік магистратурасы бағдарламасы студенттерінің алғашқы бітіру рәсімі болды.

Осы жылдың 28 қазанында Елбасы Н.Ә. Назарбаев БҰҰ Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шарапары жөніндегі кеңесін (АФСШК) шақыру идеясын жариялады. Бұл үйім Азия құрлығындағы мемлекеттердің өзара байланысы мен ынтымақтастығын нығайтуды мақсат етіп қойып, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуды міндеттенеді. Мүшелігінде 20 мемлекет, 9 бақылаушы елдер мен 4 бақылаушы халықаралық үйымдармен байланыс жасайтын кеңестің бірінші саммиті 2002 жылдың 4 маусымында Алматы қаласында өткен болатын.

Бұл жылы банк құрылымында «Нұрбанк» және «Азамат Банк» пайда болды. Бұрынғы Чимкент қаласы Шымкент, Целиноград Ақмола болып қайта өзгертілді. Сонымен бірге, 1985 жылдан Үкіметаралық аймақтық үйім болып есептелетін Экономикалық Ынтымақтастық Үйымына еліміз мүше болды.

Қарап отырсаңыз, жас мемлекеттің алға қойған максаттары мен міндеттері, бастамалары әлемдік қауымдастықтағы бейбітшілікті колдайтындығын танытып, Қазақстан барлық мәселелерді тек ынтымақтастықпен шешуге болатынын үндегендей.

## 1993 ЖЫЛ: ТЕНГЕНИЦ АЙНАЛЫМҒА ЕНУІ - ЕЛ ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒА

1993 жылдың 4 қантарында Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында Орта Азия мемлекет басшыларының кездесуі барысында Елбасымыздың ұсынысымен тараптар Арады корғау халықаралық қорын құру туралы шешім қабылдады.

Бірнеше күндерден кейін Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі 28 қантарда егемен Қазақстан Республикасының бірінші Конституациясын қабылдады. Ал осыдан екі жыл кейін 30 тамыз күні Қазақстан Республикасының жаңа Ата заны қолданыска енді. Қазақстан Республикасының Конституациясы – демократиялық, өркениеттік дамуды таңдаған мемлекет пен қоғамның ең негізгі, жоғарғы нормативтік құжаты. Ол негізгі заң болғандықтан, бүкіл заңнаманың қайнар көзі больш табылады. 1993 жылғы Конституция бірінші рет халықтың талтық сипатынан бас тартады.

1993 жылдың 16 ақпанында Алматы қаласында БҰҰ өкілдігі ашылды. 18 сәуір күні Алматы қаласында әлемнің 30 мемлекетінің ірі халықаралық және ұлттық компаниялары, фирмалары мен банктерінің басшыларын жинаған Бұқіләлемдік экономикалық форум етті.

Осы жылдың 5-7 маусымында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Стамбул қаласында өткен Экономикалық ынтымақтастық үйіміна (ЭҮІҮ) қатысушы-мемлекеттер басшыларының екінші кездесуіне қатысты.

Бұл жылдың негізгі жаңалығы – 15 қарашадан бастап ұлттық валютамыз теңгенің енуі еді. КСРО-ның 500 сомына тәң 1 теңге алғашында Ұлыбританияда басылып шықса, алғашқы тиындар Германиядан шығарылды.

Алғашқы теңгеде қазақ халқының ұлы тұлғаларының бейнелері тұрды. Мәселен, 1 теңгеде философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика және музика зерттеушісі, әлемнің екінші ұстазы - Әбу Насыр әл-Фараби (870-950); 3 теңгеде қазақтың әйгілі ақыны, айтис өнерінің майталман жүйрігі – Сүйінбай Аронұлы (1815-1898); 5 теңгеде қазактың ұлы күйши-композиторы, аспапты музика өнерінің класигі Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896); 10 теңгеде қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан (Мухаммед Қанафия) Ұәлиханов (1835-1865); 20 теңгеде ақын, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904); 50 теңгеде 1718-1748 жылдары билік құрған Кіші жұз ханы Әбілқайыр (1693-1748); 100 теңгеде қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері Абылай хан (1711-1781) бейнеленді. Кейінгі теңгелерге ұлы философ әл-Фарабидің

бейнелері көрініс тапты. Ұмыт болып бара жатқан бабаларымыздың бейнелері халқымыздың санасында осылайша жаттаға бастады.

Ұлттық валюта 2006 жылы жаңа дизайнда дайындалып, қолданысқа 200-ден 10000 дейінгі номиналда шықты.

Осы жылы Қазақстан Республикасының маралаттау жүйесіңін калыптасып, республикамыздың мемлекеттік наградалары туралы Елбасы Заны шықты. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтында көрсетілгендей, еліміздің мемлекеттік наградалары төмөндегідей: **Жоғары дәрежелік ерекшелік белгілері:** «Алтын Қыран» орден жүлдізі 1995 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар Қазақстан Республикасына сінірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін маралатталады. «Алтын Қыран» орденімен наградтауга лайықтыларды Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды. Қазақстан Республикасы Президентінің өзі лауазымы бойынша ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденінің иегері болып табылады. Орден жүлдіздан және ілмекті алқалық белгіден тұрады; «Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы белгіленген. Атак Қазақстан Республикасына сінірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі - Алтын жүлдіз және «Отан» ордені тапсырылады; «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы 2008 жылғы 1 желтоқсанда бекітілді. «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Қазақстан Республикасын экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін беріледі. «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жүлдіз және «Отан» ордені тапсырылады.

**Ордендер:** «Отан» ордені 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі; экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін маралатталады; «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен Қазақстан Республикасының калыптасуына, көркөюіне және даңқын шығаруға жәрдемдескен, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасының азаматтары наградталады. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен Қазақстан Республикасына сінірген айрықша еңбегі үшін шет мемлекеттер мен олардың үкіметтерінің басшылары наградталуы мүмкін. Орден жүлдіздан және иыққа асатын лентадағы белгіден тұрады; «Барыс» ордені 1999 жылы белгіленді. Бұл орденмен маралаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен

Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байтуға; мемлекеттер арасындағы достық катынастарды дамытуға сінірген еңбегі үшін жүргізіледі. «Барыс» орденінің үш дәрежесі бар; «Данқ» ордені 1993 жылы белгіленді. «Данқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзіrlігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады. «Данқ» орденінің екі дәрежесі болады; «Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін; әскери және қызмет бабындағы парызын отеудегі көрсеткен батылдығы мен жаңқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады. «Айбын» орденінің үш: I, II және III дәрежелері болады. I және II дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамдағы адамдар марапатталады. III дәрежелі «Айбын» орденімен солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прaporщиктер мен мичмандар марапатталады; «Парасат» ордені 1993 жылы белгіленді. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады; «Достық» ордені 1995 жылы белгіленді. Орденмен азаматтар қоғамдағы ұлтаралық және азаматтық татулықты сақтау жөніндегі жемісті жұмысы үшін халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сінірген еңбегі үшін марапатталады. «Достық» ордені екі айрымнан тұрады; «Күрмет» ордені 1993 жылы белгіленді. Орденмен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білімді дамытуға сінірген еңбектері үшін, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

**Медальдар:** «Шапагат» медалі 1993 жылы белгіленді. «Шапагат» медалімен азаматтар белсенді және жемісті қайырымдылық қызметі мен мейір-шапағаты үшін наградталады; «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі 1995 жылы белгіленді. Медальмен Қарулы Күштердің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ишкі және Шекара әскерлерінің әскери қызметшілері, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері әскери белімнің, бөлімшешің әскери міндеттерді ойдағыдан орындаудына жәрдемдесетін ұрыс кезіндегі, сондай-ақ қылмысқа қарсы құрестегі білгір, алғыр әрі батыл қымылы үшін; мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін; қызметін өтеу барысында сіңірген еңбекі үшін маралатталады; «Ерен еңбекі үшін» медалі 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі жеткен табыстары үшін маралатталады; «Ерлігі үшін» медалі 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар төтенше жағдайларда (суда, өрт, табиғат апаты кездерінде) адам өмірін құтқаруға байланысты көрсеткен, қылмысқа қарсы құресте көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін маралатталады.

**Құрметті Атақтар:** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атагы 1993 жылы белгіленді. Құрметті атақ республикаға сіңірген зор қызметі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылымның, мәдениеттің өнердің, өндіріс пен әлеуметтік саланың өкілдеріне беріледі; «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атагы 1993 жылы белгіленді. Атақ ғарышқа ұшудың тапсырылған бағдарламасын ойдағыдан жүзеге асырған, алдарына қойылған ғылыми-техникалық, зерттеушілік және практикалық міндеттерді үлгілі орындаған азаматтарға беріледі. Сонымен бірге, көп балалы аналарға арналған наградалар, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы, мерейтой және естелік медальдары көрсетілген (Караңыз: [http://www.akorda.kz/kz/president/state\\_awards](http://www.akorda.kz/kz/president/state_awards)).

1993 жылдың 13 желтоқсанында Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясында Қазақстан Парламентін мерзімінен бұрын өзін өзі тарату шешімі қабылданды. Еліміз 1994 жылдың 7 наурызында өткен бірінші Парламент сайлаудына дейін барлық өкілетілікті Президентке берді.

Осы жылы отандық банк кеңістігінде «Альянс Банк», «Техакабанк» және «Нефтебанк» құрылды.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы екінші жылы осындай ерекше оқиғалармен есте қалды. Жас мемлекет танымалдылығы үшін бұл біршама күрделі шаралар еди.

## 1994 ЖЫЛ: МОДЕРНИЗАЦИЯНЫҢ ЖАҢА ІЗДЕНІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

1994 жылы жас мемлекет даму жолындағы сәтті кадамдарды жалғастыра түсті. Қазақстанның көптеген мәселелерге өз көзқарасы бар екендігі айқындалды. Өркениетті демократиялық қоғам құруға үмтүлған еліміздің реформаларды терендету, жалпылттық келісім арқылы жаңағарған Қазақстан құру бастamasы жалғасын тапты.

1994 жылдың 14 ақпанында еліміз Атом энергиясы бойынша Халықаралық Агенттікке (МАГАТЭ) кірді. Бұл агенттік БҰҰ-ның 1954 жылдың 4 желтоқсанындағы шешіміне сәйкес құрылды. Өз қызметінің туралы баяндаманы жыл сайын БҰҰ Бас Ассамблеясы мен қажеттілігіне қарай БҰҰ Қауіпсіздік Конференциясынан 1956 жылдың 26 казанындағы Нью-Йорктегі құрылтайшылық конференцияда бекітіліп, заңдық күшін 1957 жылдың 29 шілдесінде иеленді. Агенттіктең негізгі қызметтері мыналар: атом энергиясын бейбіт жолда қолдану зерттеулерін марапаттарап отыру; ғылыми жетістіктер және әдістермен алмасуды қолдау; азаматтық ядролық бағдарламалардың әскери мақсаттарда қолданбау кепілдігі жүйесін қалыптастыру және қолдану; деңсаулық сақтау мен қауіпсіздік саласындағы нормаларды бекіту және дайындау т.б. МАГАТЭ тарихындағы оның Бас директорлары:

Стерлинг Коул, АҚШ (7 қазан 1957 ж. - 6 қазан 1961 ж.);  
Сигвард Эклунд, Швеция (6 қазан 1961 ж. - 30 қараша 1981 ж.);  
Ханс Бликс, Швеция (1 желтоқсан 1981 ж. - 30 қараша 1997 ж.);  
Мохаммед аль-Барадеи, Египет (1 желтоқсан 1997 ж. - 30 қараша 2009 ж.);

Юкио Амано, Жапония (2009 жылдың 1 желтоқсанынан бастап).

Осы күні Қазақстан ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, шілдеде Алматы қаласында Қазақстан мен МАГАТЭ арасында ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа байланысты кепілдіктер беруді қолдану туралы келісімге кол қойылды.

13 мен 19 ақпан аралығында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына ресми сапары басталды. Келіссөздер нәтижесінде Қазақстан және АҚШ Президенттері Демократиялық серіктестік хартиясына қол қойды. Жалпы екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың тарихы 1991 жылдың 25 желтоқсанындағы АҚШ-тың ҚР мемлекеттік егемендігін мойындаудан басталады. Нәтижесінде 1992 жылдың 15 қыркүйегінде АҚШ-тың еліміздегі елшілігі ашылса, сол жылдың 30 қазанында еліміздің АҚШ-тағы елшілігі жұмыс жасай бастады. Осы іссапар кезінде Елбасы 16 ақпан күні Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Хатшысы Бутрос Б. Галимен кездесуі өтті. Бұл кездесу барысында

Н.Ә. Назарбаев БҮҮ Бас Ассамблеясына постконфронтациялық кезең бойынша арнайы сессиясын шакыруға ұсыныс жасады.

1994 жылдың 7 наурызында еліміздің парламентаризмін дамытудың бастауы болған, 177 депутаттан құралған жаңа парламенттің сайлауды өтті. Осы жылдың сәуірінен бастап жаңа Парламент өз жұмысын бастады. 1995 жылдың наурызындағы саяси дағдарыс және оның салдары жаңа Парламенттің бір жылға жетпей жұмыс жасауына кедері келтірді. Заңсыз деп танылған Заң шығарушы орган таратылып, Қазақстан тағы да Парламентсіз қалды.

28 мен 30 наурыз аралығында Ресей Федерациясымен халықаралық қатынастар жүргізу жұмыстары жанданып, саяси, экономикалық және әскери салалардағы әріптестік жөніндегі маңызды 22 құжатқа қол койылған Елбасының Ресейдегі арнайы сапары өтті. Бұл ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 22 қазанында басталған болатын. Екі ел арасындағы достық, әріптестік, өзара көмек жөніндегі базалық халықаралық құжаттар көтеп саналады. 2003 жылы Ресейде Қазақстан жылы деп аталып өтсе, 2004 жылы Қазақстандағы Ресей жылы өткізілді. Осы тарихи кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде баяндама оқып, Евразиялық одақ идеясын ұсынды.

26 сәуірде Алматы қаласында Елбасы Н.Ә. Назарбаев және Мемлекеттік Кенес премьері Ли Пэн Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақ-қытай шекарасы туралы Келісімге қол қойды. Екі ел тарихында бірінші рет мемлекеттік шекараны делимитациялау және деморкациялау процесі жүрді. Жалпы біздің ел осы жылдар аралығында көрші мемлекеттермен шекараларды реттеу бойынша бастамашы бола білді. Мәселен, 1996 жылдың 26 сәуіріндегі Қытай, Ресей, Қазақстан, Қыргызстан және Тәжікстан елдерінің Шанхайдары тарихи Келісім болып табылатын шешімде мемлекеттік шекара шенберіндегі әскери мәселе бойынша сенім шаралары қалыптасты. Бұл «бестіктің» Келісімі Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымының құрылуына дейін кеңейді. Сонымен қатар еліміз шекараларды делимитациялау бойынша Қыргызстан (2001), Өзбекстан (2002), Түркменстан (2003) және Ресей (2006) елдерімен келісімдерге жетті.

1994 жылдың 27 мамырында Қазақстан НАТО-ның «Бейбітшілік үшін әріптестік» (Партиёрство во имя мира, Partnership for Peace, PfP) бағдарламасына 19-шы мүшес-мемлекет ретінде қол қойды. Бұл бағдарлама ұйымға мүше емес мемлекеттердің НАТО-мен әскери келісімі шенберінде құрылған. Бұгінде бұл бағдарламаға әлемнің 22 мемлекеті қатысады.

кезең тудың 1995 жаңа даңсыз ты да  
ралық және а кол индағы талған ғандегі есесіде жылы оносов оқып, және Қытай пісімге караны ел осы йынша Қытай, айдағы шекара ты. Бұл ылуына үшінша (3) және

ік үшін e, PfP) и. Бұл келісімі млекеті

6 шілдеде Қазақстан Жоғарғы Кеңесі астананы Алматы қаласынан Ақмолаға көшіру жөніндегі қаулыны қабылдады. Кейін осы оқиғаға байланысты 2008 жылдың 18 шілдесінде Елорда күні белгіленді.

Осы жылдың 5 желтоқсанында Будапешт қаласында Ұлыбритания, Ресей және АҚШ басшылары Қазақстан Республикасына қауіпсіздік кепілдігін беру туралы Меморандумға қол қойды. Бұл күндері Кеңес атауын иеленіп келген ЕҚЫК, Ұйым дәрежесін иеленіп, ЕҚЫҰ атанды. Будапешт саммиті «Ванкуверден Владивостокқа дейін» принципін енгізді.

Бұл жылы еліміздегі модернизациялық процестердің дәстүрлі құрылымдары және оның мәселелері мен шешу әдістері айқындалды. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының мақсаттары мен стратегияларының негізі қалана бастады. Осы жылы Президенттік және парламентаризм институттарының Қазақстан Республикасындағы модернизациялық процестерге ықпалы, заңдылықтары мен ерекшеліктері корініс таба бастады. Демократиялық құндылықтары айқындала бастаған, модернизацияның жаңа жолдары ізденісіндегі Қазақстан Республикасының табысты жылы болғаны анық.

## **1995 ЖЫЛ: РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫҢ НЫШАНЫ**

1995 жыл алғашкы күндерінің басты жаңалығы Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа төлқұжаттар мен жеке күзліктерін алу болды. Жеке күзліктің тарихы – бұл адамзат қауымының ежелгі дүниедегі (ауызша күәландыру, дене әшекейі (татуировкалар), таңбалар) және казіргі күндердегі (төлқұжаттар, суретпен берілген қағаздар, өту қағаздары, бейдәждер және т.б.) өмірінің тарихы. Демек, адамзат тарихында адам күәландыратын бейнелік құбылыстар көптеп саналған.

1995 жылдың 20 қаңтарында Ресей астанасы Мәскеу қаласында Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Президенті Б.Н. Ельциннің арасында келіссөздер өтті. Келіссөздер барысында Қазақстан-Ресей ынтымактастырын кеңейту және терендету туралы декларацияға, Қазақстанда тұрақты тұрып жатқан Ресей Федерациясы азаматтарының және Ресей Федерациясында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесі туралы екі ел арасындағы келісімге, Ресейге тұрақты тұру үшін көшіп барған Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп барған Ресей Федерациясы азаматтарының азаматтық алу тәртібін жөнелдету туралы КР және РФ арасындағы маңызды келісімдерге қол қойылды.

Осы жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатындағы мемлекет басшысының кеңесші органы ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Негізінен мұндай ұйымды құру идеясы тәуелсіздігіміздің бірінші жылындағы Қазақстан халықтарының Бірінші Форумында Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқан болатын. 2007 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталады. Өзінің 15 жылдық тарихында Ассамблея ұлтаралық қатынастардың беделді қоғамдық институтына айналды. Елімізде 100-ден аса ұлттық мектептер, 23 ана тілі оқытылатын 170 жексенбілік мектептер қызмет атқарады. Қазақстанда 4 республикалық және 15 аймақтық ұлттық газеттер, 6 ұлттық театrlар (казақ, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, өзбек) бар. Еліміздегі тұрақтылық пен келісімнің негізі бола білген Ассамблея қызметі жоғары бағаға да ие. Ассамблея 1995 жылдың 25 наурызында еліміздегі қоғамдық біrlікті сақтау және саяси, әлеуметтік жағдайлардың басқа ағымдағы терең өзгерістерін болдырмау мақсатында КР Президентінің өкілеттілігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі республикалық референдумның қажеттілігі жөніндегі резолюцияны қабылдады.

Осы резолюцияның нәтижесінде 29 сәуір күні Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттілік мерзімін ұзарту бойынша республикалық референдум өтті. Референдум (латынның - referendum) – тікелей демократияның маңызды институты, жалпы мемлекеттік, аймақтық немесе жергілікті деңгейдегі маңызды мәселелерді бүкілхалықтық талқыға салу арқылы дауыс беру. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бірінші референдум көпшілгінде Қазақстан халқының Елбасы саясатын қолдайтындығын көрсетті. Референдумның нәтижесі бойынша сайлаушылардың 95,4 пайзызы қойылған мәселені қолдады.

30 тамыз күні ел тарихындағы екінші жалпы республикалық референдум өтіп, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Көп жылдар бойы адамның құқықтары мен бостандықтары түсінігінде сипаттамалық белгілері боямаланып келді. Қоғам мүшелеріне құқық – бұл пролетариат пен партия мүддесі деп санаға құйылды. Шынында құқық адам табиғатына тән бостандық нормалары екендігін тәуелсіздік алғаннан кейін ұғынғанымыз рас.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы», – деп басталатын біздің Конституциямыздың осы сөздерде жаңа ашық азаматтық қоғам орнатуды мақсат еткен халқымыздың тарих сабактастыры тогысып жатыр. Ол елімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз ететін және кепілдік беретін өте маңызды құжат. Осы Бүкілхалықтық референдумда қабылданған қолданыстағы Ата Заңымыз елімізде экономикалық және алеуметтік, саяси реформаларды жүзеге асырып, қоғамды демократияландыру ісінде өзінің жасампаздығынан Қазақстан халқына қызмет етіп отыр.

Осыдан он алты жыл бұрын елімізде демократиялық бастауларға сүйенген Конституциялық құрылыштың қалыптасу үдерісі басталып, жаңа мемлекеттік институттар құрыла бастады. Конституция мемлекеттік құқық жүйесін реформалаудың базасы болды. Қоғам, мемлекет және тұлғаның өзара байланысының конституциялық-құқықтық ауқымы кеңейді. Мемлекеттік институттарды конституциялық реформалау адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталып, жоғары халықаралық-құқықтық стандарттардың саяси-құқықтық тәжірибесіне ене бастады. Бүгінде бұл Конституция тұрақтылық пен патриотизмнің іргетасын қалап отыр.

Осы жылдың 15 қыркүйегінде мемлекет астанасын Ақмола қаласына ауыстыры туралы Елбасының Жарлығы шықты. 1997 жылдың 10 желтоқсанында ресми түрде астана болған Елордамыз Астана қаласы мәртебесінің көтерілуі осы күнге сәйкес келеді. 1999 жылғы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» жүлдесін иеленген Астана шығыс пен батыс мәдениетін біріктірген, еліміздің мақтанышы мен брендіна айналған

бірігей қала. Ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Астана – жаңашылдық жаршысы, Қазақстанның динамикалы дамуының жарқын бейнесі, республикамыздың тәуелсіздік символы», - деген болатын. Сондыктан Астана бұл тек географиялық атау, инфрақұрылым және оның тұрғындары ғана емес, ол тәуелсіз Қазақстанның маңтынышы. Еуразия жүргегіндегі бас қаламыздың брендтерін қалыптастыру және жаңа миссияларын анықтау Елорданы әлемге танымал ету жолындағы орындалатын міндеттер болып табылмақ. Бұл шарыға қатысты біршама қимылдар да жүргізілгені баршамызға белгілі.

28 қыркүйек күні Елбасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы туралы Жарлыққа қол койды. Осы заңға сәйкес, парламент екі палатадан тұратын болды. Ал желтоқсан айының 5, 9 күндері Қазақстан Республикасының бірінші екі палаталы Парламенті сайланды. Жаңа заң бойынша Сенатта 47, Мәжілісте 67 депутат болды. 1995 жылдың 7 желтоқсанында 1990 жылдан бері үшінші, тәуелсіздік алғаннан кейінгі екінші Қазақстанның жана Парламентіне сайлау өтті. Бұл Парламент 1999 жылға дейін жұмыс жасады.

12 желтоқсанда Гвинея астанасы Конакри қаласында өткен ИКҰ мүше елдер сыртқы істер министрлерінің конференциясында Қазақстан Ислам конференциясы үйіміна кірді. 1969 жылдың 25 қыркүйегінде Рабат қаласында өткен мұсылман елдері басшыларының Конференциясында әлеуметтік, экономикалық және саяси саладағы ислам ынтымақтастыры колониализм, неоколониализм және расизмге қарсы құрес жүргізетін үйімінде қажеттілігі туралы баяндады. ЕҚЫҰ-ның төрағасы ретінде өзінің мол қызметін атқарған Қазақстан 57 мемлекетті біріктірген бұл үйімінде осы жылғы төрағасы жылдарында мұсылмандардың ресми халықаралық үйімінде жұмысын жандандыра түсетеңіне сеніміз мол. Ресей, Босния және Герцеговина, Орталық Африка Республикасы, Таиланд, Солтүстік Кипрдың Туркиялық Республикасы секілді бақылаушылары үйім қызметінің жоғары деңгейде деп бағалауда.

Президенттің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылуы тәртібі туралы» Жарлығына сәйкес ресми айырым белгілері мен орналасатын жерлері белгіленеп, Президенттік биліктің рәміздері бекітілді. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы № 2733 Конституциялық заңының 6-бабының, 1-тармағы бойынша: «Республика Президентінің айырым белгілері - Қазақстан Республикасы Президентінің омырауга тағатын белгісі мен байрағы болады». Қазақстан Республикасы

Президентінің байрагы - мемлекет басшысының жоғары лауазымдық белгілерінің бірі. Ол мемлекеттік түмен түстес көгілдір түсті, тікбұрыш нысанындағы ені мен ұзындығы үштен екіге сәйкес келетін кездеме. Ортасында қанатты барыстың үстінде он қолын жоғары көтеріп отырган сақ дәуірінің жас көсемі алтын шенбер ішінде бейнеленген. Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Сабына КР Президентінің мемлекеттік тілде тегі, есімі мен экесінің аты және сайланған уақыты өрнектеліп жазылған күміс тақтайша бекітіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің байрагы үнемі Елбасының жаңында болады және шет елге сапарга шыққанда бірге алып жүреді (Қараныз: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)).

Сонымен катар, 1995 жыл қазактың ұлы ақыны Абай жылы болып белгіленді. Философ, жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың әлеуметтік-саяси, антропоцентристік, гуманистік қозқарастарының орны ерекше. Оның әрбір поэмалары, қара сөздері, өлеңдері мен аудармаларының негізгі мәнін тереңін түсіне алсақ, өткен заманды, елдің жайын, халық тағдыры мен арманын ұхынамыз. Сол арқылы қазіргі кезеңді, кешегі мен бүтінді, болашағымызды айқындаі аламыз. Сондықтан бұл жылдың Абай мұраларын насиҳаттаудағы орны ерекше болды.

Бұл жылы еліміздің банк жүйесінде АТФ Банк, ABN AMRO Банк құрылды.

Жалпы еліміздің негізгі Ата Заңының қабылдануы халықтың, мемлекеттіміздің ең басты байлығы болып табылатындығын көрсетті. Елдегі жаңғыру стратегиясын жүзеге асыру қазақстандықтардың білімі мен білігіне, рухани болмысы мен әлеуметтік көңіл-күйлеріне байланысты екендігі анықталды. Сындарлы саясаттағы ішкі тұрақтылық пен сыртқы байланыстардың нығаюы мемлекет басшысының ықпалы мен іскерлігінің көрсеткіші.

## **1996 ЖЫЛ: ТӘҮЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ БЕС БЕЛЕСІ**

1996 жылдың 9 қаңтарында Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі бекітілді. Бұгінде құрамында 7 мүшесі бар кеңестің төрағасы И.И. Рогов. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы бойынша:

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің етініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізу дұрыстыры және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды.

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Конституциялық Кеңес конституциялық заңнаманы қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. Оның қызметі – қазақстандық заңнаманың Негізгі Заңының рухына және әрпіне сәйкес келуінің берік кепілі».

1996 жылдың 30 қаңтарында жаңа қос палаталы Парламенттің бірінші сессиясында Сенат пен Мәжіліс төрағалары сайланды. Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары өкілді органды болып табылады. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы анылған сәттен басталады және жаңа сайланған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады. Парламент тұракты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат пен Мәжілістен тұрады. Сенатты әрбір облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында екі адамнан сайланатын депутаттар құрайды. Сенат депутаттарының тәң жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланады. Сенаттың жеті депутатын Республика Президенті тағайындейды. Парламенттің бірінші сайланымының өкілеттік мерзімі – төрт жыл. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі 1998 жылғы қазаннан бастап – алты жыл (<http://www.parlam.kz>).

Казақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші отырысында Казақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Өмірбек Байгелди (1939 жылы туылған) Сенаттың Төрағасы болып сайланды. О. Байгелди экономика ғылымдарының докторы, Казақстан Республикасы Ауылшаруашылығы ғылымдары академиясының академигі. Орталық Азия мемлекеттері үйімінің мүшесі. Литва Республикасының Сеймімен ынтымақтастық тобының мүшесі. «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет», «Отан» ордендерімен, ТМД елдерінің «Содружество» орденімен, бес медальмен марапатталған. «Қазақстанның еңбек сінірген кайраткері» құрметті атағы берілген. Бүгінде Казақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі.

Бірінші сайланған Казақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бірінші отырысында тұңғыш Мәжіліс Төрағасы болып Марат Тұрдыбекұлы Оспанов (1949-2000) сайланды. М.Т. Оспанов экономика ғылымдарының докторы, Еуразия халықаралық экономикалық Академиясының академигі. Экономика ғылымы саласы бойынша 6 кітабы шарық көрген. 2-дәрежелі «Барыс» орденімен, «Астана» медалімен марапатталған. Бүгінгі күнде Ақтөбе қаласындағы іргелі жоғарғы оку орындарының бірі Батыс Қазақстан медицина академиясына М. Оспанов есімі берілген. Ақтөбе қаласында Марат Оспанов тұрған үйге ескерткіш тақта ілініп, есіміндегі медицина академиясына қола бюст 2001 жылдың шілдесінде қойылған.

1996 жылдың 6 актапында Алматы қаласында Азиядагы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) шеңберіндегі 15 мемлекет өкілдерінің кездесуі өтті. Бүгінде бұл кеңес Азия құрлығындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық форум болып табылады. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ұсынылған бұл кеңеске 22 мемлекет мүше. БҰҰ, ЕҚЫҰ және Араб елдерінің Лигасы және 8 бақылаушы мемлекеттер арқылы қызметтін атқарытын бұл үйімнің беделі халықаралық деңгейде жоғары. Бұл шара алғашқы бастамалардың бірі болса, кейінгі жылдары мынадай негізгі кездесулер үйімдастырылған:

1999 жылдың қыркүйегі - сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі;

2002 жылдың маусымы - мемлекет немесе үкімет басшыларының бірінші саммиті;

2004 жылдың қазаны - сыртқы істер министрлерінің екінші кездесуі;

2006 жылдың маусымы - мемлекет немесе үкімет басшыларының екінші саммиті;

2008 жылдың тамызы - сыртқы істер министрлерінің үшінші кездесуі;

2010 жылдың маусымы - мемлекет немесе үкімет басшыларының үшінші саммиті.

Біздің еліміз атаптың кеңестің 2002 және 2010 жылдары аралығында төрағалық қызметін атқарса, бүтінгі күндегі төрағалықты 2012 жылға дейін Түркия атқаруда. Алдағы уақытта бұл Кеңес тек аймактаған емес, халықаралық деңгейде өз беделін жоғарылататынына сенімдіміз.

1996 жылдың 3 сәуірінде қазақ ұлтындағы Қазақстанның азаматтары ұлттық дәстүрлерге сай тарихи қалыптасқан тегі мен экелерінің атын жазуға мүмкіндік алды. Осы күннен бастап кез келген азамат өз тегінен -ов, -ев жалғауларын жазбауға құқылы болды.

27 сәуір күні Алматы қаласында Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Президенттері Каспий бойынша Бірлескен маңызды мәлімдемеге кол қойды. Құжатта Каспийдегі мұнай және газ кен орындарын игеру құқығы Қазақстанға берілсе, Ресей бұл салада барынша жәрдемдеседі деп белгіленген.

1995 жылдың 18 қазанындағы Елбасының жарлығы бойынша осы жылдың 1 мамырынан бастап Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып белгіленді. Қазақстан Республикасы саясатының негізгі басымдықтарының бірі ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтау болып табылады. 2010 жылдың 1 мамырындағы мерекелік концерттегі сезінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біздің еліміздің барлық жетістіктері – бейбітшілік пен келісімге байланысты. Элем ұлтаралық және конфессияаралық түсініспеушіліктеге байланысты апарттық зардалтар мысалына толы. Бейбітшілік пен келісімді біз тәуелсіздік жылдарында құрдық», - деген болатын. Жалпы Ресей Федерациясында Бірінші мамыр еңбек күні, көктем күні, көктем мен еңбектің мерекесі деп аталып етсе, КСРО кезеңіндегі еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күнін бүгінде әлемнің 142 мемлекеті мән береді. АҚШ, Жапония, Австралия және Жаңа Зеландия еңбек күнін басқа айларда мерекелейді. Бірінші мамыр күні Гавай аралдары Гавай билерінің күндерін, Канада балпақ күнін, Корея Будданың тұған күнін, АҚШ лоялдылық, балалар денсаулығын қорғау, құқық күндерін, Франция меруерттүл (ландыш) күнін атап өтеді.

2 шілде күні «Саяси партиялар туралы» алғашкы Заң қабылданды. Бүгінгі күнде «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 15 шілдесіндегі №344 Заңы іс жүзінде. Атаптың заңдың 1-тaraу жалпы ережелердің бірінші бабы, бірінші тармағы бойынша: «Азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биликтің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады».

10 кыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жоғарғы дипломатиялық мектебі - Дипломатиялық Академия құрылды. Бүтінгі күнде Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясы дең аталатын оку орны Әділ сот институты, Мемлекеттік басқаруды модернизациялау институты, Мемлекеттік және жергілікті басқару институты, Мемлекеттік қызметшілердің кайта даярлау және біліктілігін арттыру институты және Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебін біріктіреді.

1996 жылдың 16 желтоқсанында Алматы қаласында Ш.-А. Уәлиханов басшылығындағы авторлық ұжымның адамзатқа сыйлаган Тәуелсіздік монументі ашылды. Республика алаңындағы Қазақстанның бірінші символы болып табылатын бұл ескерткіштегі басты мақам Алтын адамның бейнесіне негізделген. Барысқа мінген алтын адам бейнесі бейнеленген монументтің айналасында қазақ даласының ежелгі тарихы толықтай қамтылған.

Осы жылы Қазақстан өз тарихында бірінші рет АҚШ-тың Атланта қаласында өткен Жазғы Олимпиада ойындарына қатысып, 3 алтын, 4 күміс және 4 кола иеленіп, жалпы командалық есепте 24 орынға тұрақтады. Алтын медальды бокстан Василий Валерьевич Жиров; грек-рим күресінен Юрий Мельниченко; бессайыстан Александр Парыгин иеленді. Күміс медальдарга келсек, бокстан Болат Жұмаділов; атудан Сергей Беляев (2 рет); ауыр атлетикадан Анатолий Михайлович Храпатый тағынды. Кола медаль иегерлері: Бокс - Ермакан Сагиұлы Ыбрайымов, Болат Ниязымбетов; күрес - Мәулен Мамыров; ату - Владимир Вохмянин.

1996 жыл қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаев жылы болып белгіленді. Бұл ЮНЕСКО шеңберіндегі екінші тұлғаның мерекелік жылы еді.

Байқап қарасақ, тәуелсіздігіміздің бірінші бес жылдығында бірнеше жетістіктерді бағындырғанымызды ұғынамыз. Бұл сол кезеңдегі жас мемлекеттің үшін сындарлы уақыт еді. Барлығымыз сол ауыртпалықтар мен қызыншылықтарды жеңе білдік.

## 1997 ЖЫЛ: АЙМАҚТЫҢ БАРЫСЫНА АЙНАЛДЫРАТЫН – «ҚАЗАҚСТАН-2030»

1997 жылдың 28 акпанында Алматы қаласында Арап теңізі мәселелеріне арналған Орта Азия мемлекет басшыларының саммиті өтті. Әңгіме Араптың халықаралық қорғау жөніндегі төңірегінде өтті. Бес мемлекет басшысы Алматы декларациясына кол қойды. Бүгінде Арап теңізінің болашағы дүние жүзі халықтарын толғандыруды. Оның жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанды ғана емес, көптеген Шығыс елдерінің тыныстırшілігіне өзгерістер әкелмек. Ал әлемдік климаттың өзгеруі, шөлге айналу, атмосферадагы ауыткушылықтар, антропогендік экокүйелердің тұрақсыздығын тудырады. Арап мәселесі соңғы жылдары географ және эколог ғалымдар арасында жиі-жиі пікірталастар туғызуда. Арап мәселесі туралы халықаралық конференциялар үйімдастырылды. Өркениетті елдер, халықаралық коғамдастықтар қаржылай көмек көрсетуде. Олар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер. Қазақстан өз тарапынан Кіші Араптың сақтаған қалу үшін көптеген жұмыстар атқарды. Екіге белінген теңіздің Қазақстандық аймағындағы Кіші Араптың деңгейі баяу болса да көтеріліп келеді. Араптеңізін қалпына келтіріп жандандыру жөніндегі бірнеше ғылыми болжамдар мен жобалар бар. Біріншісі, Сібір өзендерін Қазақстанға бұру. Екіншісі, Әмудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы суды молайту. Үшіншісі, Араптеңізін жартылай сақтаған қалу. Төртіншісі, Каспий теңізінің суын жасанды канал арқылы әкелу. Бесіншісі, жер асты суларын пайдалану. Алтыншысы, Араптеңізінің өздігінен табиғи реттеулерін немесе толысуын күту. Әрине, бұл жобалар болашактың ісі болғанымен, уақыт талабы оны күттірмейді. Оның іске асуы адамзат қауымының білімі мен біліктілігіне байланысты екені анық. Қазіргі кезде Араптың құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. «Арап тағдыры – адам тағдыры» болғандықтан, ғажайып су қоймасын оны сақтаған қалу қазіргі ұрпақтың болашақ алдындағы борышы (Караңыз: <http://ru.wikipedia.org>).

1997 жылдың 22 сәуірінде әкімшілік-территориялық құрылымды оңтайландыру мақсатында Елбасы Жарлығымен Талдықорған және Торғай облыстары таратылды. Кейін мамырдың 3-і күні облыстарды өрістету мақсатында Жезқазган, Қоқшетау, Семей облыстары таратылды. Нәтижесінде бүтінгі күндегі Қазақстандағы 14 облыс қалыптасты.

23-26 маусым күні Елбасының Н.Ә. Назарбаев Нью-Йоркте өткен экология және орныкты даму жөніндегі БҰҰ Бас Ассамблеясының XIX арнайы сессиясына қатысты.

Елбасы 1997 жылдың 10 қазанында Қазақстан халқына арналған ең алғашқы «Қазақстан-2030». Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі,

кауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты жыл сайынғы Жолдауын арнады. 1997 жылы дамудың ұзак мерзімді басым мақсаттары айқындалып, оларды іске асыру стратегиясы жасалды. Даму стратегиясында халықтың өсіп-өркендеуін, кауіпсіздігін және әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету үшін ұзак мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет болды: Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы, халқымыздың деңсаулығы мен әл-ауқаты, энергетика ресурстары, инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс, кәсіби мемлекет.

Белгілі қоғам қайраткері Ә. Кекілбайдың шілдесінде: «Елбасы дамуымыздың 2030 жылға дейінгі стратегиясы Қазақстан халқының қоғамынан сенім ұяллатты. Президенттің Н. Назарбаевтың әрбір пайымдаулары мен парасатты ой-толғамы азаматтардың жеке әрекеттеріне терең серпіліс пен өзгеріс әкелгенін айта кеткеніміз жөн. Бұл Жолдаудан басты туындастырылған түрлі халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаруы тиіс. Отпелі кезеңнің қындықтарын тілге тиек етсек те, берілген тапсырмаларды орындауда салғырттық қажет болмады. Орта Азияның Барысы атану да оңай емес екені де белгілі. Экономикалық жағдай түзелсе, ол әлеуметтік салаға да оң әсерін тигізеді.

Мемлекет басшысының халыққа үндеу Жолдауында таң қаларлық ештеңе жок, бұл саяси іс-әрекеттің бірі ғана. Қазақстанның ұзак мерзімді даму стратегиясы бұған дейін жүргізілген сан салалы жұмыстың шын мәніндегі нәтижесі болып табылады. Соңдықтан болар, Президенттің жаңа саяси бастамасын қоғамымыздың соншалықты зор ынталан қолдағанын осы жағдайлармен түсіндіруге болады» (Караңыз: *Кекілбаев Ә. Стратегиялық мақсаттарды іске асырайық // Егemen Қазақстан. - 1997. - 17 қараша*).

1997 жылдың 20 қазанында Елбасының жарлығымен Астана қаласы (1998 ж. 6 мамырына дейін – Ақмола) Қазақстанның астанасы болып жарияланды. Осы кезеңде Алматыдан Ақмола қаласына астананың көшу символы ретінде қазіргі Қазақстанның бренді болып табылатын Бейтерек салынды. «Бейтерек» жас, мықты, өсіп келе жатқан ағаш ретінде өзінің тарихи тамырын сактаған және болашаққа талпынуға ииетті мемлекеттің көрсеткіші саналады.

1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси күғын-сүргін күрбандарын еске алу жылы болып белгіленді. Жыл бойы еліміздің тарихындағы көленкелі тұстарға айрықша назар аударылды. Тарихи зердені жаңғырту, тарихпен тәрбиеу арқылы жалпыұлттық татулықты нығайта түсү орайында көп жұмыс тындырылды. Қасіретті белестерде нәубетке ұшырағандар жасырын жерленген орындарды анықтау, анықталған қорым-зираттарды тиісті күйге келтіру, бастарына күлпітас-ескерткіштер орнату, бұрын орнатылғандарын күтімге алу, жазықсыз

жазаланған боздақтар аруағына тағзым ету шаралары жер-жерде жүзеге асырылды. Содан бері қайғылы жылдар құрбандарына бағышталған мұндай шаралар жылма-жыл жалғасын тауып келеді. Сол жылы бекем негізделген Саяси құтын-сүргін құрбандарының еске алу күні елімізде жыл сайын әрбір 31 мамырда міндетті түрде атап өтіліп келеді (Қараңыз: <http://www.abai.kz/content/ylttyk-apatty-erdaiym-este-ystau-manyzdy>). Бұл шаралар саяси тұрақтылықты нығайтумен қатар, тарихи зердемізді қалпына келтіріп, тоталитарлық режимнің саясатының мағынасын айқындан берді.

Жалпы бұл жылы еліміздің стратегиялық дамуындағы маңызды құжат қабылданып, оның іс басындағы орындалу жолдарын көзімізben көрудеміз. Дамудың жеті басымдығы қазіргі замандағы жаһандық бәсекелестік шарттарындағы өміршендігін дәлелдеу түсude.

## **1998 ЖЫЛ: ИШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН**

1998 жылдың бастамасы 15 қаңтардағы халықаралық саясаттағы орнымызды күштегіден басталды. Осы күні еліміз Еуропалық одақ елдері арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық жөніндегі Келісімге қол қойды. Еуропалық Одақ – 1993 жылы Маастрихт келісімімен бекітілген және аймақтық интеграцияға бағытталған 27 европалық мемлекеттердің экономикалық және саяси ұйымы. Бұгінде Одақтағы заңдардың стандартты жүйесінің көмегімен азаматтардың еркіндігін қамтамасыз ететін жалпы нарық қалыптасқан. Одақ ішкі саясаттағы заңнамалық құжаттар мен қаулылар қабылдан, аймақтық даму, ауыл шаруашылығы мен саудадағы жалпы саясатты жүргізеді. 17 мемлекет өз аймағында ортақ валюта евроны енгізген. Еуропалық Одақка мүше елдердің 1957 жылдан қалыптасқан тізімге қарасақ, төмендегі елдерді көре аламыз: Бельгия, Германия Федеративтік Республикасы, Италия, Люксембург, Нидерланды және Франция. Бұгінде аталмыш елдерден бөлек Австрия, Болгария, Ұлыбритания, Венгрия, Греция, Дания, Ирландия, Испания, Кипр, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Финляндия, Чехия, Швеция мен Эстония мүше. Сонымен қатар, Европадан тыс мына аймақтар ерекше мәртебеге ие: Азор аралдары (Португалия), Гваделупа (Франция), Канар аралдары (Испания), Мадейра (Португалия), Мартиника (Франция), Мелилья (Испания), Реконьон (Франция), Сеута (Испания), Француздық Гвиана (Франция).

1998 жылдың 20 қаңтарында Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының кәсіптік мерекелері мен еске алу күндері бекітілді. Осы күннен бастап мына күндер елімізде атальш ете бастады: Отан қорғаушылар күні - 7 мамыр; Саяси репрессия құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр; Баспасөз күні - 28 маусым; Спорт күні - 13 тамыз; Білім күні - 1 қыркүйек; Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні - 22 қыркүйек; Ұлттық валюта күні - 15 қараша.

30 қаңтар мен 2 акпан аралығында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Швейцарияның Давос қаласында өткен Дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысып, Каспий теңізінің көмірсүтегі шикізатын шеру және тасымалдау мәселелері жөнінде баяндама жасады.

Осы жылдың 26 наурызында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ташкент қаласында өткен Орта Азия мемлекет басшылары саммитіне қатысты. Кездесу нәтижесінде Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан және Тәжікстан елдерінің басшылары, Еуропалық Экономикалық Комиссия (ЕЭК) мен Азия мен Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (ЭСКАТО) хатшылары Орта Азия экономикасына арналған арнайы бағдарлама туралы Ташкенттік декларацияны (СПЕКА)

қабылдады. Бұл бағдарламаға Түркменстан 1998 жылдың қыркүйегінде қосылды. Қазіргі әлемдегі Еуразия маңызды халықаралық оқиғалар дамып жатқан және әлемдік табиғат ресурстары шоғырланған аймак. Құрлықта түрлі аймақтық орталықтардың қалыптасу процесі жүріп жатқанын барлығымыз білеміз. Бұлардың қатарына Еуропалық Одақ (ЕС), Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастыры (АТЭС), Оңтүстік Азияның аймақтық ынтымақтастыры жөніндегі ассоциациясы (СААРК), Экономикалық ынтымақтастық үйімі (ОЭС), Қара теңіз экономикалық ынтымақтастыры үйімдарды (ЧЭС) жатқыза аламыз. Атапмыш аймақтық үйімдардың әрқайсысы жеке саясат пен геосаясатын құратыны анық. Стратегия қалыптастыру барысында ұлттық құндылыктармен қатар, аймақтық мұдделер карастырылатыны белгілі. Ал әлемдік экономиканың жаһандануы шарттарында геоэкономикалық және геосаяси факторлар бірінші орында тұрады (Қараңыз: <http://www.newmarkets.ru/nm-ru/issues/nm520012.htm>). Бұл үйімдардың қатарына сонау 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ЭСКАТО, ЕЭК бастамасы бойынша СПЕКА жұмыстарын да тап өте аламыз. Бұл үйім бұрынғы Қазақстан және Орта Азия деп атапған аймақта өз қызметін жаңдандыру қызметіне кірісе бастады.

28 және 29 сәуір күні Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «4+N» саммитіне және ТМД мемлекет басшылары Кенесінің отырысына қатысты. Елбасымыз «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он кадам» бағдарламасы бастамасын көтеріп, кең дөрежеде талқыланып, қабылданды. Бұгінде бұл бағдарлама бүкіл әлем лидерлерінің назарын аудартқан құжат болып отыр. Осы жылдың 9 маусымында Президент Н.Ә. Назарбаев Астана қаласында өткен түркітілдес мемлекет басшыларының саммитіне қатысты.

Осы жылдың 10 маусымында Қазақстан Республикасының жаңа астанасы – Астана қаласының Халықаралық тұсауқесері өтті. Жалпы Қазақстанның жаңа астанасы тарихында 1998 жыл үш оқиғамен ерекшеленді: бұл халықаралық тұсауқесер, қала атауының өзгеруі және жаңа мәртебенің республика деңгейінде бірінші мерекелік атальып өтілуі. Осы кезеңде жаңа орынға кешкен билік орындарына жаңа ғимараттар мен оғистер салына бастады. Тұсауқесерге дайын болған Елордамыздың бүгінгі келбеті әлемдік қауымдастықты таң қалдырып отырғаны анық.

3 шілде күні Астана қаласында Шанхай және Мәскеу келісіміне қатысушы бес мемлекет басшыларының кездесуі өтті. Кездесу барысында таралттар Шекара аймағындағы әскери саладағы сенімділікті нығайту туралы Шанхай және Шекара аймағындағы карулы күштерді азайту туралы Мәскеу келісімдерінің орындалу барысын талқылады.

1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлық қарсы курс етуралы» Заңы қабылданды. Мемлекет бейнесінің

қабылдануын түсіну үшін ең алдымен билік пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды айқындау кажет. Биліктегі азаматтардың тұлғалық имиджінің бағалануы олардың халықпен жақындығымен өзара байланысты. Бұқаралық сананың биліктің тиімді қызметін бағалауды имидждің сипаттамалық белгісінің бір белгі болып табылады. Билік бейнесі мен сыйбайлас жемқорлық мәселесі де мемлекет имиджінің күрамдас бір белгі. Сыйбайлас жемқорлық барлық адами және қоғам құндылықтарының даму үдерісіне кедергі жасайтын дерт екендігі белгілі. Бүгінгі күні қоғамымызда кездесетін теріс жағдаймен тек құқық қорғау орындары ғана емес, ел болып күресу қажеттілігі туындал отыр.

Осы жылдың қыркүйегінде Президентіміз Қазақстан халқына өзінің екінші «Еліміздегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі бағыттар: жаңа ғасырдағы қоғамды демократиялау, экономикалық және саяси реформалар» атты Жолдауын ұсынды. Аймақтағы тұрақсыздық пен көрші мемлекеттердегі күрделі оқигалар елімізге әсер ететіндігі туралы баяндай келе, мемлекеттіміздің дамуына жаңа бағыттар жасалды.

28 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 53-ші сессиясында сез сойледі. К. Тоқаев БҮҰ Бас хатшысы К. Аннанмен, АҚШ Президентінің Каспий теңізінің энергоресурстарын игеру жөніндегі Кеңесшісі Р. Морнингстармен және әріптес коптеген өзге елдердің ресми өкілдерімен кездесті. Халықаралық қауымдастықтагы беделі мемлекеттермен байланыс орнатуга жаңа мүмкіндіктер туындалды. Осы жылдың 16 қарашасында БҮҰ Бас Ассамблеясының 53 сессиясында «Қазақстандағы Семей ядролық сынап алаңы маңындағы тұрғындарға жәрдемдесу және экономикалық даму мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық» қарары елімізде қабылданды.

2 желтоқсанда Осло каласында өткен ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің кеңесі барысында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚҰЫ арасында Алматыда ЕҚЫҰ Орталығын ашу туралы меморандумға және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚҰҰ-ның Демократия және адам құқығы жөніндегі бюросы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғандығы туралы да айта кеткеніміз жөн.

Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жарияланған 1998 жыл Қазақстан тарихының дамуына зор үлес косты. Мәселен, осы жыл аясында «Қазактар-Казахи» атты 9 томдық казакша-орысша энциклопедия, «Қазақ мәдениетінің 3 томдық энциклопедиясы», «Қожа-Ахмет Ясаудін» қазак тілінде «Хикметтері» жарық көрді. Сонымен бірге «Қазақстан – кара шаңырағымыз», «Қазақстан тарихы: зерттеулер мен құжаттар», «Қазақстан тарихы: әдеби хроника, «Қазақстан этностары» атты айдармен қырыққа жуық кітаптар шығарылды (Қараңыз: *Мұхамедов М.*,

*Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз жылы. - Астана: Сары-арқа, 2009.).*

Осы жылы Қазақстанда зейнеткерлік реформа бастау алды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында алғаш зейнеткерлік реформаны бастаған еліміз чилилік зейнеткерлік жүйені басты назарда ұсталды. Бұл реформаны Григорий Марченко және Әдәлет Сембаев әзірлеген болатын (Қараңыз: Иконников А. И снова о пенсионных фондах // Континерт. – 2000.- 12-25 шоля.).

Ел дамуы үшін жасалынған бұл шаралар халықтан шын мәніндегі мол жауапкершілікті қажет етті. Ұлттық тарих жылындағы жетістіктер қазақ халқының осы уақытқа дейін айтылмай келген мол мұраларды жеткізді.

## 1999 ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРІНШІ ҰЛТТЫҚ ХАЛЫҚ САНАҒЫ

1999 жылдың 10 қаңтарында елімізде Президент сайлауы өтіп, Қазақстан Республикасының Президенті болып 81,71 % дауыс алған Н.Ә. Назарбаев қайта сайланды. Жалпы 1990 жылдың сәуірінде Елбасы Жогарғы Кеңестің сессиясында сайланып, алғаш рет Президенттік институт қалыптасқан болатын. Бірінші сайлау 1991 жылдың 1 желтоқсанында баламасыз түрде өтті. Соңдықтан бірінші баламалы, бәсекелестік орнаған сайлау осы жылы өткізілді. 1999 жылы Қазақстан Республикасы ғасыр төгісіндеғи деуірдің тағы бір сын сәтінде тұрды. Қоғам дамуы мен мемлекет өркендеуінің ең басты мәні де, ең маңызды сипаты да Президентті қалап, тандауымен тиянақталады. Бұл бір адамға ғана қатысты мәселе бола алмайды, ол әркім өз тағдырын кімнің, қандай саяси қайраткер тұлғага сенім тапсырумен тікелей байланысты тұтас елдік тандау болып табылады. Сол жылы өткен ашық баламалы сайлаудың мәні әрине, асқақ, маңызы зор. Сонымен катар, пікір алуандығы мен демократияның оң үрдісін орнықтыратын қастерлі кадам. Бұл сайлауға іс басындағы Елбасынан бөлек, Серікболсын Әбділдаулы Әбділдин, Энгельс Фаббасұлы Фаббасов, Фани Есенкелдіұлы Қасымов қатысты.

25 ақпан мен 4 наурыз аралығында Қазақстан Республикасында Бірінші ұлттық халық санағы жүргізілді. 2000 жылдың аяғында санақтың негізгі нәтижелері жарияланды. Санак қорытындысы бойынша елімізде 14.953,1 мың адам тұрады және бұл көрсеткіш соңғы Бүкілкенестік санақпен салыстырғанда 7,7 пайызға ел тұрғындарының азайғандығын көрсетті.

Осы жылдың 1 наурызында Демократиялық партия, Қазақстанның ұлт бірлігі партиясы, Қазақстанның либералдық қозғалысы мен «Қазақстан-2030» қозғалысы біріккен «Отан» Республикалық партиясы құрылды. Бүгінде ұлт лидерінің партиясына айналған «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Партия басшылығында төраганың бірінші орынбасары Құрман Зайроллаұлы Нығматулин, партия хатшысы, Орталық аппарат басшысы Сергей Николаевич Громов, партия хатшысы Ерлан Тынымбайұлы Карин, «Нұр Отан» ХДП хатшысы Қайрат Сатыбалдыұлы отыр. Ал, партия аппаратының басшы мүшелері төмөндегідей: Партия орталық аппараты басшысының орынбасары - Мұхтар Тілдәбекұлы Ерман; Партия орталық аппараты басшысының орынбасары - Расул Қабдоллаұлы Оразғұлов; Партия орталық аппараты басшысының орынбасары - Заң басқармасының бастығы - Данияр Валерьевич Вагапов; Партия Инновациялық комитеті төрағасының

бірінші орынбасары - Рустам Александрович Акбердин; «Нұр Отан» ХДП Партиялық бакылау комитеті тәрағасының орынбасары - Оналбек Сәпиеv; Партияның ресми өкілі - Оксана Григорьевна Петерс; Партияның ресми өкілі (Қазақстан Республикасының Үкіметіндегі өкілдік) - Владимир Яковлевич Дворецкий; Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі партия фракциясы аппаратының басшысы - Вячеслав Крестьянович Советский; Баспасөз қызметінің басшысы - Жанар Рустемкызы Бекбанова; Кадрлық жұмыс және құжаттамалық камтамасыз ету департаментінің директоры - Дәурен Бозтайұлы Байтөлешов; Бюджеттік-қаржы басқармасының бастығы -бас бухгалтер - Айгүл Мухаметкәрімкызы Мұхаметкөрім; Саяси жоспарлау департаментінің директоры - Асылбек Сайлыбекұлы Құбаш; Қоғамдық кабылдау болmesінің менгерушісі - Жұмажан Қамкенұлы Жүкенов; Сыртқы байланыс басқармасының менгерушісі - Саябек Куанышбекұлы Сахиев; «Нұр Отан» ХДП ОА істер басқарушысы - Руслан Маратұлы Жүсіпов.

1999 жылдың 2 сәуірінде Мәскеу қаласында ТМД мемлекет басшыларының кеңесі өтті. Оған 12 ел басшысы катысып, кеңес барысында Ұжымдық Қауіпсіздік келісімін ұзарту (Өзбекстан, Эзіrbайжан, Грузиядан басқа) туралы хаттамаға, ТМД даму бағыттары туралы декларацияға, 1994 жылғы 15 сәуірде қабылданған Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға, ТМД органдарының құрылымын реформалау және жетілдіру туралы шешімге қол қойылды. 8 сәуір күні Ашхабад қаласында Орта Азия мемлекеттер басшыларының отырысы өтіп, оған Н. Назарбаев, А. Ақаев, И. Қарімов, Э. Рахмонов, С. Ниязов катысты. Саммит нәтижесі бойынша Арапдың күткәру Халықаралық қорының ережесі бекітілді.

Осы жылдың 23 сәуірінде Солтүстік Атлантикалық Келісім Үйімінің (NATO) саммитіне катысу үшін Елбасы Н.Ә. Назарбаев Вашингтонға сапар шекті. NATO (ағылшын North Atlantic Treaty Organization) – 1949 жылдың 4 сәуірінде құрылған, Еуропа елдері, АҚШ және Канаданы бірліктірін әлемдегі ірі әскери-саяси блок. Үйімінің ең алғашқы мүше мемлекеттері және негізін қалаушылар: АҚШ, Канада, Исландия, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Люксембург, Норвегия, Дания, Италия және Португалия. 1952 жылдың 18 ақпанында Греция мен Турция, 1955 жылдың 9 мамырында Германия, 1982 жылдың 30 мамырында Испания, 1999 жылдың 12 наурызында Венгрия, Польша, Чехия, 2004 жылдың 29 наурызында Болгария, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения, Эстония, 2009 жылдың 1 сәуірінде Албания мен Хорватия мүше болды. Бұл трансатлантикалық форум әріптес мемлекеттерімен қауіпсіздік жөніндегі мәселелерді алға қойып, кез келген агрессияға қарсы ұстаным жасайды. Қазақстан Республикасы және NATO арасындағы ынтымақтастық 1992 жылы біздің елімізге 1997 жылы

ХДП  
лбек  
ның  
) -  
менті  
сслав  
анар  
асыз  
шов;  
йгүл  
тінің  
лдау  
рткы  
киев;  
  
екет  
енес  
стан,  
тары  
ауда  
нгизу  
және  
ында  
баев,  
жесі  
  
сім  
баев  
teatu  
КШ  
ен  
нада,  
ург,  
нда  
дың  
ыша,  
ния,  
мен  
штес  
лген  
АТО  
ылы

Еуроатлантикалық әріптестік кеңесіне (ЕАӘК) болып қайта құрған, Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесіне кіруімізден басталады. ЕАӘК Қазақстанға НАТО-ға қатысушы мемлекеттерімен және еуразиялық әріптестік мемлекеттерімен халықаралық қауіпсіздіктің ең өзекті мәселелері жөніндегі нәтижелі сұхбатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының ЕАӘК-ның жыл сайынғы Сыртқы істер және қорғаныс министрлерінің кеңесіне қатысуы ынтымақтастықтың маңызы құрамдас болігі болып табылады. Саяси сұхбатты және әскери ынтымақтастықты терендешту мақсатында 1994 жылы 27 маусымда Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» (БҮӘ) атты бағдарламасына қосылған болатын (Қаранды: [http://kk.wikipedia.org/wiki/HATO\\_Soltustik\\_Atlantikaalyk\\_Kelisim\\_Usyны](http://kk.wikipedia.org/wiki/HATO_Soltustik_Atlantikaalyk_Kelisim_Usyны)).

17 маусым күні Бішкек қаласында Орта Азиядағы экономикалық қауіпсіздікке қатысушы мемлекеттер премьер-министрлерінің кеңесі өтті. Оның барысында 1999 жылға арналған ОАӘҚ Мемлекетаралық Аткарушы комитетінің шығыстары, Ортаазиялық ынтымақтастық және даму банкі қаржыландыратын инвестициялық жобалар тізімі бекітілді. Осы жылдың 24 тамызында халықаралық денгейдегі тағы бір шара Бішкек қаласында өтіп, Қыргызстанда «Шанхай бестігі» мемлекет басшыларының саммиті өтті. 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Алматы қаласында Азиядағы Өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңеске қатысушы мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі өтті. Кездесу барысында қатысушы мемлекеттердің өзара қатынасын айқындайтын принциптер туралы декларацияға кол койды.

Осы жылдың қыркүйегінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті «Жаңа ғасырдағы мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі» атты Жолдауын жасады. Бұл Жолдауда «Тарих және тәуелсіздік», «XXI ғасыр қатерлері» және «Әлемдегі қауіпсіздік төңірегінде» секілді жаңа бағыттар жасалды.

1999 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы жастар саясатының мемлекеттік Тұжырымдамасы бекітілді. Әлемде жаңа әлеуметтік-саяси, рухани және ақпараттық жағдайларда жас буынның әлеуметтік сипаттамалық белгілері өзгеріске үшірау үстінде. Бұл тұста жастар арасында аймақтық, ұлттық және әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар айқындалып жатқаны белгілі. Сондықтан бұл концепция адам құқықтары жөніндегі Жалпы Декларацияның идеялары мен принциптеріне сүйенеді.

Осы жылдың 10 қазанында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті. Бұл сайлауга дейін саяси партиялардың қоғамдық оқиғаларға ықпалы көп емес болатын. Өйткені, олардың көбісінің нағыз әлеуметтік базалары болмады. Дегенмен, ел Конституциясындағы өзгертулер, саяси партиялар белсендігін

жоғарылатуға үлесін тигізгендігіне күмән жоқ. Қазақстанда кеңестік кезенде заң шығару процесінің өзіндік дамуы болған жоқ. Оның үстінен этникалық қарым-қатынастардағы ерекшеліктер қолданыстағы заңдарда ескерілмеді. Тек мүмкін болғаны - Одактың аудармалары мен тұзетулері бар, Республиканың жағдайына орай жасалған, аса шектеулі шеңбердегі заңдарғаңа қолданыста болды. Заң шығару процесіндегі мираскорлықтың осындағы көрсеткіші бойынша сайланған Парламент осы заманғы деңгейден тым алшак болатын. Осы сайлауда алғаш рет партиялық тізім бойынша сайлау жүйесінің аралас түрі пайдаланылды. Саяси бәсекеге «Отан», Қазақстан Коммунистік партиясы, «Азамат» партиясы, Қазақстанның аграрлық партиясы, Қазақстанның Азаматтық партиясы қатысты.

1999 жылдың 18 қарашасында КР Президенті Н.Ә. Назарбаев Стамбул қаласындағы ЕКЫҰ саммитінің жұмысына қатысты. Саммит барысында Жалпы еуропалық қауіпсіздік хартиясына қол қойылды. Сонымен қатар, Қазақстан, Әзіrbайжан, Грузия және Турікменстан Президенттері Баку-Жейхан мұнай құбырын қолдайтын Стамбул декларациясына қол қойды.

22 қараша құні Астана қаласында «Қазақстан-Еуропалық Конес» ынтымақтастық комитеттің бірінші отырысы өтті. Осы жылдың 15 желтоқсанында БҮҰ және ЕКЫҰ агенттіктері мен бағдарламаларының жаңа офистерінің ашылу рәсімі өтті. Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов тұсауқесерде сөз сейлем, гуманитарлық саладағы, білім, деңсаулық сақтау, азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін шешуде БҮҰ-ның Қазақстан үшін үлкен маңызын атап өтті. Осы әмбебап халықаралық форумның арқасында дүниежүзі Қазақстан мәселелерімен, оның ішінде Семей ядролық сыннак алаңына байланысты жайттармен танысып, оларды шешу жолдары қарастырыла бастады.

Үрпактар бірлігі мен сабактастыры жылы ретінде жарияланған 1999 жыл еліміздің тарихындағы актандактар зерттеліп, оны зерделеу жолындағы ауқымды жұмыстар жүрді. Бұл орайда б томдық «Қазақ ұлттық энциклопедиясының» 1-томы шығыуы, Қытай мұрағаттары негізінде қазақ тарихына арналған 5 кітаптың жарық көруі, Мұстафа Шоқай шығармаларының 2 томдығы жариялануы ел өміріндегі елеулі мәдени оқиғалар болды. Сондай-ақ «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті, ұлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдық мерейтойы өткізіліп, оның «Тарих-и-Рашиди» еңбегі қазақ тілінде басылып шыкты (Қараңыз: Абылаев С. Тәуелсіздік белгестері: 1999 жыл // Ел. – 2011. – 5 сауір.).

Жаңа ғасыр қарсаңында елімізді демократияландыру, экономиканың және саяси реформалардың негізгі бағыттары айқындалып, ішкі және сыртқы саясаттағы басымдықтар белгілі болды.

## **2000 ЖЫЛ: ЕРКІН, ТИМДІ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗ ҚОҒАМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

2000 жылы елімізде біршама оң өзгерістер орын алып, мемлекетіміздің дамуындағы жаңа белестер күтіп тұрды.

2000 жылдың 25 қаңтарында Президент Н.Ә. Назарбаев ТМД мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. Шара шенберінде Н. Назарбаев және Өзбекстан Президенті И. Каримов халықаралық лаңқестікке қарсы күресте күштерді біріктіру қажеттілігі, біртұтас үйлестіруші орталықтың құрылуы туралы ұсыныс жасады.

Осы жылдың 27 қаңтарында Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы К.К. Токаев Давостағы экономикалық форумның XXX-шы мерейтойлық шарасына қатысып, «Кавказ бен Орталық Азияға көзқарас» бағындағасын жасады.

8 сәуір күні тағы бір халықаралық деңгейдегі шара Баку қаласында өтті. Түркі тілдес мемлекеттердің IV саммитіне Эзіrbайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Турция Республикасы қатысты. Бұл саммитте достық және өзара пайдалы ынтымақтастықты тереңдету туралы келісімге қол жеткізілді.

15 сәуірде Қазақстанға жұмыс сапарымен Америка Құрама Штаттарының тұнғыш әйел Мемлекеттік хатшысы Мадлен Олбрайт (1997-2001) келді. Елбасымен кездесу барысында демократияның дамуы, экономикалық оның ішінде энергетикалық саладағы ынтымақтастық төнірегіндегі кең көлемді мәселелер бойынша екі жақты қатынастарды қүшешу жолдары талқыланды. Елбасымыз Каспий энергетикалық ресурстарын экспорттау үшін құбыр жолдарының көп нұсқалы бағыттар саясатын растиады.

Осы жылдың 27 сәуірінде Алматы қаласында Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалары үшін арнағы ЕҮҰ Багдарламасының (СПЕКА) тұсауқесері болды. Бұл шараның басты мақсаты – Орталық Азия мемлекеттерінің Еуропа мен Азия экономикаларына интеграциясы және экономикалық дамуы қарқындарын жылдамдату үшін мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты қүшешу болып табылады.

19 маусым күні Қазақстан Республикасы Президентінің Ресейге ресми сапары шенберінде Н.Ә. Назарбаев В.В. Путинмен кездесті. Мемлекет басшылары Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында «Байқоңыр» кешенінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан ері дамыту туралы бірлескен мәлімдемеге және меморандумға қол қойды.

Осы жылдың 5 шілдесінде Душанбе қаласында «Шанхай бестігі» қатысушы мемлекеттер басшыларының бесінші саммиті өтті. Форум жұмысына алғашқы рет Тәжікстан Президенті Э. Рахмоновтың

шақырыумен Өзбекстан Президенті И. Каримов қатысты. Қабылданған Душанбе Декларациясында тараптардың «Шанхай бестігін» әртүрлі салалардағы көп жақты ынтымақтастықтың аймақтық құрылымына айналдыру талпынысы расталды.

23 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылды. Атальыш институтты құрудың негізгі мақсаттарына жатады: елдің тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуын қамтамасыз ету; болашақ үрпақтың каржылық қорын жинау; жағымсыз сыртқы факторлар әсерінен экономикалық тәуелділікті төмендешу; республикалық және жергілікті бюджет тәуелділігін әлемдік баға конъюнктурасынан төмендешу. Корсақтанандару және тұрақтандыру қызметімен айналысады.

6 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 55-ші сессиясы шеңберінде мыңжылдық саммиті ашылып, Елбасы «Қауіпсіздік және ынтымақтастық – ғаламдық және аймақтық аспекттер» баяндамасын жасады.

2000 жылғы Сидней қаласында өткен Жазғы Олимпиадалық ойындарында Қазақстан спортшылары үлкен табистарға жетті. Ел тарихында екінші рет қатысқан спортшыларымыз 3 алтын, 4 күміс медаль иеленді. Бокстан Бекзат Сейілханұлы Саттарханов, Ермакан Сагиұлы Ибраимов және жеңіл атлетикадан Ольга Васильевна Шишигина Әнұранымызыңды осы спорт додасында шырқатты. Күміс медальдарды бокстан Болат Жұмаділов, Мұхтархан Ділдабеков, велоспорттан Александр Николаевич Винокуров, курестен Ислам Байрамуков иеленді.

Осы жылдың 10 қазанында Астана қаласында Кеден одағының қатысушы мемлекеттері басшылары Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықты (ЕурАЗЭК) құру туралы мәлімдеме мен шартқа қол қойды. Бұл Белоруссия, Қазақстан, Қыргызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан секілді мүші елдердің сыртқы ортak кеден шекарасын құруға, бірыңғай сыртқы экономикалық саясатты, тарифтерді, бағаны және жалпы нарықтың жұмыс істеуін құраушыларды жасап шығаруға байланысты функциялар берілген халықаралық экономикалық үйимы. 2002 жылы мамыр айында Молдавия мен Украина басшылығының, 2003 жылы Арменияның өтінішімен бұл елдерге ЕурАЗЭК жанындағы бақылаушы мәртебесі берілді.

Қазан айында Елбасы Қазақстан халқына кезекті «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Жолдауын ұсынды. Жолдауда мемлекетіміздің экономикалық дамуының басымдықтары, қоғамды демократияландыру және мемлекеттік саясаттың негізі болып табылатын ұлттық қауіпсіздік туралы сөз етілді. Қоғамды демократияландыру төмендегі негізгі бағыттар бойынша жүргізілетін болды: сот жүйесі, құқықтық реформаларды нығайту; биліктің өкілдік органдарының өкілеттілігін көңейту; сайлау заңнамасын жетілдіру.

Қазақ жерінде ертедегі тарихымыздан қалған көне жәдігерлердің сақталған ордасы - киелі Түркістан шаһары. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында 2000 жылдың 16-17 қазанында Түркістан қаласының 1500 жылдығы тойланды. Түркістанның іргетасы V-VI ғасырларда қаланған болатын. Түркістан - Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болды. XIV ғасырда Ақсақ Темір іргетасын қалаған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі осы қалада орналасқан. Бұл қалада Қожа Ахмет Ясауи өзінің уағызылық қызметін жүргізген. Кесене аумағында Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгөнбай батыр тағы басқалар жерленген. Ертедегі Яссы жерінің бізге айтар сырты көп. Бұл жердің тарихи қала болуымен қатар, қазақ халқының көне мәдениеті, қаймағы сақталған. Қошпендей қазақ халқының бойында бар бақсызық, шамандық, сопылық секілді табиғи нағым-сенімдер әлі де сақталған.

2000 жылдың 7 желтоқсанында бүгінде еліміздегі ірі банк «Қазақстанның тұрғын үй құрылымы жинақ банкі» АҚ құрылса, 28 желтоқсанда мемлекеттік банк «Қазақстанның даму банкі» өз қызметін бастады.

Қазақстандағы көпұлтты мәдениеттің өркендеуі, сақталуы және дамуы мақсатында бұл жыл мәдениетті қолдау жылы болып белгіленді. Мәдениетті қолдау жылы аясында ұлттық фольклорымыздың асыл қазынасы 100 том большой жарық көрді, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің 10 томдығы, академик Әлкей Марғұланың 14 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Қостанайда - Ахмет Байтұрсыновтың, Павлодарда - Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Атырауда - Бейбарыс сұлтан мен күй атасы - Құрманғазының, Алматыда - Абылай ханының ескерткіштері ашылды. Сәбит Мұқановтың, Бауыржан Момышұлының, Жұбан Молдагалиевтың, Иса Байзақовтың, Елубай Өмірзаковтың мерейтойлары атап алған өтті, Ақмола облысында Қабанбай батырдың кесенесі тұрғызылды. Соңдай-ақ республикамызда 757 мәдениет мекемелері ашылды, елде 468 кітапхана, 239 клуб жәндеуден өтті, жаңадан 5 театр ашылды, соның ішінде Астанада Құләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театрының, Қазақстан Республикасы Президенті мәдени орталығының, КР Мемлекеттік мұражайының ашылуы елеулі оқиғалар болды. Осындай елеулі шаралардың қатарында «Алпамыс батыр» эпосының 1000 жылдығын, Бакуде «Қорқыт ата кітабының» жарыққа шығуының 1300 жылдығын, Түркияның Самсун қаласында түркітілдес халықтар мен елдердің VIII құрылтайы етуін атап өтүге болады. Шымкентте «Менің Қазақстаным» атты Шәмші Қалдаяқов атындағы халықаралық ән байқауы, Алматыда «Шабыт» және XI «Азия дауысы» халықаралық фестивальдері өтті (Караңыз: Абылаев С. Тәуелсіздік белестері: 2000 жыл // Ел. – 2011. – 12 сәуір.).

## 2001 ЖЫЛ: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОНЫНШЫ ЖЫЛЫ

2001 жылдың 5 қаңтарында Алматы қаласында Орталық-Азия мемлекет басшыларының Экономикалық қоғамдастығының бірінші саммиті етті. Бұл кездесу барысында Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық кеңістікті қалыптастыруға байланысты жобасы қолдау тапты.

Осы жылдың 14-15 маусымында Шанхай қаласында сонау 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп атаумен құрылған халықаралық үйымның алтыншы саммиті етті. Саммит барысында, Өзбекстанның мүше болуына байланысты, үйымды «Шанхай ынтымақтастық үйим» ретінде қайта құру туралы шешім кабылданды. ШЫҰ – қызметі басқа мемлекеттерге немесе халықаралық үйімдарға қарсы бағытталған әскери блок болып табылмайды. Сонымен қатар, ШЫҰ өз мүшелерінің арасында әртурлі салаларда кең ынтымақтастықтың дамуын қарастырады. Қазақстанның ШЫҰ бойынша әріптес елдермен тен дәрежедегі диалогқа сындарлы және мақсатты қатысуы Қазақстанның өнірдегі ұстанымын күштейді, Үйымның қағидаттарына толық сәйкес келетін мемлекеттер арасында өзара сенім мен түсіністіктің арта түсіүне көмектеседі. ШЫҰ-ның 2 жетекші ойыншысы – Ресей мен Қытайдың арасында орналаскан Қазақстан өнірлік ынтымақтастықтың жасампаз бастамалары мен жобаларын белсенді қолдайтын Үйымның маңызды буыны болып табылады. 1996 жылы Шанхай үдерісі басталғалы бері Қазақстан – ШЫҰ аясында жан-жақты өзара іс-кимылдың белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстан Үйымның аясында отетін лаңкестікке қарсы әскери жаттығуларға, ғылыми конференциялар мен форумдарға тұрақты қатысып отырады, ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына үлкен үлес қосып келеді. 2006 жылы Қазақстан Бейжіндегі Хатшылықтың жаңындағы және Ташкенттегі Өнірлік лаңкестікке қарсы құрылымның Атқарушы комитетіндегі өзінің тұрақты өкілдігінің аппаратын алғашқы құргандардың бірі болды.

2007 жылдан бастап 2009 жылдың соңына дейін ШЫҰ бас хатшысы болып Болат Нұрғалиев (Қазақстанның өкілі), Аймақтық лаңкестікке қарсы Ташкенттегі құрылымның Атқарушы комитетінің директоры болып Мырзақан Субанов (Қыргызстан өкілі) тағайындалды. ШЫҰ-ның әрір жұмыс органында Қазақстанның атынан 6 адам қызмет атқаруда.

2006 жылғы маусымының 15-інде Шанхайда өткен саммите Қазақстан ШЫҰ Азия энергетикалық стратегиясын жасауга бастама көтерді. Бұл ШЫҰ-да сауда-экономикалық салада тәжірибелі ынтымақтастықтың басталуына түрткі болды. Сондай-ақ КР Президенті ШЫҰ аясында заңсыз көші-қонмен курес жөнінде келісім жасасуды ұсынды.

Бүгінде ШЫҰ Орталық Азиядағы өнірлік ынтымақтастықтың барынша табысты модельдерінің бірі болып табылады. Президентіміз

Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, «Қазақстанның ұсынысымен жүзеге асырылған Еуразия идеясының 3 киті – ЕурАзЭҚ, АӨСШҚ және ШЫҰ». Ұйымға мүше мемлекеттердің арасында қауіпсіздік пен тұрактылықты қамтамасыз ету саласында өзара іс-кимылдың зор оң тәжірибесі жиналған, мүше мемлекеттердің арнағы қызметтері мен құқықтық органдары ланкестік және экстремистік күштермен күресу үшін тиімді байланыстар орнатты. 2006 жылы Қазақстан Қытаймен бірлесіп, шекаралас аудандарда «Тянь-Шань – 2006» ланкестікке қарсы жаттыгуларын, сондай-ақ ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қатысуымен «Шығыс-Ланкестікке қарсы» жаттыгуларын өткізді. 2007 жылы жазда Ресейде «Бейбітшілік миссиясы – 2007» ШЫҰ-ның көң ауқымды әскери жаттыгулары өтті.

ШЫҰ жылдан жылға ынтымақтастықтың жаңа салаларын қамтый келеді. 2006 жылы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің парламенттері, жоғарғы соттары басшыларының, білім министрлерінің алғашқы кездесуі етті. Сыртқы экономикалық және сыртқы сауда қызметіне, көлік пен мәдениетке жауап беретін бас прокурорлардың, министрлердің кездесулері тұрақты үйымдастырылып отырады. Отын-энергетика кешені саласында өзара іс-кимыл нығаюда. 2007 жылы энергетика министрлерінің алғашқы кездесуі етті. Жоғарыда аталған барлық фактілер Шанхай ынтымақтастық үйімі көп жақты өнірлік күрылымға бірте-бірте ауысып келе жатқандығын айфактайтын.

2007 жылғы тамыздың 16-сында Бішкекте өткен саммитте мемлекеттер басшылары ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ұзак мерзімге тату көршілігі, достығы және ынтымақтастығы жөніндегі шартқа кол койды. Алты елдің көшбасшылары сондай-ақ Бішкек декларациясына кол койып, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің халықаралық ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі Ic-қимылдар жоспарын бекітті (Қараңыз: [http://kk.wikipedia.org/wiki/\\_Шанхай\\_Ынтымақтастық\\_Ұйымы](http://kk.wikipedia.org/wiki/_Шанхай_Ынтымақтастық_Ұйымы)). Осы жылдың маусым айында Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық Ұйымының мерейтойлық саммиті өтті.

2001 жылдың қыркүйегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Еліміздегі ахуал және 2002 жылдағы ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі басымдықтар туралы» Қазақстан халқына Жолдауы ел назарына ұсынылыды. Мемлекетіміздің 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуындағы келесі негізгі мақсаттар айқындалды: экономиканың жеке секторларының тұрақты және бәсекелестік түрғыда дамуы, ішкі жалпы өнімнің көлемін еki есеге көтеру, экономиканың маңызды салаларында ұлттық капиталдың жоғарылауын қамтамасыз ету, азаматтардың әл-ауқатын жоғарылату.

7 күркүйекте Ақтау қаласында Қазақстан жастарының Бірінші Конгресі өтті. Бұтінде 250 жастар үйымдарын біріктірген бұл үйымның негізгі мақсаттары мен міндеттері осы кезеңде айқындалды. Жалпы

жарияланған негізгі мәсаты - Қазақстанның жастарын мемлекетшілдік, отансуýгіштік бағытта тәрбиелеу болып саналады.

Осы жылдың 22 қыркүйегінде Қазақстанға 264-ші Рим Папасы Иоанн Павел II-нің (1920-2005) ресми сапары басталды. Қасиетті орынға 1978 жылдың 16 қазанынан 2005 жылдың 2 сәуіріне дейін отырған ол соңғы 455 жылдан кейінгі итальяндық емес кезекті Папа болып саналады. Сонымен қатар, ол тарихта ең жас понтифик және славяннан шыққан бірінші әулие. Понтификатта отыру ұзақтығы бойынша Апостол Петр мен папа IX Пийден кейінгі орында екен. Бүгінде оның мұрагері XVI Бенедикт атын иеленген неміс кардиналы Йозеф Ратцингер.

Жалпы Қазақстандағы саяси жүйені реформалау кезеңіндегі он жылдық белес үлкен жетістіктерге әкелді. Демократия жолына тұсу онжылдық белестің курделі шарттарында өтті: елде жүйелі әлеуметтік экономикалық дағдарыс орын алып, өндірістің құлауы мен инфляцияға әкелді; демократияландырудың негізгі экономикалық алғышарттары болып табылатын нарықтық экономиканың базасы жоқ еді; КСРО-ның құлауы нәтижесінде посткеңестік кеңістіктегі ұлтаралық қатынастар қарама-қайшылығы өршіді; елде көп partiялық жүйе, тәуелсіз БАҚ, үкіметтік емес ұйымдар, демократиялық дәстүр мен демократиялық институттардың тарихи қалыптасқан қызмет етуі дағдылары болмады.

Еліміздегі саяси реформалар қарқындылығы нәтижесіндегі тәуелсіздігіміздің онжылдығы қарсаңында саяси жүйенің төмендегідей көріністері байқалды: мемлекеттік құрылыштағы билікті бөлудің бірынғай принципі қалыптасып, заң шығарушы, атқарушы және сот тармактары болып бөлінді; Президент пен өкілдік органдар сайлауын өткізу degi сайлау жүйесі қалыптасты; көп partiялықтың қалыптасуы заңнамамен бекітілді; мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары белсенді түрде қоғамдық өмірге араласты; мемлекеттік емес ұйымдардың құрылу процесі жүрді; этникалық топтардың қоғамдағы тенденгі тәжірибе жүзінде іске асты; нарықтық экономиканың базасы қалыптаса бастады.

Осы кезеңдегі мемлекет пен қоғамдық өмірде маңызды қоғамдағы жаңа жетістіктерге жеттік. Мәселен, қоғамдық-саяси салада қазіргі демократиялық қоғам институттарын құру, қоғамдағы саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сактау, плюралистік қоғам жүйесін құру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, азаматтық қоғамның қалыптасуы жүрді. Экономикалық салада либералдық нарықтық экономиканың құрылуы, тұрақты қаржылық-экономикалық жүйенің қалыптасуы, ұлттық валютаның енуі, отандық өндірістің өркендеуі, жағымды инвестициялық климаттың құрылуы, қазіргі заманғы аппараттық технологиялардың дамуы орын алды. Әлеуметтік салада тарихи-мәдени мұра мен азаматтардың шығармашылық потенциалының өркендеуі, еліміздегі білім беру ұлттық моделінің қалыптасуы, отандық ғылымның

дамуы, салауатты өмір салтын бекіту секілді жетістіктерге жеттік. Сыртқы саясатта еліміздің егемендігін әлемнің барлық елдері мен халықаралық үйымдары мойындағы, көпвекторлы сыртқы саясат жүргізу, әлемдік қауымдастық алдындағы Қазақстанның халықаралық беделін жогарылату, Елбасының интеграциялық жобаларын жүзеге асыру халықаралық аренадағы Қазақстанның жағымды имиджін қалыптастырырды.

Тәуелсіздіктің он жылында Қазақстан ұлттық қауіпсіздігін қалыптасқан, тиімді экономикалық құндылықтар негізіндегі либералды қоғамды сәтті құрып болды. Осы жетістіктер алдағы кезеңдегі сәтті қимылдардың бастауы еді.

## **2002 ЖЫЛ: ЕУРАЗЭҚ, АӨСШҚ, ЖӘНЕ ШЫҰ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ БАСТАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ РЕТИНДЕ**

2002 жылдың 22 кантарында халықаралық шеңбердегі байланыстар орнату барысында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық экономикалық қауымдастырың Бас хатшысы Г. Рапотамен кездесіп, ЕврАЗЭҚ қызметіне байланысты бірқатар стратегиялық мәселелер талқыланды. Бұл үйымның негізгі бағыттарын айқындауға өзіндік септігін тиғизетін шара болғаны анық.

Сәуір айында «Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы» Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ұсынылды. Қазакстандағы азаматтық қоғамның босағасын бекіте беруіміз «Қазақстан-2030» Стратегиясына негізделген онжылдық жоспарымыз осыған бағытталғандығы туралы айттылды. Қазақстандағы дипломатия ЕурАЗЭҚ, ШЫҰ, ОАҮҰ сиякты басымдығы бар үйимдарды нығайтуға айрықша дең қою жөнінде баян етілді.

Осы жылдың 26 наурызында Вашингтон Қазақстанға нарықтық экономикалы мемлекет мәртебесін беру туралы мәліметті хабарлады. Мұндай мәртебе беру елімізге инвесторларды тартуға мол мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл республикамыздың халықаралық имиджін көтеруге ықпал ететін баға. Бизнес тарихы позициясынан қарғанда нарықтық экономика стихиялы рынокқа бағытталған және оны реттейтін қажетті үстемдік институттарының экономикалық жүйесі. Ол мынадай принциптерге жүргінеді: кәсіпкерлік, нарықтық баға өлшемі, шаруашылық субъектілері арасындағы келісім-шарттық қатынастар, мемлекеттің шаруашылық қызметіне шектеулі арапасуы. Негізгі белгілері: бәсекелестік, меншік иелері түрлерінің көптігі (жеке, ұжымдық, мемлекеттік), толық әкімшіліктік тәуелсіздік, яғни тауар шығарушы өз нәтижелерінің иесі болуы керек, тауарды таратушылар мен өнімді алушылар арасындағы еркін тандау, буржуазия қонында капиталдың жинақталуы және т.б.

2002 жылдың 25-27 сәуірінде Алматы қаласында бірінші Еуразиялық медиафорум өтті. Бұл форумға әлемнің 30 елдерінен келген жетекші ақпараттық агенттіктердің 200-ге жуық журналистері қатысты. Олар Еуropa, Азия және Америка ақпараттық кеңістігінің көшбасшылары еді. Сонымен бірге онтүстік астанада өткен шарага жетекші саясаткерлер, экономистер мен саясаттанушылар да жиналды. Форумның негізгі мақсаты әлемдік медиа қауымдастырыңындағы көшбасшылар мен сарапшыларды біріктіру болып табылады. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған оқиғадан кейінгі Шығыс пен Батыс арасында орын алған айырмашылықтарды жою үшін журналистердің кәсіби диалогы жүрді. Шара барысында бұқаралық акпарат құралдарының саяси, мәдени және

К

тар  
ның  
гіне  
ның  
аны

ізгі  
на  
сын  
дық  
ағы  
оды

тық  
ды.  
дік  
жін  
нда  
тін  
дай  
ның  
стің  
ері:  
ық,  
өз  
мді  
дың

тық  
жікші  
лар  
еді.  
дер,  
ізгі  
мен  
нде  
ған  
рді.  
әне

элеуметтік рөл айқындалып, мемлекеттің баспа және электронды БАҚ-тарды идеологиялық құрал ретінде пайдалануы қарастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдары үлкен аудиторияны қамтитын және тұракты түрде қызмет ететін ақпарат тарагудың негізгі құралы. Оның құрамына енеді: *басылымдар*: газеттер мен журналдар; электронды БАҚ: теледидар, радио және Интернет. Бұл байланыс құралдарының бүтінгі қоғамдағы орны ерекше екендігі баршамызға мәлім. Бұл жыында басты назарда Орталық Азия аймағы, Еуразиялық кеңістік пен посткенестік мемлекеттердегі ақпараттық агенттіктердің қызметі мәселелері болды. Пікір алмасулар барысында «Еуразия – геосаясат сұрақтары», «Жаңа мыңжылдықтың жаһандық процестеріндегі Еуразияның стратегиялық рөлі», «Медиақауымдастық және БАҚ стандарттарының этикалық нормаларының жаңа талаптары», «Халықаралық қақтығыстардағы БАҚ рөлі», «Жаңа технологиялардың ықпалы», «ТМД-дагы БАҚ дамуының тәжірибесі» сынды секциялар жұмыс жасады. Жалпы форум делегаттарын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Иран Президенті М. Хатами, журналистердің Халықаралық конференциясы бас хатшысы Э. Уайт күттүктады. Ресей Президенті В.В. Путин де өзінің күттүктау хатын форум қатысушыларына жолдады.

Халықаралық деңгейдегі тағы бір шара 3-4 маусым күні Алматы қаласында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) бірінші саммиті етті. Маңызды саммит жұмысына 16 мүше-мемлекеттер (Ауғанстан, Әзіrbайжан, Египет, Иран, Израиль, Қазақстан, Қыргызстан, Қытай, Монголия, Палестина, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Түркія, Өзбекстан, Үндістан) мен 8 ел (Австралия, АҚШ, Индонезия, Жапония, Таиланд, Вьетнам, Украина, Корея Республикасы) мен үйымдардың бақылаушылары қатысты. Елбасының мына пікірі көрегендіктің белгісі: «Еуропадағы, әсіресе Азиядағы қауіпсіздік, Батыс Еуropa мен Оңтүстік-Шығыс Азияның әлемдік экономикалық орталықтарымен байланысы мемлекеттің ұстанымын айқындаиды». Сондықтан жаңа көтерлер үлттік қауіпсіздіктің жаңа механизмдерін қалыптастыруды қажет етеді. Осы жоғары деңгейдегі кездесуге дейін 24 мемлекет ғалымдары, сарашылары мен сыртқы істер министрліктерінің мамандары және БҰҰ, ЕҚҰҰ, АЕЛ (Араб елдерінің лигасы) сынды беделді халықаралық үйимдар өкілдерінің ұзақ және енбекті көп керек ететін жұмыстары орын алды. Саммитте АӨСШК құрылтай құжаты болып табылатын АӨСШК Жарғысы яғни, Алматы Актысы қабылданды. Құжатта мүше мемлекеттердің Азияда бейбітшілік, еркіндік пен өркендеудің шарттарындағы қауіпсіздіктің жалпы және бөлінбейтін салаларын қалыптастыру туралы айттылды. Бұл Үндістан мен Пәкістан арасындағы кезекті қақтығыстардың өршү қаупі туындал тұрган кезеңдегі маңызды қадамдардың бірі еді. Сонымен қатар, АӨСШК құрылымы мен

институттары айқындалып, мемлекет басшылары арасындағы тұрақты кездесулер төрт жылда бір рет, ал сыртқы істер министрлері деңгейінде екі жылда бір рет өткізуге келісілді. Саммиттің екінші маңызды құжаты терроризмды жою және өркениеттер арасындағы үнқатысуға ықпал ету жөніндегі Декларацияны қабылдау болыш табылады. Жалпы АӨСШК шақыру идеясын Азия аймағындағы мемлекеттермен қатар, Ресей Федерациясы, Қытай, АҚШ, Жапония, Австралия, Түркия, Германия қызу қолдады. Мәселен, ГФР вице-канцлері Й. Фишер: «ГФР үкіметі Қазақстанның аймақтағы жағдайды реттеудегі саяси бастамасын қолдауга дайын», - екендігін айтты. Иран Президенті М. Хаттами АӨСШК бастамасы және оның Азиядагы сенімді бекітудегі рөліне жоғары баға беріп, елінің қолдайтындығы жөнінде айтты. Ал, Ресей Федерациясының сол кезеңдегі Президенті В.В. Путин АӨСШК форумын «өз уақытында өткізілген және жоғары дәрежеде пайдалы» деп атап көрсетсе, БҮҰ-ның 1997-2007 жылдар аралығындағы Бас хатшысы К. Аннан «улken жетістік» екендігін баян етті.

Жалпы аталмыш үйімнің негізгі бағыттары еуразиялық идеясына сүйенеді деп пайымдаймыз. Аталмыш идея құрлық тарихы ерекшеліктеріне негізделген философиялық-саяси тұжырымдама болыш табылады. Сонымен қатар, тарихи-мәдени тұжырымдама ретінде саналатын идея еліміздің интеллектуалды элитасын мазалайтын түсініктердің бірі. Еуразиялық озық идеяның ұстамды және сыйдарлы нұсқасын Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев ұсынды. Саяси интеграцияға бағытталған түсінік мемлекет басшысының «Еуразиялық Одақ» ұғымын қалыптастыруға септігін тигізді. Қазіргі өзекті саяси тәжірибеде Елбасы посткеңестік кеңістік мемлекеттерінің ықпалдастырынан көреді. Іс жүзіндегі аталмыш идея үлken кеңістік үшін нақты тұғырнаманың іргетасы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев үшін интеграция құр бос сөздер мен ұрандар емес. Ол нақты қадамдарға ұласатын маңызды шара. Міне осы жолдағы маңызды жұмыстар ЕурАЗЭҚ, АӨСШК, ШЫҰ секілді халықаралық үйімдардың құрылуына және Жалпы экономикалық кеңістік идеяларының дамуына үйіткі болудан басталады. Елбасы тұжырымдамасы бойынша Еуразия географиялық шекарасы айқындалған, экономикалық, саяси және мәдени өлшемдерге ие жалпы құрылым.

2002 жылдың 7 маусымында Шанхай ынтымактастық үйімнің құру жөніндегі декларацияға сәйкес Санкт-Петербург қаласында үйімнің хартиясы қабылданды. Құжат баптарында ШЫҰ мақсаттары мен міндеттері, мүшелікке қабылдануы, органдары, мэртебелілігі мен иммунитеті айқындалды. Осы жылдың 3 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Оңтүстік Африка Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының өткізген тұрақты даму жөніндегі саммит жұмысына қатысты.

Осы жылдың 30 тамызында Еуразия журегіндегі Астана қаласының тәрінде Н.Ә. Назарбаевтың идеясымен Елорданың символы саналатын «Бейтерек» монументі салынды. 97 метрді құрайтын Монументтің көрініс кешені қаланың көркем бейнесін ашады. Осы 97 саны кездейсок емес, бул оңтүстікегі астананың Алматы қаласынан Астанага ауысуын білдіретін нышандық белгі.

17 қазанда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасына сапармен келген БҰҰ Бас хатшысы К. Аннанмен кездесті. Атальмыш кездесу ел саяси өмірі тарихындағы және Қазақстанның БҰҰ-мен әріптестігінің дамуындағы жаңа кезеңнің бастауы еді.

Осы жылдың 23-24 қазанында Түркістан қаласында Дүниежүзі казактарының екінші қурылтайы өтті. Құрылтай жұмысына 32 мемлекеттің 400-ден астам өкілі қатысты.

Жалпы 2002 жыл мемлекеттің үшін деңсаулық жылы болып белгіленді. Тегін медициналық көмектің кеңеюіне жол аштын деңсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

## **2003 ЖЫЛ: ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТУРЛІ ДІНДЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ҚАЗАҚСТАН**

2003 жылдың 23 қаңтарында Н.Ә. Назарбаев Давостағы 33-ші Дүниежүзілік экономикалық форумың жұмысына қатысты. Осы жылдың 6 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ватиканда Рим экесі II Иоан-Павелмен кездесті. Бұл шара барысында әлемдік діндер мен конфессиялар жетекшілерінің съезін шақыру өзектілігі айқындалды.

2003 жылдың сәуірінде Елбасы Қазақстан халқына кезекті Жолдауын ұсынып, ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары туралы басымдықтар қабылданды. Бұл Жолдауда 2004 жылғы экономикалық және әлеуметтік саясаттың, қоғамды одан әрі демократияландыру мен мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудың, мәдениет, білім беру мен руханият салаларын дамытудың негізгі бағыттары баяндалды. Экономикалық өсу аграрлық, индустриялық-инновациялық, интеграциялық, инвестициялық саясатпен байланыстырылығы туралы айттышп, Астананы дамыту бағытындағы негізгі қимылдар сөз етілді. Әлеуметтік дамудағы зейнетақылар, жалақы, мәдени-рухани мұраны зерттеуге бағытталған іс-шаралардың ұйымдастырылуы сөз етілді. Қоғамды демократияландыру мен тиімді басқарудың негізін қалау жөніндегі мәселелер қарастырылды. Даму мен жетілдірудің аграрлық азық-түлік, индустриялық-инновациялық, инфрақұрылымды және энергетиканы дамыту, әлеуметтік даму бағдарламалары төрт өзекті тұтқалы бағыттары анықталды.

Осы жылдың 24-26 сәуірі аралығында Алматы қаласында Екінші Еуразиялық медиафорум өтті. Негізгі тақырып XXI ғасырдың басындағы жаңа геосаяси жағдайлар аясындағы БАҚ-тың рөлін ұғыну болып табылды. Бұл жынга еткен жылғыдай Шығыс пен Батыстың саясаткерлері және журналистерімен қатар, танымыл сарапшылар да қатысты.

17 мамырда Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Ватиканың мемлекеттік хатшысы кардинал Анджело Соданоны қабылдады. Ватикан мемлекеттік хатшысы Елбасына Папа Иоанн Павел II-нің сәлемін жеткізді.

Осы жылдың 5 шілдесінде Алматы қаласында «ОЦАС» (Орталық-Азиялық Ұнтымақтастық үйімі) саммиті өтті. Қазақстан, Қыргызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мүше бұл үйім 2002 жылдың 28 ақпанында құрылған болатын. Жаңа құрылым 1994 жылдары құрылған «Орталық-Азиялық экономикалық қауымдастықтың» мұрагері болатын. Дегенмен үйімның тарихи саңнадағы орны ұзакқа бармады. 2005 жылдың

казанында атальмыш ұйым Еуразиялық экономикалық қауымдастық катарына бірігу процесі басталды.

23-24 қыркүйекте Елордамыз Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші Құрылтайы өтті. Құрылтайдың ашылуында Елбасы Н.Ә. Назарбаев форумқа катысушыларға құттықтау сөз сөйлемді. Қазақстан Елордасында өткен дүниежүзілік және дәстүрлі ұлттық діндер құрылтайына 17 елден делегация катысты. Атап айтсак, Қытай буддистік қоғамы төрағасының орынбасары Цзямуюн Лосанцзюмәй Туданьцосдиним басқарған Бүкілқытайлық буддистік Қауымдастық өкілдері, Бүкілқытайлық даосистік қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары Цжан Цзиой мырзалар келді. Құрылтайға қатысу үшін Жапония синтоистік шіркеулер бас басқармасының директоры Минору Сонода, Евангелияны уағызыдау жөніндегі конгрегациясының президенті Юзеф Томко, Ставрополь және Владикавказ епископы Феофан, Ресейдің бас раввині Адольф Шаевич басқарған өкілдер келді (Қараңыз: <http://kaz.gazeta.kz/art.asp?aid=30975>). Сол жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда 40 конфессия өкілдерін құрайтын 3036 діни бірлестіктер жұмыс істеді. Ал 1990 жылы республикада 761 діни бірлестік тіркелген екен. Сонымен қатар, елімізде 1669 мұсылмандық бірлестік, 249 православиелік, 81 католик, 23 иудейлік, 1 мыңға жуық протестанттық бірлестіктер бар. Олардың іелігінде 2,2 мың мешіт, шіркеу, дұға үйі мен басқа да ғибадат ғимараттары ашылған. Еліміз бойынша 8 жоғары (соның ішінде 2-мұсылмандық, 1-католик, 1-лютерандық, 4-протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін діни-рухани мекемелер жұмыс істеген. Құрылтай аяқталған соң шетелдік журналистерге сұхбат берген Елбасы Н.Ә. Назарбаев құрылтай жайындағы ойын: «Біздің елімізде тағы бір үлкен тарихи оқиға болды деп саналады. Себебі осылай деп бүкіл дүниежүзі мемлекеттерінің басшылары айтып жатыр. Әлемнің тарихында Азия елінде, мұсылман жерінде бүкіл дүниежүзінің діндері, жер бетінің халқы табынатын діндерді айтайық, христиан, ислам, буддизм, иудаизм және оның тармақтары барлығының басшылары жиналып, Алла тағала – Құдайдың бір екенін, ол Құдайдың адамға жақсылық жасау мәселесі қозғалып, ешқандай дінде экстремизм жоқ, бір-бірімен тіл табысадын енбегізгі жолы – бір-бірімен сөйлесу, пікір таластыру, бір-бірін тыңдау екенін айтып аяғында үлкен құжат кабылдадық. Нью-Йорктағы Дін орталығы Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимаратындағы ғимарат салу жөніндегі пікірлер айтқаны біздің Қазақстан үшін үлкен жағдай болды деп санаймын», - деп түйінеді.

Осы жылдың 15 қазанында елімізде алғаш рет азаматтық форум ретінде өткен бірінші үкіметтік емес ұйымдардың съезі ұйымдастырылды. Демократиялық және азаматтық қоғам орнаган елде үкіметтік емес ұйымдардың белсененділігі артады. Қазақстан Республикасының

электронды үкіметі сайтында көрсетілгендей, елімізде 5000 үкіметтік емес үйымдар тіркелген. Олардың 1907 үйымы белсенді түрде қызмет көрсетіп жатқан көрінеді. Үкіметтік емес үйымдар өз қызметінде барлық қоғамдық маңызды салаларды қамтиды. Қазіргі күнгі қазақстандық қоғамның барлық маңызды әлеуметтік мәселелерін қамтып отырған экология, білім, мәдениет, денсаулық сақтау, гендерлік қарым-қатынас, адам құқын қорғау салалары бойынша қызмет атқаруда. Эр түрлі бағытта ЕУ әмбебдегідей тұрақты топтары құрылған: экологиялық - 15%, балалар мен жастар - 13,6%; әйелдер - 13,3%; медициналық - 13,1%; мәдениет, өнер, ғылым, білім - 12,5%; құқық қорғаушылық - 7,6%; әлеуметтік қорғау - 6,8%; қоғамдық инициативаны қолдау бойынша - 6%; кеп салалы - 4,7%; мүгедектер қоғамы - 4,4%; мүгедек балаларды қалыпта келтіруде - 3%. Қазақстанда биліктің сенімді әріптесі болып табылатын үкіметтік емес үйымдары қарқынды дамып келеді. Олардың саны елімізде күн сайын ұлғайып отыр. Дегенмен елімізге саннан сапаға ауысатын уақыт жеткен сияқты.

Бұл жыл еліміз үшін Қазақстанның ауыл шаруашылығының жаңа кезеңі болған ауылды қолдау жылы ретінде есте қалды.

## **2004 ЖЫЛ: БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

2004 жылдың 9-10 кантарында Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің реңсі сапары шенберінде Ресейдің Қазақстандағы жылы салтанатты түрде ашылды. Бұл жыл екі ел арасындағы байланыстарға серпін беруге жәрдемдесіп, базалық заңнамалық құжаттарды нығайтуға ықпалын тигізді. Жалпы өткен жылы Қазақстанның Ресейдегі жылы сәтті өткен болатын. Ал, осы жылы елімізде ресейлік баспасөз күндері, екі ел саясаттанушыларының конференциясы, Астана қаласындағы Мәскеу күндері, өзара байланыстарды қамтитын тақырыптардағы түрлі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, жастар фестивалдері мен дөңгелек үстелдер үйымдастырылды. Бүгінде еліміздегі Ресей Федерациясының елшілігі Астана қаласында болса, Бас консулдық пен консулдық Алматы, Орал қалаларында орналасқан. Ресейдегі елшілік Мәскеуде, Бас консулдық Санкт-Петербург қаласында болса, Омск пен Астраханьда консулдықтар орналасқан.

Осы жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына кезекті жолдауын жасады. Бәсекеге қабілетті экономика мәселелері бойынша ырықтаңдыру және бюрократиясыздандыру, әлемдік экономикаға интеграциялану, индустримальық-инновациялық даму, аграрлық саясат, инфрақұрылым төнірегінде жаңа бастамалар көтерілді. Адам ресурстарын дамыту бойынша түрғын үй құрылышының жаңа саясаты, деңсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамту жолдары айқындалды. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мемлекеттік құрылым, ішкі, сыртқы саясат пен қауіпсіздікпен байланыстылығы ашыла түсті. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы рөлі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер сапасының артуынан көрінеді.

28-29 маусымда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ыстамбұл қаласында өткен НАТО/СЕАП Солтүстік атлантикалық альянстың мүше мемлекеттері Саммитінің жұмысына қатысты. Саясат пен қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты ұнқатысулар мен кеңестерді үйымдастыруды қамтамасыз ететін үйимға НАТО мүшелерінің 26 мемлекеті мен 20 әріптес мемлекеттері қатысты. Прага жетістіктерінің нәтижелері бейбітшілік жөніндегі әріптестіктің дамуына жол ашып, мемлекеттер мұдделерін қарастырды. Осы еуроатлантикалық кеңістіктегі тиімді және демократиялық институттарды құру реформасы қолдау тапты. НАТО-ның

әріптес мемлекеттері болып табылатын маңызды екі стратегиялық аймакқа назар аударылды: Кавказда (Армения, Әзіrbайжан мен Грузия) және Орталық Азия (Қазақстан, Қыргызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан). Осы екі аймакқа НАТО Бас хатшысы атынан қызмет ететін арнайы өкілдер тағайындалды.

2004 жылдың 13-29 тамызы аралығында Грецияның Афины қаласында Жазғы Олимпиадалық ойындары өтті. Бұл ойындарға 201 елдің 10 625 спортшылары қатысты. Олимпиада ойындары тарихында алғаш рет Кирибати мен Шығыс Тимор елдерінің спортшылары додаға шықты. 28 спорт түрінен медальдардың 301 жиынтығы берілді. 74 елдің спортшылары ең болмағанда бір медальды иеленсе, 127 мемлекет медальдар иелене алмады. Жалпы командалық есепте бірінші орынды Америка Құрама Штаттары иеленді. Олимпиада ойындарындағы бірінші алтын медальдарын Грузия, Израиль, Біріккен Араб Әмірліктері, Қытай Тайпейі мен Чили ие болды. Біздің еліміз жалпыкомандалық есепте 1 алтын, 4 күміс және 3 қола медальмен 40 орында тұрақтады. Жалғыз алтын медальды бокстан Баҳтияр Артаев иеленсе, күміс медальдарды бокстан Геннадий Головкин, грек-рим күресінен Георгий Цурцумия, еркін күрестен Геннадий Лалиев, ауыр атлетикадан Сергей Филимонов тақты. Үшінші жүлделі орынды онсайыстан Дмитрий Карпов, бокстан Серік Елеуов және грек-рим күресінен Мхитар Манукян иеленді.

Осы жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті. Бұл науқанға қатысқан 8 партия, 2 сайлау блогы, жұздең өзін-өзі ұсынған үміткерлер саяси күресті қыздыра түсті. Егер, 1999 жылы парламент сайлауымен салыстырсақ: саяси партиялардың бағдарламалары қарапайым сайлаушыларға түсінікті болып жасалған. Осыған орай, қазақстандық зерттеушілердің жүргізген талдауларына сүйене отырып, әрбір партияның бағдарламасына сипаттама беруге болады.

1. «Асар» республикалық саяси партиясы еліміздің тағдырына өзін аямайтын патриоттар мүддесін білдіреді. Асадың мақсаты - экономикасы мықты, демократиялық, құқықтық, азаматтық институттары дамыған әлеуметтік мемлекет құру. Партия «центристік» бағытты ұстанғандығын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевты қолдайтынын мәлімдейді. Әлеуметтік сала бойынша білім беру мәселелеріне, жастар саясатына көңіл аударады.

2. «Ақ жол» демократиялық партиясының тұғырнамасы 10 тараудан құралды. Республиканың барлық азаматтарының мүддесін білдіретін мемлекетшілдер мен патриоттар партиясы. Мақсаты - тәуелсіз, гүлденген, демократиялық, еркін Қазақстан, елдегі әрбір азаматтың жақсы өмір сүру құндылықтары - тәуелсіздік, демократия, бостандық, әділеттілік. Саяси салада билік органдарының сайланбалылығын, парламенттің өкілеттілігін,

мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруды, қала, облыс, аудан әкімдерінің сайлауын өткізуі, сайлау жүйесін реформалауды ұсынады. Экономикада шикізат секторын Қазақстан азаматтары пайдасына бөліп беруге, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге, 1 млн. жұмыс орын күргуга назар аударады. Әлеуметтік салада партия еңбекке ақы төлеу және барлық әлеуметтік топтардың өмір сүру деңгейін жақсарту шараларын қарастырады. Мұғалімдер, дәрігерлер, ғылыми қызметкерлер үшін «Азаматтық қызмет туралы» заңын қабылдануын ұсынады.

3. «Ауыл» социал-демократиялық партиясы ауыл еңбеккерлерінің мүддесін білдіреді. Негізгі мақсаты - «барлық ауыл тұрғындарының материалдық жағдайын көтеру, олардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету. Сондықтан біз еліміздің асыраушысы ауыл тұрғындарының мүддесін мемлекеттік деңгейде қорғау үшін парламент сайлауына қатысамыз», - деп жазылған. Басты саяси міндет ретінде партия саяси өзара әсер ету мен қоғам дамуының социал-демократиялық қағидаларын айқындайды. Зерттеушілердің пікірінше, «Ауыл» бағдарламасының маңызды бөлігі экономиканың аграрлық секторын дамытуға арналған. Әлеуметтік салага катастырылған селодарғы өмір сүру жағдайын жақсартуға назарды баса аударып, партияның әлеуметтік саясатын жақсарту шараларын ұсынады.

4. Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП) ауыл шаруашылығында еңбек ететін қауымның, ауыл-село тұрғындарының мүддесін білдіреді. Тұғырнамаңың мақсаты - еркін дамыған қоғамға, әлеуметтік әділеттікке қарай ілгерілеу. Партия елдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріне мемлекеттік билік пен жергілікті басқару органдарымен, саяси партиялармен, қоғамдық қозғалыстармен өзара сындарлы ынтымактастық арқылы ықпал етуді қажет деп санайды. Партия Қазақстандағы саяси пікіралуандылық пен көппартиялықты, лауазымды тұлғалардың емес, барлық қоғам мүшелері үшін заңын үстемдігін жақтайды. Аграрлық партия ел экономикасының базисі болып саналатын ауыл шаруашылық саласын дамытуғуды басты бағыт етіп алады. Бағдарламада экономиканы диверсификациялау мен либерализациялау жолдары негізделеді. Басым бағыттардың бірі ретінде отандық қысімпекерлікке қолдау көрсетуді көздейді. Әлеуметтік саясат саласында ішінен дамыған әлеуметтік саясат жүргізуі және еңбек жағдайын жақсартуды ұсынады.

5. Қазақстанның Азаматтық Партиясы мемлекеттілікті нығайтуға, өндірісті көтеруге, халықтың экономикалық әл-ауқатының артуына мүдделі азаматтардың көзқарасын білдіреді. Мақсаты - Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайту мен дамытуға улес қосу. Саяси салада партия мемлекеттің халық алдындағы жауаптылығын, демократиялық құқықтың мемлекет орнату міндетін алға қойды. Бұл мәселе жемқорлық пен билік органдарындағы лауазымдық

қылмыстырыкты жою, билік шешімдерінің жариялышығына қол жеткізу, аткарушы органдардың өкілдік органдар алдында есептілігі жолымен ғана шешімін табады деп есептейді. Бағдарламасында өнеркәсіпті дамытуға зор көніл бөледі: зауыттар мен фабрикаларсыз ұлттық экономикалық өндірісті қайта жандандыру мүмкін емес. Партия тұғырнамасында мемлекеттің әлеуметтік қызметі мен әлеуметтік әділеттілікті қүшету үшін күреседі деп көрсетілген. Сонымен бірге, әлеуметтік әрпітестік, қоғамның әлеуметтік игілігінің сипаттамасы туралы ұғымдарға түсінік беріледі.

6. Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы (ҚХКП) материалдық, рухани құндылық кумайтын еңбекшілердің, жұмыспен, шаруа, зиялышардың партиясы. Бұл партия - Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі. Саяси салада партия мынадай міндеттерді қояды: шынайы халық билігін қайта жанғыртуды, Парламеттің сайлау туралы жаңа Кодексті қабылдауын, Қазақстан тарихындағы кеңестік кезенді Ленин ілімін, КСРО-ны қаралауды тоқтатуды. Партия өзін билікке оппозиция саңайды билік басына келе қалған жағдайда өз идеяларын іс жүзіне асыруды көздейді. Коммунистер партиясы капиталистік сипаттағы нарықтық қайта құруларды қабылдамайтынын ашық айта тұра, меншіктің көп түрлі нысандарының болуын мойындаиды. Бағдарламасында тұрғындардың әлеуметтік қорғалуын қүшетудің қажеттігі баса көрсетіледі.

7. Қазақстанның патриоттар партиясы қоғамдағы патриоттар мұддесін ұстанады. Сайлау алдындағы тұғырнамасы манифест түрінде 12 тараудан тұрды. Мақсаты - қоғамның рухани-мәдени қайта оянуы және экономиканы көтеруге қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында еліміздің итілігін ұлттың байлығын еселеуге жағдай жасау. Партия демократиялық принциптер барлық ұлт өкілдерінің өкілдік органдарында отыру тере-тендігін, заңнамалық биліктің, сот жүйесінің, БАҚ-тың тәуелсіздігі үшін күреседі. Экономиканы көтеруді ұсынады. Әлеуметтік салада тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуды басты міндет ретінде қарастырады.

8. «Рұханият» саяси партиясы барлық тұрғындардың түрлі әлеуметтік топтардың мұддесін білдіреді. Мақсаты - нарықтық экономикаға әлеуметтік бағдарланған демократиялық, құқықтық мемлекетті құруға халықтың адамгершілік және рухани тұрғыдан қайта ояту жолымен ықпал ету. Сайлау алдындағы ұраны - Бостандық, Әділет, Адамгершілік. Партия «Қазақстан-2030» стратегиясында айқындалған реформаларды жүзеге асыру қажет деп саңайды. Партия республиканың көпсалалы экономикасы, халық шаруашылығының барлық саласында өз тауар өндірісімізді дамытуға база болуы тиіс деп пайыздайды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдауға назар аударады.

9. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» (КДТ) партиясы езін еркін қоғам мен әлеуметтік әділлікті міндеп ететін барлық азаматтардың партиясы деп атайды. Мақсаты - тең мүмкіндіктер қоғамын орнату. КДТ партиясы Парламенттік республика елдің болашағы үшін бірден-бір қажет басқару нысаны деп есептейді. Тұғырнамасында саяси жүйені реформалаудың басты міндепті - жаңа Конституция қабылдау деп көрсетілген. Мемлекет тараапынан дәрігерлік қызмет көрсетудің тегін болуын, көшшілікті біліммен қамтамасыз етуді, зейнетақыны көтеру бойынша шараларды, тұргындарды тұргын үймен қамтамасыз ету мәселелерін көтереді.

10. «Қазақстанның демократиялық партиясы» (КДП) барлық казақстандықтар үшін құқық және әділлік, еркіндіктің шынайы демократиялық партиясы. Мақсаты - еліміздің азаматтық еркін тәуелсіздікті демократия, ұлттаралық келісім мен саяси тұрақтылық, еркін нарықтық экономика мен заңның үстемдігі принциптеріне негізделген құқықтық мемлекетті нығайту жолымен біріктіру. Партия Қазақстанның болашағын эволюциялық, үйлесімді, тұрақты дамуымен, дәстүрдің сақталуы мен тарихи тәжірибелі құрметтелуімен байланыстырады. Негізгі құндылықтары - бостандық, заң, әділет, ынтымақ. Қазақстанның демократиялық партиясының міндепті - Қазақстанның саяси және құқықтық жүйесін жетілдіруге, одан әрі демократияландыруға, тұргындардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, казақстандықтардың саяси-құқықтық мәдениетін дамуын мен нығайту ықпал ету. Партия зиялыштары орта таптың мұддесін қорғайды. Партия «Мұғалім туралы» заңды қабылдаудың қажеттілігі езекті болып табылады деп есептейді, жемқорлықпен курес проблемасына назар аударады. Бүгінгі күні жемқорлық құқықтық органдарда тамырын жайып барады. Сондықтан, «Лоббилау туралы» заңды қабылдау қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе ретінде қарастырады. Әлеуметтік кепілдіктердің жаңа жүйесін жасауға, әлеуметтік бағдарламалардың қаржыландырылуын көңейтуге, әлеуметтік саясаттың тұтас тұжырымдамасын қабылдау үшін жұмылады.

11. «Отан» республикалық саяси партиясы барлық казақстандықтардың мұддесін қорғайды. Бағдарламасы Қазақстанның өркендеуінің 5 жылдық дамуына арналып, мақсаттары мен міндептері белгіленген. Қазақстан қарқынды экономикалық даму негізінде әлеуметтік салада ерекше серпін жасап, ТМД бойынша өмір сүру сапасы жағынан көшбастаушы болуы тиіс. Сондай-ақ партияның саяси жүйедегі рөліне, сайлау заңын жетілдіруге, ұлттаралық келісімді нығайтуға зор көніл бөледі. Партия экономикалық интеграцияны колдайды (Қараныз: Булуктаев Ю. О. Партийная система Казахстана накануне выборов: проблемы перспективы // Policy Studies. - 2004. - №1. - 32 с.).

Саяси партиялар бойынша сайлау корытындыларының нәтижелері: «Отан» Республикалық саяси партиясы 60,61%; Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы 12,04%; «Асар» Республикалық партиясы 11,38%; «АИСТ» Аграрлық және Азаматтық партиялардың сайлау блогы (Аграрлық-Индустриалдық Еңбекшілер Одағы) 7,07%; «Коммунистер мен КДТ оппозициялық халық одағы» сайлау блогы 3,44%; Қазақстанның Коммунистік Халық партиясы 1,98%; Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясы 1,73%; Қазақстанның Демократиялық партиясы 0,76%; Қазақстанның патриоттар партиясы 0,55%; «Руханият» партиясы 0,44%.

Осы жылдың 2 қарашасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының Президенті жаңындағы демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды және ұлттық комиссия туралы ереже мен оның күрамы бекітілді. Бұл кеңес беру органды еліміздегі саяси дамудың маңызды мәселелері бойынша жалпыұлттық үнкіткышуды өрістету мақсатында күрылыш отыр. Ұлттық комиссияның төрағасы болып Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Болат Өтемұратов бекітілді. Ұлттық комиссияның күрамына: Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің төрағасы Серікболын Әбділдин, Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Әбдірахманов, «Ақ жол» демократиялық партиясының төң төрағасы Элихан Байменов, Парламент Сенатының депутаты Анатолий Бащмаков, «Руханият» партиясының төрайымы Алтыншаш Жаганова, «Отан» республикалық саяси партиясы төрағасының орынбасары Амангелді Ермегияев, әділет министрі Оңалын Жұмабеков, Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары Берік Имашев, Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясының төрағасы Фани Қалиев, Патриоттар партиясының төрағасы Фани Қасымов, Парламент Сенатының депутаты Әбіш Кекілбайұлы, «Қазақстанның демократиялық тандауы» халықтық партиясының төрағасы Асылбек Қожахметов, Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясының төрағасы Владислав Косарев, мәдениет, акпарат және спорт министрі Есегжан Қосыбаев, Қазақстанның Аграрлық партиясының төрағасы Ромин Мадинов, «Асар» партиясының төрайымы Даира Назарбаева, Қазақстанның Демократиялық партиясының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев, Азаматтық партияның орталық комитетінің бірінші хатшысы Азат Перуашев, Парламент Мәжілісінің депутаты Михаил Трошихин кірді (Қараңыз: <http://www.inform.kz/kaz/article/1099363>).

2004 жылдың 10 қарашасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы 2005-2007 жылдарға «электронды үкімет» қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы Бағдарламада жағдайлар жасауға және «электрондық

үкіметтің» мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған шаралар көзделеді, олар мынадай шешуші сәттерге шоғырландырылатын болады:

1) «электрондық үкімет» пен оны пайдаланышылардың жұмыс істеуін реттейтін нормативтік құқықтық базаны дамыту; 2) халықты «электрондық үкімет» мүмкіндіктеріне тарту, яғни білім алу және ақпарат тенсіздігін еңсеруге, электрондық іс-қимыл рәсімдерін орындау мен халықтың қалың жігі үшін «электрондық үкімет» қызмет көрсетулеріне коллежетімділікті ұйымдастыру үшін қоғамды қажетті білімділік деңгейімен камтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды іске асыру қажеттілігі; 3) мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде әкімшілік процестерді стандарттау мен нысандаудыруды, сондай-ақ мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мен басқарудың бірыңғай саясатын әзірлеу мен іске асыруды білдіретін мемлекеттік органдарды ақпараттандыру. «Электрондық үкіметті» енгізу стратегиясына сәйкес «е-үкіметті» қалыптастыру және дамыту 4 кезеңнен тұрады: Бірінші - ақпаратты жариялау және таратуды көздейді; екінші - мемлекеттік орган мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың кері және тұра жолымен интерактивтік қызметтерді беру; үшінші - қаржылық және заңдық операцияларды үкімет порталы арқылы іске асыру транзакциялық өзара іс-қимылы; төртінші - ақпараттық қоғамды қалыптастыру (Қараңыз: <http://e.gov.kz/wps/portal/Content>).

## **2005 ЖЫЛ: ӨҢІР КӨШБАСШЫСЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮРМЕТТІ ӘРІПТЕС ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

2005 жылдың 27 қаңтарында Алматы қаласында халықаралық, аймақтық және субаймақтық үйымдардың қатысуымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Контртеррористік комитеттің 4-ші арнағы мәжілісі өтті.

Акпан айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты ел халықина Жолдауын арнады. Жолдауда Қазақстан тарихында тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігі ескеріліп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекет орнағандығы туралы айтылды. Қазақстан өңірдің көшбасшысына, халықаралық күрметті әріптеске, халықаралық лаңқестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық қарудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналуы сөз болды. Қазақстанның жеделдегілген экономикалық және әлеуметтік прогрессі инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды, шағын және орта бизнесі дамыту, аграрлық, қаржылық сектор мәселелері, XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау, саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы мемлекеттік жобаға айналды.

Осы жылдың 2 маусымында үлкен халықаралық маңызға ие, борттагы ғарышкерлерді ұшыратын планетадағы үш ғарыш айлағының бірі болып табылатын Байқоңырдың 50 жылдығы атальш өтті. Ол 1970-1980 жылдары Кеңестер елінің ірі ғарыш орталығы болды. Бүгінде Байқоңырды Ресей Федерациясы 2050 жылға дейін жалға алып отыр.

2005 жылдың 5 шілдесінде Астана қаласында Шанхай ынтымақтастық үйымына қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің 10-шы отырысы өтті. Оттырыс барысында Пәкістан, Иран және Үндістанға ШЫҰ жынындағы бақылауыш мәртебесі берілді. Сонымен қатар, 27 қыркүйекте Душанбе қаласында аймақ деңгейінде өткен тағы бір шарага Қазақстан Республикасы қатысты. Осы күні Орталық Азия ынтымақтастығы үйымына қатысушы мемлекеттер Премьер-министрлері Кеңесінің бірінші отырысы өтті.

Осы жылдың 4 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президенттің кезекті үшінші сайлауы өтті Бұл сайлау науқаны ғалым-зангерлердің жүртшылыққа арналған ашық хатымен басталды. Хаттың негізгі мазмұны президент сайлауының болатын мезгіліне байланысты еді. Ғалымдардың айтқан пікірлеріне байланысты көп таластар пайда болды. Нәтижесінде Конституциялық кеңес сайлаудың болатын күнін ресми аныктады.

2005 жылғы Президент сайлауының науқаны осыдан жеті жыл бұрынғы науқаннан өзгеше өтті. Бұл сайлаудағы Қазақстанның саяси нарығына Ресейлік, Украинаңдік саяси кампаниялардың қалдықтары катысады. Бұл отандық саяси сайлау технологияларының мектебі ілгері жылжығанын байқатады. Саяси жарнаманы коммерциялық жарнама секілді көпжақты қарастыруға болатыны белгілі. Оның көптеген түрлері сол жарнама жасаушылардың киялдарынан туындаған өнімдерінде көрініс табады. Бүгінде дәстүрлі плакаттар, транспаранттар, листовкалармен қатар, жарнамашылырдың әр-алуан идеялары бар. Сол идеялар әрқашан сайлау науқаны технологияларында өзара қаралады. О. Бальзактың өзі, идеяны тек идеямен женуге болады деген емес пе? Міне, солардың кейбір түрлері осы Президент сайлауы науқанында қолданылды.

2005 жылғы Президент сайлауына катысуға тілек білдірушілер саны көп болды. 2005 жылғы З қазандығы мәлімет бойынша президенттікке 18 адам үміткерлікке ұсынылды, оның төртеуін республикалық қоғамдық бірлестіктер, 14-і өзін-өзі ұсынғандар. Лингвистикалық комиссия 13 үміткердің мемлекеттік тілді еркін мемлекеттік анықтап, КР Оргалық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сай келетінін анықтады. Дегенмен сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 59-бабы 7 – тармагы 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес, тіркеуге қажетті құжаттарды табыс етпегендігіне байланысты К.Қ. Асан-Ата, А.Х. Асылбек, Ж.Ә. Бәзілбаев, У.Ә. Қайсаров, М.Қ. Оразай, С.С. Өтен, Б. Рахымжанов, М.Қ. Тілеулесов сыныды азаматтарды кандидат ретінде тіркеуден бас тартты.

Президенттікке үміткерлер ретінде «Отан» республикалық саяси партиясы қоғамдық бірлестігінің атынан ұсынылған Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы, «Әділетті Қазақстан үшін» Демократиялық күштер блогы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атынан ұсынылған Тұяқбай Жармахан Айтбайұлы, өзін-өзі ұсынған, «Табиғат» Экологиялық одағының төрағасы Елеусізов Мәлс Хамзаұлы, Қазақстан Коммунистік халықтық партиясының атынан Әбілқасымов Ерасыл Әбілқасымұлы және Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы қоғамдық бірлестігінің атынан ұсынылған үміткер Бәйменов Әлихан Мұхамедияұлы тіркелді.

Осы сайлаудың ерекшелігі соңда, үміткерлер алдағы сайлаумен салыстырғанда көптеген ұрандар қолданды. Мәселең, Н.Ә. Назарбаев – «Қазақстан - Тек қана алға!», «Біздің Елбасы», Ж.А. Тұяқбай – «Біз бәріміз женіске жетеміз!», «Тұяқбай - әділеттілік пен тәртіп», «Ел байлығын халқымызға қайтараіық!», «Әділетті қоғам үшін дауысында бер!», «Біз әділетті қоғамда өмір сүруге лайықтыз!», «Біздің Президент!», М.Х. Елеусізов – «Жаңа дәүір лидері», Е.Ә. Әбілқасымов – «Сөз бастаған

- қол бастар, Қол бастаган - жол бастар», «Халық - өз елінің иесі!», Ә.М. Бейменов – «Жаңтардың таңдауы - менің таңдауым!», «Абыройлы өмір үшін!», «Үеде бітпейді, уақыт күтпейді» сынды ұрандар сайлаушылар назарын аудартты (Караңыз: Иватова Л.М., Насимова Г.Ә., Насимов М.Ә. Саяси жарнама: теория және тәжірибе. – Алматы, 2008. – 220 б.). Бұл сайлауда іс басындағы Президент Н.Ә. Назарбаев сайлаушылардың 91,15 пайыз дауысын иеленіп жеңіске жетті. Ж.А. Тұяқбайға 6,61%, Ә.М. Байменовке 1,61%, Е. Әбілқасымовқа 0,34%, М.Х. Елеусізовке 0,28% дауыстар берілді.

Жылдың соңғы айында қайта сайланған іс басындағы Президент Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауларында айтылған жоспарлы шараларды атқаруға кірісті. Бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыру жолындағы Қазақстан қызыметі жалғасты.

## 2006 ЖЫЛ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА СЕРПІЛІС ҚАРСАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

2006 жылдың алғашқы күндерінде, дәлірек, 7 қаңтарда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының жаңа мәтіні «Менің Қазақстаним!» қабылданды. 1956 жылы жазылған танымал әннің мемлекеттік әнұран мәртебесін иеленуіне байланысты мәтіндеріне түзетулер енгізілді. Түзетулер енгізген Елбасы Әнұран мәтінінің авторларының бірі ретінде саналады. Жалпы 55 жылдық тарихы бар әннің композиторы Шеміш Қалдаяқов және сөзі Жұмекен Нәжімеденов.

25 қаңтарда Санкт-Петербург қаласында өткен Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықтың Мемлекетаралық Консесіне қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин атом энергиясын бейбіт максатта пайдалану саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастырын дамыту туралы бірлескен Мәлімдемені қабылдады. Осы жылдың қаңтарында «Самұрық» мемлекеттік холдингіның негізі қалана бастады.

2006 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің катарына кіру стратегиясы» Жолдауы жасалды. Елбасы әлемдік рейтинг кестесінің жоғары белгіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негізгі бастамаларды көтерді: «Біріншіден, еркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және бір ғана шикізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады. Бұл - жеке мешілік институты мен келісім-шарттық қатынастарды құрметтеу мен корғауға, қоғамның барлық мүшшелерінің бастамашылығы мен іскерлігіне негізделген экономика. Екіншіден, біз аға ұрпақты, ана мен баланы, жастарды қамкорлық пен ілтипатқа бөлейтін алеуметтік бағдарланған қоғам, ел халқының барлық тоptары тұрмысының жоғары сапасы мен алдыңғы қатарлы алеуметтік стандарттарын қамтамасыз ететін қоғам құрудамыз. Үшіншіден, біз еркін, ашық әрі демократиялық қоғам орнатудамыз. Төртіншіден, біз дәйекті түрде саяси тежемелік пен тепе-тәндіктің үйлестірілген жүйесіне негізделген құқықтық мемлекет құрып, оны нығайта береміз. Бесіншіден, біз барлық діндердің тәң құқылығына кепілдік береміз және Қазақстанда конфессияларлық келісімді қамтамасыз еstemіз. Біз Исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық үрдістерін құрметтеп әрі дамыға отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнатамыз. Алтыншыдан, біз қазақ халқының санғасырылық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сактап, тұлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын

қамтамасыз етеміз. Жетіншіден, біз өз елімізді халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы және жауапты мүшесі ретінде қарастырамыз, ал мұның өзі біздің аса маңызды басымдықтарымыздың бірі. Қазақстан мұнда геосаяси тұрақтылықты және өнірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маңызды міндеттер атқарып отыр».

Сонымен қатар, Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамыш келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басуы жолындағы негізгі жеті басымдықтарды атап өтті. Атап өтер болсақ. Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдан кірігу – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі; Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру; халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат; осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі; демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту; осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге карсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру; Қазақстанның мұдделерін, өнірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін тенденстірліген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру.

4 наурызда Кувейтте штаб-пәтері орналасқан Азияның Олимпиадалық кеңесі 2011 жылғы VII қызық Азиялық ойындарын өткізуге Қазақстанның кандидатурасын бекітті. Барлығымыз бул спорттық окиғаның маңызды сәттерін осы жылы бақылағанымыз анық. Құрлықтың 26 мемлекеттің қатысқан Олимпиадалық ойында еліміз жалпыкомандалық есепте алтын алудың рекордын жаңартты. Қазақстан спортшылары барлығы 70 медель иеленіп, оның ішінде 32 алтын, 21 күміс және 17 кола медаль болды.

Осы жылдың 15 маусымында Шанхай қаласында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Шанхай Ұйымтастық Үйымына мүше-мемлекеттер басшыларының мерекелік саммиті өтті. Кездесу барысында өнірдегі қауіпсіздік мәселелеріне ерекше қоңіл бөлінді. Тараптар сауда-экономикалық және гуманитарлық ынтымактастықты кеңейту мәселелері бойынша пікір алмасты. Мемлекет басшылары ШЫҰ бес жылдық Декларациясы мен халықаралық акпараттық қауіпсіздік туралы Мәлімдемеге қол қойды.

2006 жылдың 17 маусымында Алматы қаласында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесінің (АӨСШК) екінші саммиті өтті. Саммит барысында АӨСШК екінші саммитінің Декларациясы кабылданып, Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымактастық мәселелеріне ортақ көзкарас білдірілді. Аталған шара шеңберінде

АӨСШК хатшылығының құрылуды және оның Алматыда орналасуы туралы шешім қабылданды.

17 шілдедеге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Санкт-Петербург қаласында өткен «Ұлкен Сегіздік тобының» мемлекет және үкімет басшыларының кездесуіне қатысты. Бұл форумға Н.Ә. Назарбаев ТМД-ның төрағасы ретінде қатысу үшін шақырылды. Аталған шара шенберінде Қазақстан Президенті «сегіздік тобы» мемлекет және үкімет басшыларының жұмыс отырысында сөз сейледі. АҚШ-тың Президенті Джордж Буш, ҚХР-ның Төрағасы Ху Цзинътао, Францияның Президенті Жак Ширак, ГФР-ның Канцлері Ангела Меркель, Индияның Премьер-Министрі Манмохан Сингхпен еki жақты кездесулер өтті. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаев Ресей Президенті В.В. Путинмен кездесіп, Қарашығанақ кен орнының газын игеру мен пайдалану саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамыту туралы Қазақстан Республикасы Президенті мен Ресей Федерациясы Президентінің Декларациясын қабылдады.

Осы жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Президенті, ТМД басшылары Кеңесінің Төрағасы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен ТМД-ның бейресми саммитіне қатысты. Жыныда сейлеген сезіндеге Қазақстан Президенті ТМД институтын реформалау жөніндеге әзірленген бағдарлама Достастық мүшелерінің қауауына жіберілгенін айтты. Аталған бағдарлама келешек интеграцияның бес негізгі бағытын көздейді. Бұл миграциялық саясат, ғылым және белгі, мәдени-гуманитралық салаларындағы ынтымақтастық, көлік инфрақұрылымын бірлесіп пайдалану, дамығту және трансшекаралық қылмысқа қарсы күресудегі ынтымақтастық жұмыстары болмақ.

2006 жылдың 8 қыркүйегінде Семей қаласында Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Туркіменстанның Сыртқы істер министрлері деңгейінде «Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аумак құру туралы» Шартқа қол қойылды. Қол қою рәсіміне БҰҰ, МАГАТЭ, халықаралық коғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, Қазақстанда аккредитацияланған дипломатиялық миссиялардың басшылары қатысты.

Осы жылдың 12-13 қыркүйегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II Съезі өтті. Аталған шарага Еуропа, Америка, Азия, Африка және Тая Шығыстың 26 елінен 25 діні жетекші мен 14 құрметті конак қатысты. Қатысушылардың саны 160 адамнан асты. Съездің күн тәртібіне сәйкес дін жетекшілері мен Съездің құрметті қонақтары ресми бекітілген «Өзге діндер өкілдерін тану және діни сенімге бостандық» пен «Халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы діндер жетекшілерінің ролі» тақырыптары бойынша сөз сейлеп, пікір алмасты. Съездің негізгі құжаты «Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің II Съезінің декларациясы»

және «Дінаралық ұнқатысудың қағидалары» дін басшыларымен бір ауыздан қабылданды.

27 қазанда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының басшылығымен келіссөздер еткізу үшін ЕҚЫҰ тұракты кеңесінің арнасы отырысында еліміздің бұл үйимға төрағалығының басымдықтарына арналған баяндама жасады. Осы жылдың 17 қарашасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Түркияның Анталья қаласында еткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының VIII саммитіне қатысты.

Тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуы, ішкі саяси реформаларының сипаты бүгінде әлем елдеріне улғі саналады. Сол кезеңдегі Қазақстанның негізгі міндеті серпінді экономикалық даму, тұрақтылықты сақтау арқылы саяси және экономикалық жаңғыруды жалғастыра дамыту болғандығы анық.

## **2007 ЖЫЛ: САЯСИ КӨШІМІЗДІҚ ӨЗІНДІК «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ» МЕН ШШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҚ МАНЫЗДЫ 30 БАҒЫТЫ АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН**

2007 жылдың 16 қаңтарынан қазақ тілін үйренемін деп ниеттеген жандарға арналған тегін оқыту мемлекеттік бағдарламасы жүзеге аса бастады.

Елбасының 1997 жылдың 10 қазанында халыққа арналған алғашқы «Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың есіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» жолдауына 2007 жылы 10 жыл толып, 28 ақпанда келесі онжылдыққа бағытталған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауын Елбасы халқына арнады. Жолдауда Президентіміз: «2007 жылы біз жүйелі демократиялық реформалардың келесі кезеңін жүзеге асыруға кірісеміз. Демократиялық реформалар бағдарламаларын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мем комиссия саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, сарапшылардың ұсыныстарын, еліміз азаматтарының пікірлерін қорыта келіп, мемлекеттегі алдағы саяси жаңғыртулар жайында нақты ұсыныстар дайындауды. Маңыздысы сол, бұл ұсыныстар бөтен тәжірибелі көшіру де, бағзы теорияларды қайталау да емес. Олар біздің қоғамымыздың қажетін әзірлеп, Қазақстанның нақты жағдайын екшейді. Бізде саяси реформалардың өзімізге лайық үлгісі, саяси көшіміздің өзіндік «қазақстандық жолы» қалыптасу үстінде», - деді. Бұл жолдаудың ерекшелігі - Елбасы мемлекеттің әзірлеу жаңартудың басты басымдықтары ретінде ішкі және сыртқы саясаттың маңызды 30 бағытын айқындал берді: 1) экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің орнықты сипатын қамтамасыз етуге бағытталған толымды стратегия әзірлеу және оны іске асыру; 2) әлемдік шаруашылық жүйесінде қазақстандық «тауашаларды» іздестіру, оларды қолға қарату және жасактау; 3) іргелі және «серпінді» жобаларға қатысу; 4) мемлекеттік холдингтердің қызметін шоғырландыру және олардың жұмысын халықаралық стандарттарға сәйкес ұйымдастыру; 5) өндіруші сектордың тиімділігі мен макроэкономикалық қайтарымдылығын едәуір арттыру; 6) ырыктандыру жағдайында қаржы жүйесінің орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің жаңа деңгейі; 7) Қазақстан үшін тиімді жағдайларда БСҰ-та кіру; 8) экономиканы әртаратандыру және шікізаттық емес секторды дамыту; 9) жоғары технологияларды енгізуге және инновацияларды қолдауға бағытталған біртұтас мемлекеттік стратегия жүргізу; 10) экономикалық есү мен бәсекеге қабілеттіліктің өнірлік орталықтарын қалыптастыру және олардың жұмыстарын бастауы; 11) мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізінде стратегиялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ осы саладағы басқару сапасын көтеру; 12) электрэнергетикалық ресурстарды дамыту және атом энергетикасының негіздерін жасау; 13) шағын және орта

бизнесті колдау жөніндегі дәйекті іс-кимыл; 14) халықаралық талаптарға сай келетін техникалық стандарттарды жедел әрі барлық жерлерде енгізу; 15) жеке менишік институтын және контрактілік қатынастарды дамыту; 16) Қазақстанды одан әрі индустрияландыру негіздерін қалыптастыру; 17) бастауыш және орта білім беру, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесін әлемдік стандарттарға жакындау; 18) оку орындарын халықаралық стандарттар деңгейінде аттестациялауды енгізу, жоғары білім беру саласында нақтылы және инженерлік ғылымдарды басым дамыту; 19) «Парасатты экономика» негіздерін қалыптастыру; 20) түргын үйдің қол жететіндей болуын қамтамасыз ету және жылжымайтын мүлік нарығын дамыту саласындағы дәйекті саясат; 21) медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және деңсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту; 22) жинақтаушы зейнетакы жүйесін дамыту; 23) саяси жүйені дамыту; 24) әкімшілік реформаларды іске асыру және атқарушы билікті жаңарту; 25) қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі ынғайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін көтеру; 26) Қазақстан халықтарының рухани дамуы және үштүғырлы тіл саясаты; 27) құқық қолдану іс-тәжірибесін жетілдіру және құқық тәртібін ынғайту; 28) Қазақстанның жаңа халықаралық жауапкершілігі, көп бағытты сыртқы саясатты дамыту және жаһандық қатерлерге қарсы құреске қатысу; 29) Қазақстанның өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі, Орталық Азия елдерінің экономикалық ықпалдастырыны дамыту мен Каспий және Қара теңіз аймағындағы серпіндірындық қалыптастырудың белсенді рөлі; 30) Қазақстанның «өркениеттердің үндесуін» дамытудағы мәдениетаралық және конфессиялардың орталық ретіндегі тұғырын бекемдеу.

Осы жылдың 20 сәуірінде ел экономикасының дамуына оң ықпал ету мақсатында Елбасы жаңа Жарлыққа қол қойды. Елімізде «Ертіс», «Оңтүстік» және «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары қызметін бастады.

23-29 шілде аралығында Ұлыбританияда алғаш рет бүркітшілердің I Бүкіләлемдік фестивалі өтіп, қазақстанның женіске жетті.

Осы жылдың 4 шілдесінде «Нұр Отан» партиясы жалпыұлттық күшке айналды. Қазақстанның саяси жүйені жетілдіріп, партияларды ірілendіру үшін «Отан» партиясының өзімен мақсат-мұддесі бір басқа партиялармен бірігуі нәтижесінде құрылған. 2006 жылы желтоқсан айында «Отан» РСП-ның 10-съезінде партияның аты «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы болып өзгерілді. Бұл партияның қатарына «Асар», «Азаматтық» және «Аграрлық» партиялар бірікті. Партия қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға; азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге; әлеуметтік әділеттік орнатуға және елімізде тұрақтылықты сақтауга;

ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға; Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отансуýгіштігі мен жауапкершілігін тәрбиелеуге белсенді ықпал етуді басты мақсаттары етіп жариялады. Мәжілісте «Нұр Отан» парламенттік көпшілікке ие (Қараңыз: [http://kk.wikipedia.org/wiki/Нұр\\_Отан\\_ХДП](http://kk.wikipedia.org/wiki/Нұр_Отан_ХДП)).

2007 жылдың 18 тамызында Парламенттің төменгі палатасы Мәжіліске мезгілінен бұрын сайлау етті. 2007 жылғы Парламент сайлауындағы ең негізгі өзгеріс - сайлаудың пропорционалдық жүйе бойынша етуі еді. Қазақстан тарихында алғаш рет сайлаушылар жеке кандидаттарды емес, партияларды таңдады. Әрине, бұл өзгеріс еліміздің көптеген партияларына қындықтар экелді. Өйткені партиялар тізім жасау барысында елге танымал тұлғаларды енгізе отырып саяси жарықта қатысуы жана үрдіс және сайлаушыларды дауыс беруге шақыру тағы бір мәселе. Себебі партиялар рейтингісінің күресі осы азаматтарға байланысты. Шын мәнінде осы науқаның қызықтылығы да осында болды. 7 саяси партия қатысқан сайлау нәтижелері төмендегідей болды: Жалпыұлттық социал-демократиялық партия 269310 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 4,54 проценті; «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы 5247720 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 88,41 проценті; Қазақстан Патриоттары партиясы 46436 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 0,78 проценті; Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы 89855 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 1,51 проценті; Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 183346 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 3,09 проценті; «Ружаният» партиясы 22159 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 0,37 проценті; Қазақстан Коммунистік халық партиясы 76799 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 1,29 проценті.

Осы сайлауда алғаш рет 20 тамызда біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын, төртінші шақырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауы болды. Нәтижесінде Ассамблея бойынша депутаттыққа 9 кандидат сайланды.

Сонымен қатар, 2007 жыл Қазақстан Республикасының Шанхай Ұйымымаңғастық Үйымындағы төрагалық жылы шеңберінде өткенін де атап кеткеніміз жөн.

## 2008 ЖЫЛ: ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЗАНДЫЛЫҚТАРЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЗАҚСТАН

2008 жыл Украинаның Қазақстандағы жылы шеңберінде өтті. 2007 жылы Қазақстанның Украинаадағы жылы өз дәрежесінде сәтті өткен болатын. Демек, бұған дейін украин халқы тәуелсіздік жылдарындағы ел жетістіктерімен, мемлекеттіміздің бай мәдени мұрасымен танысып, қазіргі Қазақстанның тынысын аңғарды. Бүтінде Украина Қазақстанның маңызды саяси және сауда-экономикалық әріптесі болып табылады. Кейір мәліметтер бойынша Қазақстан Украинаның әлемде жетінші, ТМД елдері бойынша екінші ірі сауда әріптесі ретінде саналады (Қараңыз: <http://www.regnum.ru/news/967633.html>).

Жыл басында, 15 қантар күні Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясы бойынша өзінің орынбасарларымен кездесіп, 2007 жылы өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне депутаттарды сайлаудан кейінгі партияның жүргізіп отырған жұмысы жөнінде хабардар болды. 17 қантарда Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті. Саяси кеңес мүшелері талқылаған негізгі тақырып – партияны және оның рөлін қазіргі заман талабына сай одан әрі дамыту мәселелері болды.

Осы жылдың 6 ақпанында Президенттің Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына, 30 корпоративтік көшбасшы бағдарламасына, қоғамды жаңғырту және елдің экономикасын инновациялық дамытуға арналған 2006 және 2007 жылдардағы Жолдаулардың занды жалғасы болып табылды. Бұл құжатта мемлекет рөлінің күшею тұжырымдамасы, мемлекеттің әлеуметтік саясатын жоғарылататын ұйымдастырушылық деңгейін арттыру басты идея еді. Жолдауда айтылғандай, «демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтары мен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси және мемлекеттік құрылыштың қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз».

2008 жылдың 22 ақпанында Ресей астанасы Мәскеу қаласында ТМД мүше мемлекеттер басшыларының бейресми саммиті болып өтті. Ресей Федерациясы Президенті Владимир Путиннің бастамасымен өткен саммит Ресей басшысы ретінде қатысып отырған жоғары деңгейдегі соңғы кездесуі еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету өтінішин қолдау мәселесінде табанды және дәйекті ұстаным» көрсеткендері үшін мемлекет басшыларына ризашылығын білдірді.

Ежелгі грек мифологиясындағы түсінік бойынша құдайлар мекен ететін Фессалияның киелі Олимп тауында 24 наурызда жағылған, жазғы ойындар ететін Қытай астанасы Бейжіңге жеткізілген олимпиадалық алау 2008 жылдың 1 сәуірінде Алматы қаласына экелінді. Оңтүстік астана олимпиада алауын алғаш жүрушілердің 130 күндік маршрутты жүріп ететін бес құрлықтарға 22 ірі қаланың біріншісі болды. 2 сәуірде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Медеу» мұз айдынында Олимпиада алауын алғашқы кезеңінде алғаш журу арқылы жер жүзін айналып ететін халықаралық Олимпиада эстафетасын ашты. Бұл жында мемлекет басшысы «Алатаудың баурайындағы ару қаламыз Алматы Афины мен Пекиннен кейінгі 2008 жылғы 29-шы жазғы Олимпиада ойындарының Олимпиада алауы эстафетасын қабылдайтын бірінші қала ретінде белгіленді. Бұл – еліміз үшін үлкен мәртебе. Қазақстан - әлемде саяси тұрақты, экономикасы өркендереген іргелі ел ғана емес, халықаралық спорттагы табыстарымен және талантты спортшыларымен танылған мемлекет. Олимпиада алауының Алматыға келуі осы айтулы жетістіктерімізге жасалған үлкен күрмет деп білейік», - деген болатын.

2008 жылдың 21 сәуірінде Мемлекет басшысының №573 Жарлығы бойынша бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызыметке тағайындастын және қызыметтен босататын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесі бекітілді. Осы Жарлық бойынша ең алғаш рет Елбасы тағайындаған ректорлар төмөндеғідей болды: Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры; Бақытжан Жарылқасымұлы Әбдірайымов – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры; Серік Жайлауұлы Пірәлиев – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры; Тілекtes Исабайұлы Есполов – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры; Жәния Яхияқызы Әубәкірова – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры; Айман Қожабекқызы Мұсақожаева – Қазақ ұлттық музика академиясының ректоры; Арыстанбек Мұхамедиұлы Әлиев – Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры; Айқан Ақанұлы Ақанов – С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің ректоры; Жексенбек Мәкейұлы Әділов - Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 24 сәуір күні Алматы қаласында ашылған VII Еуразиялық медиа-форумның жұмысына қатысты. Өзінің сөзінде Қазақстан Президенті соңғы кездесуден бері өткен бір жыл ішінде әлемнің қауіпсіздіктен арылмағандығын, ері жаңа заман тудырып отырган қауіп-кательлердің төмөндеңей отыргандығын атап етті. Сонымен қатар, түрлі өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы, Қазақстанның алдағы ЕҚЫҰ төрагалығы аясында тұрақты сұхбатты қалыптастыратын

Қазақстанның аймақтық және жаһандық мәселелерінің күн тәртібін баяндады. Бұл жының жұмыстарына АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бұрынғы кеңесшісі Збигнев Бжезинский, ЕҚЫҰ-ның бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҮҰ-ның Бас Ассамблеясының тәрағасы Срдҗян Керим, «Мир» Мемлекетаралық телерадио компаниясының тәрағасы Радик Батыршин, ИТАР-ТАСС басшылары Виталий Игнатенко және Михаил Гусман қатысты.

Осы жылдың 12 мамырында Мемлекет басшысының Жарлығымен бүгінгі Қызылорда облысының әкімі Болатбек Баянұлы Куандықов өз қызметіне тағайындалды.

14 мамырда елімізде «Жас Отан» жастар қанатының алғашкы съезі өтті. Жиынга қатысқан Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бүгін еліміздің белсенді, күш-жігері тасыған жастары бас қосып, туған Отанымыздың болашағына деген салиқалы көзқарастарын ортага салуға жиналыштың отыры. Сіздердің бұл қадамдарыңыз мені ерекше қанаттандырады. Өйткені «Жас Отан» бүгінде жастықтың, азаматтық белсенділіктің, сындарлы ой-пікірдің орталығы десем қателеспеймін. «Жасотандықтар» – еліміздің ең белді саяси партиясы «Нұр Отаның» берік тұғырыға емес, менің жас көмекшілерім, серіктестерім», - деп атап өтті.

2008 жылдың 5 шілдесінде Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан елордасының 10 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жының өтті. Осы жылдың 6 шілдесі Астана күні жаңа мемлекеттік мерекесі болып белгіленді.

Осы жылдың 8 және 24 тамыз аралығында Қытай астанасы Пекин қаласында XXIX Жазғы Олимпиялық ойындары өтті. Мұнда 41 спорт түрінен 302 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Қазақстан ұлттық кұрамасы спортың 22 түрінен 132 лицензияны жеңіп алған болатын. Спортың дода нәтижесі бойынша еліміз барлығы 13 медаль, оның ішінде 2 алтын (Илья Ильин – ауыр атлетика; Бакыт Сәрсекбаев – бокс); 4 күміс (Ирина Некрасова, Алла Важенина – ауыр атлетика; Асхат Жітекеев – дзюдо; Таймураз Тигиев – еркін күрес) және 7 қола (Нұрбахыт Тенізбаев, Әсет Мәмбетов - грек-рим күресі; Мария Грабовецкая - ауыр атлетика; Марид Муталимов, Елена Шалыгина - еркін күрес; Еркебұлан Шыналиев – бокс; Арман Шылманов – таэквондо) иеленіп, жалпыкомандалық есепте 29 орынға тұрақтады.

16 қазанда Елбасы «Бірлік табысқа жеткізеді» атты тақырыппен отандық жетекші телеарналардың журналистеріне сұхбат берді. Н.Ә. Назарбаев ел тұрғындарын мазалап жүрген өзекті сұрақтарға жауап берді және жаһандық дағдарыстың Қазақстан экономикасына кері әсерін азайту ушін жасалып жатқан іс-шаралармен таныстырыды.

2008 жылдың 23 казанында Бейбітшілік және келісім сарайында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тәрағалығымен Қазақстан халқы

Ассамблеясының XIV сессиясы етті. Елбасы бұл институттың бүгінгі таңдағы мемлекеттіміздегі тұрақтылық пен тұтастықты сақтаудың берік туғырына айналғанын атап етті.

6 караша күні Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» ХДП Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың катысуымен Астана қаласында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум өтті. Ұлт көшбасшысының партиясы бастамасымен өткізілген форум жұмысынан мемлекеттік органдардың басшылары, Парламент депутаттары, партияның аймақтық филиалдарының басшылары, «Нұр Отан» ХДП-ның жаңындағы жемқорлықпен күрес жөніндегі республикалық және аймақтық қоғамдық кеңестердің мүшелері, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық акпарат куралдарының өкілдері және ғалымдар катысты.

Жалпы қазіргі заманғы демократия адамның түрлі деңгейдегі табиғатына негізделеді. Демократияда халық тұлғалық дамудағы пайдалы тәсілдерді қолдануға тырысады. Сондыктан бұл феномен үнемі дамуды қажет етеді. Қазақстан Республикасындағы демократия өзіндік ерекшеліктерге ие және өзінің зандағыштарын толықтай қалыптастырыған билік формасы.

## **2009 ЖЫЛ: Дағдарыстан жаңару мен даму ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

2009 жылдың 12 қаңтарында Мемлекет басшысы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бірінші интеллектуалды мектебін ашты.

Осы жылдың 2 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Российская газета» басылымында әлемдік экономикалық дағдарысты жеңу мәселелеріне арналған «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласы жарық көрді. Біздің ойлануымызды түбегейлі жаңартуды, әлемдік валюта жүйесін сауықтырудың мәнін барынша айқын және түбегейлі түсіндіретін жеті қарапайым сұраққа адаптацияны беру жөнінде бастама көтеріп, түбегейлі жаңару жоспары айқындалды.

2009 жылдың 24 ақпанынан 25 ақпанға дейін ел тәуелсіздігінен кейін екінші рет Қазақстан Республикасында халық санағы жүргізілді. Ұлттық халық санағының басты кезеңінің қорытындысы бойынша Қазақстан халқының саны 16,3 млн адамнан асқан.

Осы жылдың 6 наурызында Елбасының «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын жасады. Жолдауда еліміздің екі онжылдық бойы жаңа ел құрып келе жатқаны атап етілді. Мемлекет соңғы бірнеше онжылдықтар ішіндегі ең күрделі әлемдік дағдарыстың экономикага көрі әсерін тигізіп отырган қызын жағдайда батыл шараларды қолға алғып, іске асырып келе жатқандығы да баян етілді. Елбасы осы күрделі кезеңде ұсақ-түйекті, берекесіз тірлікті доғарып, ел үшін, ұршак үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын кез келгендейтін сез сөңінде қорытындылады.

3 шілдеде Елордада Қазақстандағы бірінші «Астана-Арена» жабық стадионы пайдалануға берілді. Бұл стадионға 30 000 көрермен сияды. Әлемдегі қозғалмалы шатыры бар алты стадионның құрамына кіреді. Осы күні стадиондағы ең бірінші ойын астаналық Локомотив пен Қазақстанның жастар құрама командасы арасында өткен болатын. Ойынның төрешісі эйгілі итальяндық Пьерлуиджи Коллина болса, доппен алғашқы соққыны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев орындаады. Екі командалардың құрамында, өздерінің ойыншыларыменен қатар, конаққа шакырылған «жүлдемдерда» болды. Қазақстанның жастар құрама командасына — Грузия құрамасының және итальяндық «Милан» клубының қорғаушысы Каха Каладзе мен Украина құрамасының шабуышысы Андрей Шевченко, ал «Локомотив» құрамында — атақты түрік ойыншылар Хасан Шаш и Хакан Шүкүр ойнады (Қараңыз: [http://kk.wikipedia.org/wiki/Астана\\_Арена](http://kk.wikipedia.org/wiki/Астана_Арена)).

2009 жылдың 3 қазанында Әзіrbайжан, Қазақстан, Қыргызстан және Түркия мүше болып табылатын Түркі кеңесі халықаралық үйімі

құрылды. Жалпы бұған дейін 1992 жылдан бастап түркі тілдері мемлекеттерінің Саммиті өткізіле бастады. Сонымен қатар, 1992 жылы Алматы қаласында Түркі мәдениеті және енергия мәселелері жөніндегі біріккен комитеті, ал 1998 жылы Баку қаласында Түркілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы құрылып, аталмыш екі ұйым осы кеңестің құрамына енді.

Осы жылдың жазында елімізде көшеде сыра ішуге тыйым салына бастады. Ал 9 қазанды қоғамдық орындарда шылым тарту, 21 жасқа дейінгілерге алкогольды сусындарды сату және қолдану, 18 жасқа дейінгілерге темекі сатуға тыйым салынды. Бұл Қазақстандағы салауатты өмір салтын қалыптастырудағы басты қимылдар саналатыны анық. Салауатты деген сөздің негізгі мағынасы – парасатты, байыпты, ақылды, ойлы, білімді, зерделі және сабырлы деген ұғымды білдіреді. Өмір салты дегеніміз - әрбір жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның қалай еңбек етіп, қалай тұрмыс құрып, бос уақытында демалатыны, қысқасы, олардың қалыптасқан өмір тіршілігі. Яғни, адамның өмір салты қандай болса, өзі де сондай. Сонымен еліміздің кез келген азаматы салауатты өмір сүру үшін парасатты, зерделі және білімді болуы керек. Әсіресе денсаулық жайында білімді болғаны жөн (Қараныз: *Өмешұлы Ә. Салауатты өмір – денсаулық кепілі. – Алматы: Білім, 1999. – 13 б.*).

Жалпы еліміз үшін бұл жыл бірнеше аспектілерде көрініс тапқан жаһандық дагдарыспен ерекшеленді: біріншіден, өндіріс өсімі тежелді; екіншіден, қаржылық сектор көрсеткіштері нашарлады; үшіншіден, тұрғындар өмір сүру деңгейі төмендеді. Дегенмен, Қазақстанның өзге елдермен салыстырғанда экономикалық жағдайы жоғары болды. Елбасы бастамасымен, ел үкіметі дағдарыс шарттарындағы қимылдардың бағдарламаларын қалыптастырыды. Ең басты қимыл банк жүйесін қолдауға бағытталды. Бұл саяси және мемлекеттік жүйенің дамуына кедергі әкелмей, керісінше мемлекеттік дамудың жаңа жолын ашты.

## **2010 ЖЫЛ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАКТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНА ТӨРАГАЛАҒЫ – ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЙЫМ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚЕЗЕҢ**

2010 жылды еліміз Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымактастық ұйымына төрагалықты бастап кетті. Бұл – ез Отанымызға деген мактандың пен құрметті аскортататын іс-шара. Қазақстан Республикасының тек посткеңестік республикалар арасындаған емес, Азияда бірінші болып ЕҚЫҰ төрагалығын иеленген мемлекет екендігін әрқайсымыз мактан етуіміз қажет. Еліміздің ЕҚЫҰ-мен қарым-қатынасы 1992 жылдың қаңтарындағы мүшелігінен басталды. Осы қезең Отанымыздың жалпыеуropалық үдерістерге белсенді түрде қатысуының бастауы еди.

ЕҚЫҰ – 56 мемлекетті біріктірген ірі өнірлік ұйым. Ұйымның жауапкершілігіне қақтығыстарды алдын алу мен реттеу мәселелері жатады. Қауіпсіздікпен қамтамасыз етуде ЕҚЫҰ дипломатиялық өзара байланысқа негізделген кешенді және корпоративті тәсілдерді қолданады. Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы байланыстар дамуының алғашкы қезеңінде нарықтық экономикаға етуге қажетті реформалар жүргізу, ашық азаматтық қоғамның дамуы мен аймақтық қауіпсіздікті бекітуге арналған ақпараттық-тәжірибелік пікір алмасулардан тұрды. Өзара қатынастардың дамуындағы жаңа қезең Қазақстанның 2003 жылы ЕҚЫҰ-ға төрагалық ету туралы идеясымен жалғасты.

Бұғынгі күнде ЕҚЫҰ – евроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ете алатын маңызды ұйым. Бұл Ұйымның ықпал етудегі ерекшеліктері ретінде оның географиялық көлемділігін ғана емес, саяси шешімдер қабылдаудағы консенсус тәртібі қатысушы мемлекеттер арасындағы тен құқылық дәрежесінің орындалуында жатқанын айтуда керек. Ұйымның қақтығыстардың алдын алушағы ролі әмбебап механизмдердің қалыптасуына жол ашты. Атап айттар болсақ, түрлі деңгейдегі саяси кеңесшілерді тағайындалап, арнайы екілдер мен сарапшылар миссияларын ұйымдастыра бастады. Ұйым тәжікаралық қақтығыстардың аяқталуына ықпал етумен қатар, «Дейтон келісімі» атты Босния және Герцеговинадағы бейбітшілік туралы жалпы келісімінің орындалуын қамтамасыз етті.

ЕҚЫҰ-ға төраға мемлекеттер арасындағы басты назардағы міндет Ұйымның саяси қызметін басқару мен үйлестіру, дагдарыстарды реттеу жұмыстарын басқару болып табылады. Осы бағыттар жүйесінде еліміз үлкен тәжірибеге ие болатын. Өйткені, Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың қатысушы мүшесі ғана емес, осы уақытқа дейін ТМД, ШЫҰ, ЕурАЗЭҚ, АӨСШК секілді аймақтық ұйымдардың төрагалығын атқарған еді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрагалығы жалпыұлттық стратегиялық жоба болып табылады және

барлық мемлекеттік органдардың жемісті әрі үйлестірілген жұмысын қажет етеді.

ЕҚЫҰ дәстүрі бойынша, төрағалық ету қызметін бастаған ел жаңа ұснындар мен шешімдер ұснынып, Ұйымның беделін арттыруға өз үлесін қосуы тиіс. Осыланысты Қазақстан ЕҚЫҰ қызметінің трансформациялануына күш салды. Біздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығымыздың негізгі басымдықтары ретінде терроризмге, наркотрафикке, қару мен адам саудасына қары біріккен қурестерін атап өте аламыз. Қазақстан Батыс Еуропа мен АҚШ арасындағы делдалдық қатынаста жетістіктерге жетті. Көптеген батыс сарапшыларының пікірінше, біздің еліміз Батыс Еуропаның кез келген еліне қарағанда Кавказдағы қақтығыстық жағдайды реттеуге мүмкіндігі мол. Сонымен қатар, еліміз ЕҚЫҰ-ның ислам әлемімен серіктестігін кеңейту мүмкіндігіне ие. Бұл Қазақстанның ислам елдерінің 2010 жылы ЕҚЫҰ қызметіне араласу мәселесін күн тәртібіне қойып, Ислам Конференциясы Ұйымы мен ЕҚЫҰ арасындағы өзара байланысты қалыптастырып, қүштегінде бар ықпалын салды.

Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Ұйымның посткеңестік кеңістіктерін елдер арасындағы беделін жоғарылатады деген сарапшылар пікірі орындалуда. Астананың мұсылман және еуропалық қауымдастық арасындағы делдалдық қызметі Еуразиядағы барлық қақтығыстарды шешуге септігін тигізгендігіне мүше мемлекеттер толықтай сенімді.

Көзіргі Қазақстан моделі түрлі діндер мен ұлттар өкілдерінің бейбіт өмір сүру мүмкіндіктерін көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының бул тәжірибесі ЕҚЫҰ төрағалығына лайықты екендігіне бірден бір себеп болды. Қазақстанның ұлтаралық және дінаралық саясатты жүргізудегі жеке тәжірибесі толерантты қоғам принциптерінің қалыптасуына ықпал етіп, ол әлемнің өзге мемлекеттеріне пайдалы болуы да мүмкін. 140 ұлт пен 46 конфессия өкілдері бейбіт қатар өмір сүріп жатқан Қазақстандағы этносаралық қатынастар жетістігін әлемдік қоғамдастық жоғары бағалап отыр. Республиканың ұлттық бірлік идеясы төрағалық кезеңдің позитивтік тәжірибесін берді. Бұл – саяси кеңістіктері қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі еліміздің маңызды тарихи басымдығы. Төрағалық ету арқылы Қазақстан тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жол ашты. Сонымен қатар, Қазақстан ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы мәртебесін жоғарылатуға өз үлесін қости.

Еліміздің халықаралық ұйымға төрағалығы мемлекеттіміздің төмендегідей жетістіктерін көрсетеді: біріншіден, Қазақстанның демократиялық институттары дамыған, тұрақтылық қалыптасқан және өркениетті келіссөздер жүргізуге дағдыланған мемлекет екендігі; екіншіден, Қазақстан халықаралық дәрежеде ұлттар мен діндер арасындағы татулық пен мемлекеттік мұddeлерін қорғай алатын ел екені танылды.

Мемлекеттің дамуына әсер ету барысында қоғамдық өмір-салттың барлық салаларына тұрақтылық қажет. Қазіргі Қазақстан мемлекеттің негізі ретінде тұрақтылыққа жетуді міндеп етіп бекіте түсті. Осы жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей: «Шілкі саяси сала мен ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту болып қала береді». Шынында да, саяси тұрақтылық Қазақстандағы модернизациялық бағыт пен әлеуметтік-экономикалық реформалардың негізгі шарты болып табылады.

Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде аймақтық үйымдардың мәні жоғарылады. Осыған байланысты қактығыстардың алдын алуда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымының мүмкіндіктері мен құқықтық негіздері қалыптасты. ЕҚЫҰ қактығыстарды алдын алудағы тәжірибелік механизмдерін Грузия, Молдова, Тәжікстан, Таулы Қарабах секілді посткеңестік елдерде қолданды. Бұл Үйым мүмкіндігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Әрине, еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі аталмыш мәселені өзекті ететіні анық. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, Қазақстанның жалпы міндеті Үйымның қазіргі заманының қатерлері ұлғайған кезеңде, күшті және тиімді құмылдар жүргізу болып табылады. Сондықтан Елбасы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ның халықаралық аrena мен біздің аймагыныңдағы рөлі мен ықпалын күшейтуді мақсат тұтты.

Халықаралық саясаттагы өте күрделі мәселе – Ауганстандағы жағдайға Қазақстан Үйымның төрағасы ретінде ерекше мән берді. Ондағы жағдай әлі де жақсармады, тұрақтылықтың қалыптасуы мен есірткі проблемасы шешімін таппады. Осы байырғы мәселені кешенді шешудегі стратегиялық жұмыстардың ізі, ең алдымен жауапты субъектілер АҚШ пен НАТО одактастары арасында байқалмайды. Сонымен қатар, еуропалық мемлекеттер Ауганстанның болашағына жауапкершілікті әлсіз жергілікті билікке қалдырығысы келеді. Бүтінде Ауганстандағы жағдайды шешу үшін жаңа әрі салмақты біріккен келісімді шешімдерге бару қажет. Өйткені, бұрын қолданылған тәсілдер өзінің әлсіздігін көрсетіп, қажетті нәтижесін бермейді.

Беделді халықаралық үйымдар көмегімен Ауганстанды тұрақтандыру жөніндегі комитет құру қажеттілігі байқалды. Бұған мәселені шешуге мүдделі Ауганстанмен көрші мемлекеттер қатысуы тиіс. Қоғанеген сарапшылардың пікірінше, бұл диалогқа қатысушы мемлекеттер санын кеңейту керек. Өйткені, саясатқа қатысушы әр мемлекет өз талаптарымен шығады. Бірақ, мұны ЕҚЫҰ-ның қатысушы мемлекеттерінсіз жүргізу ауырға соғады. Бұл бағытта Қазақстан төраға ретінде біршама жұмыстар атқарды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «ЕҚЫҰ тағдыры және

перспективалары» атты макаласында атап өткендей, Казақстан Ауғанстанның бір мың азаматтың қазақстандық оку орындарында түрлі азаматтық мамандықтарға оқыту максатында 50 млн. доллар болу туралы шешім қабылдады. Егер басқа да мемлекеттер осы бағытта жұмыстар атқарса, бұл мәселені шешудің бір ғана бастамасы болмак. Елбасының бұл шешімі пейілі кең халықтың үрпағы екенин дәлелдейді. Еліміздің осы беделді Ұйымға тәрағалық етуі оның тарихындағы маңызды кезең және жаңа бастамаларға толы болды.

«Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» ұранымен өткен тәрағалық жетістігіне еліміз ғана емес, бүкіл әлем күә болды. Ел тұргындарының мәртебесін көтеретін, патриоттық сезімді жоғарылататын шараларға азаматтардың бей-жай қарамауы халық назарын аудартатыны ақиқат.

TRUST – бұл кез келген күдіктің орын алмай, толық салиқалылықты сезіну болып табылады. TRADITION – ұрпактан ұрлаққа жеткен барлық қоғамдық қатынастарды реттейтін жоралғы, дағдылар мен икемділік тұрасындағы көзқарастар жынытығы. TRANSPARENCY – акпаратқа қолжетімділік бағытындағы құпиялыштықтың жоқтығы, деректің нақтылығы мен мәлдірлігі. TOLERANCE – езегенің өмір-салтына, мінез-құлқына, салт-дәстүріне, сана-сезіміне, пікіріне, идеяларына, нанымына төзімділік. Міне, осы қоғам жаңғыруына қажетті құбылыстар біздің тәуелсіз мемлекетімізге тән. Мұның барлығы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырган байсалды саясатының жемісі.

Әлемдік деңгейдегі езекті мәселелермен қатар, осы жылды еліміз үшін маңызды кездесулердің іргетасы қаланды. Мәселен, тәрағалықтың алғашқы кезеңіндегі Брюссельде ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы тәрағасы, Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі К. Саудабаевтың Еуропалық Комиссия президенті Ж.М. Баррозу және Еуропалық инвестициялық банк президенті Ф. Майштад, НАТО-ның Бас хатшысы А. Фог Расмуссен, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Х. Клинтон және АҚШ Энергетика министрі Чу, АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Дж. Джонс, Мемлекеттік хатшының саяси мәселелер жөніндегі орынбасары У. Бернс, АҚШ Президентінің Ауғанстан жөніндегі арнайы өкілі Р. Холброк, сондай-ақ басқа да құрылымдар басшыларымен кездесулері Қазақстан мерейін жоғарылата түсті. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ тәрағалығы қызметіне кірісуіне орай Президент Н.Ә. Назарбаевтың Вена қаласындағы үндеуі мен К. Саудабаевтың ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің 789-шы отырысында сөйлеген сөздері еліміздің тәрағалық жылындағы жемісті қимылдар жүргізуіндегі көрсеткіші іспеттес.

Тәрағалық жылында Қазақстан көптеген әлемдік маңызы бар мәселелерге назар аударды. Созылмалы қақтығыстар аймағына айналған құбылыстарды реттеуте зор дипломатиялық күш-жігер жұмсалды. Әзіrbайжан мен Армения арасындағы консенсусқа жету жолдарын

қаастыру, Таулы Карабак жанжалын реттеуге ыкпал ету ЕҚЫҰ төрағалығындағы Қазақстан басымдықтарының бірі болып табылды. Үйимның аталмыш қақтығысты реттеуге жаңа серпін беруге және ұзакқа созылған жанжалдарды шешуде мардымды жетістіктерге қол жеткізу үшін елдердің тарихи жақындығын тиімді пайдалану турасындағы ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар, еліміз Армения мен Түркия арасындағы қатынастарды калыпта келтіру үдерістеріне жоғары баға бере отырып, бұл мәселеден де тыс қалмады.

Ыстамбұлда өткен АӨСШК саммиті шеңберінде Түркияның Сыртқы істер министрі Ахмет Дауытогулының бастамасы бойынша «ХХІғасырдағы Еуразия қауіпсіздігі және экономикалық ынтымақтастық» атты арнайы іс-шара өткізілді. Бұл шара АӨСШК мен ЕҚЫҰ арасындағы ортақ байланыстарды нығайта түсті. Сонымен бірге, екі құрылымның тұрақты үнқатысу алаңын құруға мүмкіндік берді.

Ең бастысы – халықаралық өмірдегі саяси жаңалықтардың бірі болып табылатын 11 жыл ішінде бірінші рет 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында өткізілген ЕҚЫҰ Саммитінің Астана каласында өтуі әлемдік қауымдастықтың ел саясатына берген жоғары бағасы, сенімі деп түсінеміз. Бұл осы уақытқа дейін төрағалық шеңберінде атқарылған жұмыстардың жемісі. Мұндай жоғары деңгейдегі кездесуді үйимдастыру мазмұны жағынан үлкен жігер мен шебер үйимдастырушылықты қажет етті. Саммит аймақтағы мәселелерді шешуге бағытталған ашық үнқатысу ретінде өтіп, тұрақты дамудың өркениеттік жолдарына ұсыныстар жасалды.

Тәуелсіздігін 19 жыл бұрын алған жас мемлекеттің тұнғыш рет маңызында халықаралық форумды үйимдастыруы тікелей Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен байланысты. Сондықтан 2010 жылы Елбасы құрған даму бағыттарымыздағы сенім, дәстүрлерді құрметтеу, ашықтық пен өзара түсіністік құндылықтарын әлем елдеріне паш ететін Қазақстанның уақыты келді. Жалпы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымының Саммиті – мемлекет және үкімет басшыларының бірнеше жылдарға саяси қымылдар жүргізудің негізгі басымдықтары мен бағыттарын айқындауға арналған Үйимның жоғарғы органы. Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық пен жаңа әлемдік шарттардағы 11 жылғы үзілістен соң өтіп тұрған бұл саммит Қазақ елінің ғана емес, ЕҚЫҰ-ның да жетістігі болды.

Саммит жұмысына ЕҚЫҰ-ға мүше және серіктес елдерден 73 реcми делегация, Біріккен Ұлттар Үйимы, Еуроодақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Шанхай ынтымақтастық үйымы секілді бірката халықаралық және аймақтық үйимдар екілдерінің қатысуы оның мәртебелігі мен жоғары деңгейлігін көрсетті. Сондықтан бұл жында қозғалған мәселелер ЕҚЫҰ-ның алдағы

онжылдыққа бағытталған негізгі міндеті саналатын мемлекетаралық ұйымдар шеңберіндегі сенім мен интеграцияны бекітіп, қарама-қайшылықтардың алдын алуға септесетіні анық.

Ұйым тарихында жетінші рет еткен Саммитте Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Мемлекетіміз Ұйымды дағдарыстан шығаруды міндет етіп қойды. Біздің бұл қимылдарымызды серіктес елдер өз дәрежесінде бағалайтындығына сенімдімін. Ұйымды жаңарту процесі – бұл ұзақ басымдықтарға есептелген біздің жалпы міндет». Еңсели еліміздің тұғырын биіктетіп, саяси тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал еткен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық жылында айтқан бұл сөздері арман емес, орындалатын ақиқат екендігі айқындалды.

Елбасымыздың ЕҚЫҰ институттарын кеңейту туралы ұсынысына әлемдік қауымдастық қолдау білдірді. ХХІ ғасырдың қауіпсіздік жүйесіндегі экономикалық прагматизм экономиканың тұрақтылығына ықпал ететіні анық. Осы идея шеңберінде энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық қарым-қатынас жөніндегі кеңестер құру ұйым құрылымын күштейтуге септігін тигізеді. Ұйымның экологиялық форумы қоршаған ортаны қорғау бойынша көптеген ғаламдық мәселелерді шешетіні белгілі.

Саяси қактығыстардың тарихи алғышарттары, қоғамдық қатынастардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуындағы дағдарыстың құбылыстарымен байланысты. Қактығыстардың жылдам өршүі әлеуметтік-саяси және ұлттық-мемлекеттік құрылыштың трансформациясының үздіксіз жылдамдықпен жүруінде еді. Әлемде қактығыстық аймақтардың сақталуы тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықты алғаннан кейнірек. Өйткені, тұрақсыздық аймақтары лаңкестік пен есірткі бизнесінің, бұкараптық депортациялар мен этностық қуғындардың даму шарттарын қалыптастырыады. Елбасының Астанада орналасуы тиіс деп атап көрсеткен ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік институтын құру қауіпсіздіктің түрлі мәселелерін болжай жұмыстарын ұйымдастыруды реттейді.

Еуропалық қауіпсіздіктің парадигмасына өзгеріс енгізген Астана қаласында Еуразияның жаңа келешегі қаланды. Бұл күнге Қазақ елі ерен еңбектің нәтижесінде қол жеткізді. Мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтай отырып, сыртқы байланыстарды жоғары деңгейде дамыту – улкен жауапкершіліктің иесіне тән қасиет. Елінің келешегін бүгіннен еңсели еткен Елбасына халқымыздың сенімі мол. Батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің синтезі негізіндегі Қазақстанның бағындырар белестері әлі алда деп білеміз.

Әлемдік қауымдастықтағы әріптестіктің негізгі қайнар көзі мәдениетаралық үнқатысадың орын алуында жатыр. Сондықтан бұл Саммит Қазақстан төрағалығы жылында көрсетілген оң тенденциялардың бекуіне ықпал етіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты идеялары мен

нұсқалары қабылданды. Бұл алдағы жиырма жылдықтағы еліміздің ең үлкен жетістіктерінің бірі еді.

1 қаңтардан бастап Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Кедеңдік Одақ өз қызметін бастады.

Осы жылдың 29 қаңтарында Елбасымыз өзінің кезекті «Жаңа онжылдық - Жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын жасады. Бұл Жолдау – алысты болжап қана қоймай, қазіргі күндеңгі дағдарыстан кейінгі кезенде халықты жұмылдырып, басын біріктіретін, қындықтан шығудың жолдарын нақты айқындастын бағдарлама. Жолдау жаңа онжылдыққа арналған стратегия негіздері бойынша өрбіді. Жалпы, көшбасшылықтың қазақстандық жолы 2020 Стратегиялық жоспары болып табылатын даму бағдарламасын орындауда жатыр. Бұл үшін Елбасы негізгі дең санаған бес шараны анықтап берді. Сонымен катар, стратегиялық жоспарды іске асырудың базалық шарттарын айқындаі келе, бұл шараны іске асырудың табыстылығы қазақстандықтардың білімі мен әлеуметтік жағдайында екенін айтты. Сол себепті халықтың азаматтық жауапкершілігін көтеру осы Жолдауда да қойылған негізгі сілтеме болып табылады. Жолдауда айтылғандай, 2020 Стратегиялық жоспары ішкі саяси тұрақтылықтың сенімді іргетасы болып табылмак. Не істеу керектігін білген Елбасы рецессияға жол бермеді. Сондықтан барлық салалардағы тұрақтылық сакталды. Рецессия өндірістің күлауы немесе экономикалық өсімінің құлдырауына байланысты орын алады. Сонымен катар, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық прогресс кезеңіндегі индустріялық дамыған елдер экономикасының трансформациясы да ықпал етеді. Сондықтан индустріялық даму жаңа онжылдықтағы ел дамуының жаңа мүмкіндіктері болып табылады. Қазақстан табысты индустріялық держава болатынына Елбасымыз сенеді. Ол үшін экономиканы әртаратпандырудың үш бағыты айқындалған.

Зейнеткерлер мен жастарға, оның ішінде студенттерге деген қамкорлық осындай күрделі кезеңдің өзінде еліміздің экономикасының күш-куатын көрсетеді, танытады. Жолдауда айтылғандай, «Республикалық бюджетте үстіміздегі жылы да зейнетақыларды 1 қаңтардан бастап, ал шәкіртакылар мен бюджеттегілер еңбек-акыларын 1 шілдеден бастап 25 пайызға есіру қарастырылған. Откен жылғы экономика өсімінің он серпінін шәкіртакылар мен бюджеттегілердің еңбекакыларын үш ай бұрын – 2010 жылдың сәуірінен бастап есіруге мүмкіндік береді дең есептеймін». Сондықтан дәл қазіргі кезең еліміздің барлық тұрғындары үшін үлкен жауапкершілікті талап етті. Әрбір қазақстандық азамат мемлекет тарарапынан жасалған қолдауға сүйеніп, нақты істер атқаруға тиіс.

Осы жылғы Жолдауда Елбасымыз еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің сақталуы ең маңызды міндет болып табылатынын атап көрсетті. Өткен жылғы Жолдауда Президент дағдарыстың қызын кезеңінде елімізге және қоғамға қолдау көрсету үшін партияаралық ұнқатысады орнықтыруды және бірігуді ұсынғанын, бастама қолдау тауып, жеті саяси партия Экономикалық дағдарыс жағдайында әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы меморандумды бірлесе әзірлеп, қол қойғандығын айтты. Шынында да, тұрақтылық қалыптасқан мемлекеттеғана әлеуметтік-экономикалық реформалар жүреді. Ал бүгінгі кезеңде бұл – жаңа онжылдықтағы жаңа экономикалық өрлеуіміздің қажетті әрі негізгі шартты. Сондықтан елімізде азаматтық қоғам институттарын одан әрі қолдауға бағытталған саяси жаңғыру жалғаса бермек.

Тұрақтылықты қамтамасыз ету үдерісіндегі маңызды рөл бұқаралық ақпарат құралдарына да байланысты. Өйткені, қазіргі шарттарда саяси жүйенің өзгерістерге дағдылануы БАҚ көмегінсіз мүмкін емес. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық консолидацияның саяси тұрақтылығының факторы негізіндегі рөлін атқарады және негізгі құралы болып табылады. Сенімділік, жеке белсенділік, төзімділік, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік секілді көңіл-күйлерді орнықтыратын материалдарды жиберу керек. Сондықтан журналист қауымы тұрақтылықты сақтауға бағытталған модельдерді қалыптастырады. Біздің ғылыми және шығармашылық интелигенцияға да осындағы рөл жүктеледі. Әсіресе, бұл үдерістегі миссияны түсіндіруде ғалымдар ғылыми енбектерімен қатар, студенттерге оку аудиториясында ұғындыруда жатыр. Ғылыми элитаны тағы қуантатыны, Елбасы «Ғылым туралы» жаңа заңын әзірленуін жеделдете қажет екенін айтты.

Осы жылғы Жолдау казақстандықтарды жауапты міндетке біріктіру үшін, қазақты әлемге таныту үшін қажетті шаралар мен нағиженілі қадамдарының бірі деген ойдамыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдауларында ең бірінші мемлекеттіміздің құндылығы – халық, өйткені, еліміздің ынтымақтастырынын, бейбітшілігін, ғылыми, білімдік сауаттылығын, экономикасын, әлеуметтік, саяси реформаларын халық үшін тұрақтылықпен байланыстырығанын көреміз. Осы Жолдауда бесіктегі баламыздан бастап, саны қүннен қүнге азайып бара жатқан Ұлы Отан соғысы майданында ерлік көрсеткен ардагерлерімізге дейін қамқорлық көрсетілетінін атап айтты. Сондықтан Елбасы ұсынған негізгі төрт қағидатты халқымыз еш күмәнсіз ұстануы тиіс (Қараңыз: Насимов М.Ә. Тұрақтылық – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктерінің негізі // Егemen Қазақстан. – 2010. – 17 наурыз).

Осы жылдың 12-28 ақпаны аралығында Канаданың Ванкувер қаласында XXI қызық Олимпиада ойындары өтті. Бұл спорт додасында еліміздің 37 спортшысы сайыстың үш түріне қатысты. 18 ақпан күні ел

халқына жағымды жаңалық жетті. Осы ойындардағы Қазақстан үшін жалғыз жүлдесін, 1998 жылғы үзілістен кейінгі аралықтағы екі олимпиялық ойындар салып, биатлоншы Елена Хрусталева күміс медаль жеңіп алды.

2010 жылдың наурызында Қазақстан Республикасы индустрія және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі құрылыш, Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі МР мәдениет министрлігі болып қайта құрылды.

16 сәуірде еліміз АҚШ және Ресей Федерациясымен тығыз әріптестікте Қыргызстанды азаматтық соғыстан сактап қалды.

2010 жылдың 28 маусымында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Астана қаласында халықаралық деңгейдегі жаңа жоғары оку орны «Назарбаев университетін» ашты. 2011 жылдың 11 қантарында осы жылы Қазақстандағы орташа еңбекақы колемі 76 000 теңге құрайтындығы белгілі болды (Караңыз: [http://ru.wikipedia.org/wiki/История\\_Республики\\_Казахстан\\_\(с\\_1991\\_года\)#2008](http://ru.wikipedia.org/wiki/История_Республики_Казахстан_(с_1991_года)#2008)).

Жалпылай айтканда, 2010 жыл Қазақстан үшін осындай ерекше жаңалықтарымен есте қалды.

## **2011 ЖЫЛ: ТӘҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫҢ ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАҢЫ**

2011 жылдың 30 қаңтары мен 6 ақпан аралығында Астана мен Алматы қалаларында VII Қызығы Азия Ойындары етті. Бұған дейін 1996 жылдан бастап 4 рет Азия құрлығындағы негізгі спорттық бәсекеге қатысқан еліміз бұл жылы ете маңызды жөнестерге жетті. Бұл ойындарға 26 елдің спортшылары қатысып, барлығы 7 елдің спортшылары медальдардың 207 жиынтығын сарапқа салды. Нәтижесінде еліміздің ұлттық құрамасы 32 алтын, 21 күміс, 17 қола, барлығы 70 медальмен жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленді. 13 алтын, 24 күміс, 17 қола (барлығы – 54) медаль иеленген Жапония II орын, 13 алтын, 12 күміс, 13 қола (барлығы – 38) медаль иеленген Оңтүстік Корея спотшылары III орынды иеленді.

Елбасымыздың осы жылдың 28 қантарындағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауынан жеделдетілген экономикалық жаңғыру мен әлеуметтік жаңғыру – жаңа әлеуметтік саясат екендігін аңғардық. Мерейлі жиырма жылдық белестегі атқарылған істеріміз қорытындыланып, келешекке жаңа бағдар жасалды. Баршамызға ел ігілігі мен мемлекет мұддесі жолындағы абырайлы істерде мол табыс тілеген Елбасы, мерекелі күндерге жеткізген берекелі тірлігіміздің баянды болуын үндеді.

ХХ ғасырдың екінші жартысы ғылыми-техникалық прогрессің дамыған кезеңі болды. Жаңа ғасырдың он жылын артқа тастаған адамзат бұрындары қалыптасқан тенденцияларды дамыта түскені анық. Ғылыми-техникалық прогресс бағыттары, қымылдары және оның әлеуметтік үйымдасу ерекшеліктері ғылым және технологияның қоғаммен өзара байланысындағы сапалы жаңа кезеңінің көрсеткіші саналатынын барлығыныздың үғынғанымыз абзal. Сондықтан кез келген мемлекет тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі білім мен ғылымда екіні анық. Жолдауда білім және ғылым модернизациясының еліміздегі даму моделі мәселелері айқындалды. Елбасының «Өмір бойы білім алу» әрір казақстандықтың жеке кredосына айналуы тиіс», - деп көрсетуі университеттік білім мен ғылымның дамуындағы жаңа деңгейге шығу міндеті еди. Бұл ғылыми жетістіктердің өндіріс пен бизнес арасындағы инновациялық дамуындағы әріптестікке жол ашатын негізгі көреген бастама. Білім беру жүйесін реформалау бойынша Қазақстан әлемдік рейтинг көрсеткіштері бойынша көшбасшы саналады. Жоғарғы дәрежедегі білім беретін мемлекет және ғылымы дамыған қоғам ғана жаһандық бәсекелестікті жөнде алады.

Тәүелсіздігіміздің мерекелі жылындағы «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылды» мерейтойлық ұраны қазақстандықтардың

көңіл-күйін жоғарылата түсті. Тәуелсіз Қазақстандағы экономикалық реформалармен катар жүргізілген саяси реформалар бостандық, бірлік, тұрақтылық және өркендеу секілді арқаулық құндылықтарды қалыптастырыды. Міне, осы арқаулық құндылықтар Қазақстан жетістігінің басты кілті. Елбасы көрсеткен осы базалық құндылықтарды бекіту жолында жүргізілетін қимылдарға белсенді түрде қатысу баршамызың міндептіміз.

Жалпы саяси тұрақтылық мәселесі мемлекеттердің саяси режимі мен әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейіне қарамастан кез келген ел үшін өзекті болып саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев осы жылғы Жолдауында айтқандай, «Мен ауызбіршілкten айнымайтын ақжүрек жұртымың қуаты ұлтқа, шуакты ұлысқа айналарына кәміл сенемін». Отандастарымыз еліміздің өркендереген және гүлденген мемлекет болуына бар күш-жігерін аямайды. Әрбір қазақстандықтар жаңа белестерді бағындыратынына сениміз мол».

2011 жылдың 31 қаңтарында Конституциялық Кеңес Елбасының өкілдегігін республикалық референдум арқылы ұзартуды қарастыратын өзгерістер мен толықтырулар жөніндегі мәселенің шешімін айтып, Занды Конституцияға сәйкес келмейді деп таныды. Осы себептерге байланысты Н.Ә. Назарбаев елді біріктіретін жолды ұсынып, мерзімінен бұрын президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде 2011 жылдың 3 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы етті.

Жалпы осы жылғы сайлауга 22 кандидат ұсынылып, олардың үшеуі саяси партиялардан, біреуі қоғамдық бірлестіктен, 18-і өзін-өзі ұсынған азаматтар болды. 2005 жылғы сайлаумен салыстырғанда, төрт адамға артық ұсыныстарын берді. Сонымен қатар, осы сайлауга қатысқысы келген С.С. Өтен, У.Ә. Қайсаров, А.Х. Асылбек, Ж.Ә. Бәзілбаев қайта ұсыныс жасады. Бұл сайлауга Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан Жамбыл Аужанұлы Ахметбеков, өзін-өзі ұсынған, «Табиғат» экологиялық одағының жетекшісі Мәлс Хамзаұлы Елеусізов, Қазақстанның патриоттар партиясынан Фани Есенкелдіұлы Қасымов және «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясынан із басындағы президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.

Сонымен 2011 жылғы 3 сәуірде болған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыстарды санау нәтижелері туралы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша сайлаушылардың тізіміне 9 200 298 азамат енгізіліп, олардан дауыс беруге 8 279 227 адам немесе 89,98 пайзызы қатысты. Сайлау нәтижелері бойынша Жамбыл Аужанұлы Ахметбековке – 111924 дауыс немесе дауыс

беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,36 пайызы; Мәлс Хамзаұлы Елеусізовке – 94452 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,15 пайызы; Фани Есенкелдіұлы Қасымовқа – 159036 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,94 пайызы; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа – 7850958 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 95,55 пайызы берілді (2011 жылғы 3 сәуірде болған Қазақстан Республикасы Президенттің кезектен тыс сайлауының қорытындылары туралы хабар // Егемен Қазақстан. – 2011. - б сәуір). Нәтижесінде іс басындағы Елбасынан біршама кейін қалған кандидаттар өз құндылықтарын ел халқына жеткізді және алдағы уақыттағы партия танымалдылығын бекіте түскендігі анық.

Қазақстандағы кезектен тыс өткізілген Президент сайлауында мемлекет басшысы өз қарсыластарын үлкен басымдықпен женді. Мұндай жеңістің болатындығына отандық сараышылар ғана емес, шет елдік сараышылар да болжам жасаганы белгілі. Сайлау өткеннен кейінгі бақылаушылар жасаган пікірлерге мән берелік. Мәселен, түркітілдес мемлекеттер Ұйымы Парламенттік ассамблеясының бас хатшысы Рамиль Гасанов (Әзіrbайжан) былай дейді: «Біз Қазақстанда мерзімінен бұрын өткен президент сайлауының өтуіне жоғары баға береміз. Біз бұл сайлауды легитимді деп жариялай отырып, КР президенті демократиялық форматта сайланды. Менің жеке пікірім бойынша, 95% алған Н.Ә. Назарбаев соңғы жиырма жыл ішінде өз елін халықаралық қауымдастық деңгейіне көтерді. Әлемдік лидерлер Н.Ә. Назарбаевты беделді саясаткер ретінде мойындаиды. Міне, осы көшбасшыға байланысты Қазақстан аймақтағы экономикалық және саяси дамуда үлкен маңызға ие ел, көрші елдердегі қақтығыстарды реттеуге өз улесін қоса алатын мемлекет». Еуропа Конгресі Парламенттік ассамблеясы (PACE) бақылаушылар миссиясының басшысы, Украинаның халықтық депутаты Юлия Лавочкина пікірінше: «Біз өз делегациямыз ішінде көп таласып, нәтижесінде Қазақстанда кезектен тыс өткен Президент сайлауында заң бұзушылық орын алмағандығы және жеңіске жеткен Н.Ә. Назарбаев түрғындардың көпшілік дауысын иеленгендейдігін айтамыз. Қазақстан түрғындары белсенді араласқан демократиялық сайлауды көрсете білді. ЕҚЫҰ миссиясы шеңберінде оппозициялық партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және журналистермен кездестік. Кездесулер барысында оппозициялық партиялар сайлауга бойкот жарияладап жатқандығы жөніндегі шағымдарға көп кезіктік. Өз есебімізде оппозициялық партиялар үшін заңнамалық шарттар бар екендігі және сайлауға қатыспау жөніндегі шешімдері негізіз екендігін жаздық. Сонымен қатар, бізге түсіндіргендей, Қазақстандағы саяси партияларда ете амбициозды лидерлер бар және осының кесірінен олар бірігіп сайлауға жалғыз кандидат ұсына алмай отыр». Ал, ТМД бақылаушылары миссиясының

басшысы Сергей Лебедев: «Жалпы біздे ете позитивті көзкарас қалыптасты. Орталық және участекі сайлау комиссияларына дейінгі барлық деңгейде жоғары ұйымдастырылған байқалады. Сайлау ашық, демократиялы түрде етті және азаматтардың еркін дауыс беруіне тольық мүмкіндіктер болды деп жариялаймыз. Мені Қазақстандағы сайлау кезінде кара пиардың жоқтығы қуантты», - дейді. Халықаралық қатынастардың Еуропалық институты директоры Ирнерио Семинаторе (Бельгия) пікірінше: «Сайлаушылардың белсенділігін ерекше атап ете аламын. Бұл етіп жатқан саяси оқиганың халық үшін маңыздылығын көрсетеді. Ең қызығы, халық әлі де сайлауга белсенді келіп, 20 жыл бойы үлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевқа дауыс береді. Бұл Солтүстік Кореяға, әткен коммунистік режимге ұқсамайды, бұл жаңа демократиялық Қазақстанның көрінісі». Еуропа Парламенттік ассамблеясы Кенесінің құрметті вице-президенті, Бельгия Корольдігі Парламентінің құрметті сенаторы Пол Вилле ойынша: «Сайлау науқаны ете жақсы етіп, Қазақстанның кезектен тыс сайлауы нәтижесінде Нұрсұлтан Назарбаев жеңіске жетті. Өз рөлін орындайтын команданы өзгертудің не қажеті бар? Бұл тұста, Президенттің өз орында қашпа жыл, 5, 20 немесе 30 жыл отыратындығында маңыздылық жоқ. Ең бастысы, ол елдің заңына қайшы келмейді» (*Мы не Северная Корея // Свобода слова. – 2011. - 6 апреля.*)

Тәуелсіз Қазақстан өзінің 20 жылдығы қарсаңында тағы бір маңызды халықаралық деңгейдегі ұйым төрағалығына кірісті. Астанада көптен күткен Ислам конференциясы ұйымы Сыртқы істер министрлері кенесінің 38-ші сессиясы 28 маусымда ашылып, Тәжікстан төрағалық өкілеттігін Қазақстан Республикасына тапсырыды. Тек Қазақстан ғана емес, мұсылман әлемі жүртшылығы асыға күткен бұл төрағалықтың алғашқы күнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен ислам елдеріндегі беделі жоғары қауымдастық Ислам ынтымақтастық ұйымы деп атала бастады. Осы себептерге байланысты ұйымың атагуы мен логотипін өзгерту туралы қарар қабылданды. Ислам ынтымақтастық ұйымының жаңа белгісі Ислам әлемінің бүтінгі көрінісін айқындаш, барша мұсылмандарды бірлік пен ынтымақтастық шақырады. Еліміздің төрағалыққа кіріспес бұрын мұндай қимылдарға баруы бұл төрағалықтың да салтанатты жеңісінің бастамасы деп бағалауға болады. Соңдықтан бұл төрағалық қазақ елінен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ислам ынтымақтастық ұйымына мұше 57 елдің сыртқы саясат ведомстволарының басшылары, 11 бақылаушы елдің өкілдері, БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЕҚЫҰ, ЕКПА, АӘСШК, ШЫҰ, ҮКШҰ, ЕурАЗЭК халықаралық ұйымдарының өкілдері, АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, ҚХР, ЕуроДақ сияқты өзге елдердің өкілдері қатысқан жиында Елбасымыз Қазақстанда ғана емес, ислам елдерінде атқарылатын біршама жұмыстар бастамасын көтерді. Сонымен қатар, екі маңызды міндетті атап

көрсегі. «Бірінші міндет - саяси идеология ретінде діні фундаментализмге қарсы тұруды үйрену. Біз Исламның саяси зорлық-зомбылықпен, экстремизммен және лаңқестікпен ешқандай байланысы жоқ екендігін үзілді-кесілді мәлімдеуге тиістіміз. Бұкіләлемдік Жетінші Ислам экономикалық форумында мен біртұтас медиялық ислам жобасын жасау жөнінде ұсыныс жасадым. Қазір осы жобага қарсы Интернетте «жаңа медиялық» қуатты қарсылықтар қарқын алуда. Осыған байланысты мен мұсылмандық рухани құндылықтарды тарататын, жастардың Ислам діні мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратын, біздің ұйыммыздың қызметін насихаттайтын e-ISLAM Интернет-ресурсын құруды ұсынамын. Бұл ресурс Ұйым қызметінен ақпарат таратып, жастардың дінге, ислам мәдениетіне қызығушылығын ынталандырып, рухани мұсылмандық құндылықтарды ғаламтор арқылы таратуы шарт», - дед өз сезін жүйелі түрде жеткізді. Бұл идеядан нағыз зайырлы мемлекет басшысының ойларын көреміз. Мемлекетімізде қолтеген ұлт өкілдері мен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп, басым қөпшілігі ислам дінін ұстануда. Елбасымыздың саяси ой-ерісінің кеңдігі - дінді жанамалап халықтың тыныштығын бұзатын экстремистік ұйымдардың етегінде жүретіндерге тікелей тұра жолды көрсету болды.

Елбасының екінші міндетінде: «Мұсылман әлемі және Батыс әлемі арасындағы ашық және әділетті үнқатысады барынша жандандыру керек. Қазақстанның ИКҰ-ға төрагалығы міне, осы игілікті мақсаттарды жузеге асыруға бағытталған. 2008 жылы Астанада бірінші рет Мұсылман әлемі мен Батыстың сыртқы істер министрлерінің Конференциясы өткізілді. Бізге Батыс және Умма мемлекеттері арасындағы өзара түсіністіктеріндең жаңіндегі үнқатысу үшін 60-тан астам мемлекет пен халықаралық ұйымның өкілдерін жинауға мүмкіндік туды. Менің ойымша, реңми тұлғалардың осындай үнқатысуын өткізуі жаңғастыру қажет», - деді. Еуразиялық идея тұжырымдамасын ұстанған еліміз өз сыртқы саясатында халықаралық байланыстарды Еуропа және Азиямен ұштастырып қана қоймай, екі бағыт жолында белсенді саясат жүргізіп жатқаны анық. Енді мемлекетіміз үшін өткен жылғы ЕҚЫҰ төрагалығы кезеңіндегідей Еуропа төріндегі жетістіктерге Ислам ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі кеңістіктері катынастарды кеңейтіп, батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің синтезі негізінде дамып келе жатқан Қазақстан тәжірибесін көрсету міндеті тұр.

Ұлт көшбасшысы өзінің қорытынды сезінде: «Қазақстанның Ұйымға төрагалығы «Бейбітшілік, Ынтымақтастық және Даму» ұраны аясында өтуі бекер емес. Осы үш өлшем бойынша біршама жетістіктерге қол жеткізген біздің еліміз Ислам ынтымақтастық Ұйымы беделінің арта түсініне күш салады», - деген болатын. Қазақстан Республикасының негізгі әлемдік мәселелерді шешуде бейбітшілік пен жасампаздығымыздың 20

жылдығы айқындастыны анық. Халықаралық саяси сахнадағы «Шығыс – Батыс» үнкәткесі контекстіндегі маңызды шаралар үйіткесі болып жүрген Қазақстанның жаңа табысы осы төрағалық кезеңінде жоғары динамикалық өзгерістерге әкелетініне ел тұрғындарының сенімі мол. Сыртқы саясаттағы еліміздің тәжірибесін үлгі ретінде қарастыратын өзге мемлекеттер арасында алдағы уақытта Қазақстанның рөлі артатыны дәлелді қажет етпейтіні белгілі.

Жалпы бұл жылы жиырма жылдық аясында елімізде көптеген шаралар үйімдастырылды. Эр айдың өзіне тән мерекелік ерекшеліктері айқындалды. Қантар Азиада шеңберіндегі спорттық мерекемен өтсе, ақпан Қазақстанның халықаралық беделін насхаттады. Наурыз айы үлкен және жас буынның жақындасуы мен отбасылық құндылықтарды сыйлауды басты назарда ұсталды. Ал сәуір айының негізгі тақырыбы инновациялық-индустриалды даму еді. Мамыр бірлік пен толеранттылыққа арналып, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Отан қорғаушылар мен Жеңіс құндері тойланды. Маусым айы патриотизм шеңберінде жүріп, көптеген акциялар мен фестивальдер өтті. Мемлекет тәуелсіздігінің символына айналған Астана қаласын насхаттау шілде айында журсе, тамыз Конституция айы ретінде танылды. Қыркүйекте қазақ қоғамының дағы рухани келісім, мәдениет пен тілге назар аударылатын болды. Қазандағы басты назар ауылға бұрылады. Жылдамдатылған индустримальды инновациялық даму қарашада үйімдастыру жоспарланған. Ал, 26 қараша мен 15 желтоқсан аралығында «Тәуелсіздіктің жиырма белесі» жиырмакүндігі өтеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әлем бүкіл жер шарын қамтыған экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер жағдайында өмір сүріп жатыр. Қазіргі қоғам дамуының жоғары деңгейдегі динамизмі XXI ғасырдың негізгі сипаттамалық белгісі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы модернизацияға индустріалдық өндірістің қарқынды дамуы, билік пен басқарудың даму эволюциясы, дамыған азаматтық қоғам, саяси және заңнамалық институттарды сынап және бақылай алатын бұқаралық ақпарат қуралдары секілді мықты институттардың болуы тән. Демократиялық құндылықтар мен саяси тұрақтылықтың қалыптасуы мен дамуы да қоғамның барлық салаларындағы модернизацияға байланысты. Билік пен азаматтар арасындағы диалог, ақпараттық технологияларға негізделген ақиқат көріністер Қазақстандағы қазіргі демократияның негізгі көрінісі. Елімізде жалшыадамзат құндылықтары бекіген демократиялық реформалар орын алуда. Оның сапалық белгілері мен тиімділігіндегі саяси институттер мен процедуralар азаматтар бірлігімен өзара байланысты.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік құрылышты қалыптастыру жолында, егемендікті бекітуде, саяси тұрақтылықты нығайту барысында күрделі үдерістерден өтті. Өз кезегінде бұл республикамыздағы саяси жүйені демократияландыру үдерісін жалғастырып, әлеуметтік-экономикалық реформаларға кажетті шарттар жасады. Сондықтан қоғамымыздың бейбіт өмір мен қоғамдық келісім Ұлт көшбасшысы мен барлық қазақстандықтардың біріккен күш-жігерінің нәтижесі деп толық сеніммен айтудымызға болады.

Міне, осы оку құралында тәуелсіз Қазақстанның жиырма жылында жеткен белесті жетістіктерін айтуга тырыстық.

*Автор ескертпелер мен ұсыныстарды мына мекен-жай бойынша қабылдайды: 120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 31 а. «Болашак» университеті, Педагогика факультеті. Электронды мекен-жайымыз: nasimov\_m@mail.ru*

## АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Мұрат Өрленбайұлы Насимов** – саяси ғылымдарының кандидаты, Қызылорда «Болашак» университеті, педагогика факультетінің деканы. Қызылорда қаласы, Таобегет қалашығындағы №11 мектептің түлегі. 2003 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашак» университетін «тарих және география» мамандығы бойынша бітірді. 2006 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану белімінің магистратурасын бітіріп, саясаттану магистрі біліктілігі мен академиялық дәрежесі берілді. 2006-2008 жылдар аралығында саясаттану кафедрасының аспирантурасында оқыды. 2009-2011 жылдар аралығында Қызылорда «Болашак» университеті, тарих және филология кафедрасының менгерушісі қызметін атқарды. Саяси технологиялар, саяси жарнама, саяси имиджеология, саяси консалтинг, саяси тарих және саяси философия мәселелерін зерттейді. 42 ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың авторы; оның ішінде: 2 монография (Саяси жарнаманың сайлау науқаны технологиясындағы орны. – Алматы, 2008. – 112 б.; Саяси жарнама: теория және тәжірибе. – Алматы, 2008. – 220 б. (бірлескен авторлықта)); 1 оқу күралы мен әдістемелік нұсқау жарық көрді. «Оқытудың жаңа технологиялары» оқу-әдістемелік, «XXI ғасырдағы ғылым мен білім», «Қоғамдық, гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың өзекті мәселелері» және «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси көзқарастар» атты ғылыми мақалалар жинағының жаупапты редакторы. Республикалық «Егемен Қазақстан», Қызылорда облыстық «Сыр бойы» және қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде, әдеби-мәдени, тарихи-тәнымдық «Әлімсақ» журналында, «masa.kz» Интернет газетінде мақалалары жарияланып тұрады.

**Саяси ғылымдарының кандидаты Насимов Мұрат Өрленбайұлының  
ғылыми және әдістемелік еңбектерінің**  
**T I Z I M I**

**2004 жыл:**

1. Саяси үгіт-насихат мемлекеттік идеологияны іске асыру құралы ретінде // Қазақстан Республикасының ішкі жәе сыртқы саясатының өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.-Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2004. – 213-218 бб. (А.С. Абулқасовмен бірлескен авторлықта).

2. 1999 жылғы Президент сайлауы науқанындағы қолданылған саяси жарнамалар // Актуальные проблемы политической науки Казахстана: Сборник научных трудов. - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2004. Вып. 2. – 160-168 бб.

**2005 жыл:**

1. Саяси жарнаманы зерттеудегі ғылымдағы негізгі кезқарастар // Халықаралық қатынастар және жаһандық дамудағы саяси проблемалар: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.-Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2005. – 386-390 бб.

2. PR саяси коммуникацияның формасы ретінде // Қазақстан Республикасы модернизациясының өзекті мәселелері: экономика, саясат және идеология: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2005. – 143-146 бб.

**2006 жыл:**

1. Қазақстан Республикасындағы саяси жарнаманың дамуы // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы. – 2006. – №2(26).- 189-194 бб.

2. Саяси жарнама – саяси менеджментті іске асырудың құралы ретінде // Азамат-қоғам-мемлекет: өзара қатынастарының өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.- Семей: Семей мемлекеттік педагогикалық институты, 2006. – 173-176 бб. (А.А. Кеңесовпен бірлескен авторлықта).

3. Қазақстандық қоғамды модернизациялау жағдайындағы саяси жарнама // Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси модернизациясының жаңа кезеңі: жүзеге асыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2006. – 237-244 бб.

**2007 жыл:**

1. Антика дәүіріндегі саяси жарнаманың ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы. – 2007. - №1- 64-67 бб.

2. Жарнама және оның қоғамның әлеуметтік-саяси процесіндегі маңызы // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы. - 2007. - №3. -34-38 бб.

3. Қазақстандық электораттың мінез-күлкінен саяси жарнаманың ықпалы // «Кауіпсіздік: халықаралық, аймақтық, ұлттық (жүйелік тәсіл)» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2007. - 220-229 бб.

4. 2007 жылғы Парламент сайлаудың қолданылған саяси жарнамалар // «Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы: Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің Коры, 2007. - 31-37 бб.

5. Жарнама саяси ғылымдардың обьектісі ретінде // Актуальные проблемы политической науки Казахстана: Сборник научных трудов. - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2007. – Вып.2 (8). - 137-144 бб.

#### 2008 жыл:

1. Саяси жарнаманың сайлау науқаны технологиясындағы орны. – Алматы, 2008. – 112 б.

2. Саяси жарнама: теория және тәжірибе. – Алматы, 2008. – 220 б. (Л.М. Иватова, Г.Ф. Насимовамен бірлескен авторлықта)

3. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың Парламенттік сайлау науқандарындағы саяси жарнама // Қоғам және дәуір. - 2008. - №1. – 22-27 бб.

4. Саяси жарнаманың саяси-құқықтық негіздері // «Мұстафиндік саясаттанулық оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2008.- 275-283 бб.

5. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының әлеуметтік-экономикалық себептері // 1986 жылдың желтоқсан оқиғалары: саясат, билік, тағдырлар. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2008.-135-141 бб. (Г.Ф. Насимовамен бірлескен авторлықта)

#### 2009 жыл:

1. Қазақстан Республикасындағы электораларалық кезеңдегі саяси жарнама технологияларын қолдану ерекшеліктері // «Қазақстан Республикасының халықаралық имиджін қалыптастыру контекстіндегі мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009.- 338-343 бб.

2. Әл-Фараби еңбектерінің қазіргі саяси ғылымдардағы орны // «әл-Фараби: Философия, мәдениет, дін» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009. 106-110 бб. (Л.М. Иватовамен бірлескен авторлықта)

3. Қазіргі саяси ғылымдардағы «Ақиқат сыйы» еңбегінің орны // «Әлемдік интеграциялық процестердің даму шарттарындағы Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009. 200-205 бб. (Б.Ж. Паридиновамен бірлескен авторлықта).

4. Қазақстан Республикасындағы саяси жарнаманың мәдениеті // «Өркениеттер диалогындағы тарихи-мәдени мұраның рөлі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Мәдени саясат және өнертапшылық институты, 2009. – 178-183 бб.

5. Электоралды мәдениетті қалыптастырудагы саяси жарнаманың орны // «ІХ Сәтбаев оқулары» атты жас ғалымдар, студенттер және окушылардың ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2009. - 147-151 бб. (Ә. Негмановамен біріккен авторлықта).

6. Жазба ескерткіштері саяси жарнаманы зерттеудің негізі ретінде // «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арап-Сырдария өнірінің орны» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2009. - 289-294 бб.

### 2010 жыл:

1. Қоғамды модернизациялау жағдайындағы саяси жарнаманың орны // Ақиқат. - 2010.- №1. – 16-20 бб.

2. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары кеңістігіндегі саяси жарнама технологиялары // «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: PR, БАҚ менеджменті және маркетингі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010. – 43-47 бб.

3. Менеджмент пен маркетинг философиясы туғызының әлеуметтенуі құрылымының негізі ретінде // «Қазақстан Республикасының егемендігі және патриотизмді дамыту» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2010. – 131-137 бб.

4. Жазба ескерткіштері саяси жарнаманы зерттеудің негізі ретінде // «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтының Хабаршысы. – 2010. - №1. – 34-38 бб.

5. Оқытудың кредиттік технологиялары және оның ерекшеліктері / Оқытудың жаңа технологиялары. - Оку-әдістемелік жинақ. – Алматы, 2010. – 7-14 бб.

6. Дистанциялық оқыту технологияларының ерекшеліктері / Оқытудың жаңа технологиялары. - Оку-әдістемелік жинақ. – Алматы, 2010. – 50-55 бб.

7. Патриотизм казақстандық қоғамның саяси тұрақтылығының негізі ретінде // «Әлеуметтік инженерия феномені: тәжірибе және болашакты реконструкциялау» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің Қоры, 2010. - 230-233 бб. (Г.Ә. Насимовамен бірлескен авторлықта).

8. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы ел саяси тұрақтылығының көрінісі ретінде // «Аймактың инновациялық дамудағы бизнес пен білімнің әріптестігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда: «Болашак» университеті, 2010. – 84-87 бб.

9. Саяси технологиялардың мәні мен принциптері // «Аймактың инновациялық дамудағы бизнес пен білімнің әріптестігі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда: «Болашак» университеті, 2010. – 190-193 бб. (Г.Ә. Насимовамен бірлескен авторлықта).

10. Саяси жарнама негіздері // Оку құралы. – Қызылорда, 2010. - 55 б.

11. Саясаттану // Әдістемелік нұсқау – Қызылорда, 2010. - 23 б.

12. Теледидар және Интернет саяси кеңес берудін құралы ретінде / Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси көзқарастар. – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2010. – 14-18 бб.

13. Бұкаратық ақпарат құралдарының қарым-қатынастық негіздері / Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси көзқарастар. – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2010. – 66-70 бб. (Р.М. Қулахметовамен бірлескен авторлықта).

14. Жаһандық ақпараттық кеңістік шарттарындағы Қазақстанның имиджін қалыптастыру мәселелері // Ізденис. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2010.- №4. – 66-70 бб.

15. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы сыртқы саясаттагы халықаралық имиджді жогарылатудың негізі ретінде // Қазақстан жоғары мектебі. - 2010.- №4. – 200-204 бб. (Б.Ж. Паридиновамен бірлескен авторлықта).

16. Қазақтың түркі тілдес философиялық көзқарастарындағы кеңес беру идеялары // Гуманитарлық зерттеу мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. Оныншы шығарылым. – 108-111 бб.

### 2011 жыл:

1. Оқытушың кредиттік технологияларының ерекшеліктері мен мүмкіндіктері: SWOT сараптама // Тағылым. – 2011. -№1. – 46-53 бб. (Б.Ж. Паридиновамен бірлескен авторлықта).

2. Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылындағы тәуелсіз Қазақстанның халықаралық имиджі / XXI ғасырдағы ғылым мен білім – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2011. – 57-61 бб.

3. Жастарды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеудің негізгі мәселелері / XXI ғасырдағы ғылым мен білім – Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2011. – 127-131 бб. (К. Қалдыбайұлымен бірлескен авторлықта).

4. Қазақ ағартушылары көзқарастарындағы әлеуметтік-саяси кеңес берудің белгілері // Гуманитарлық зерттеу мәселелері: Ғылыми мақалалар жинағы. Он бірінші шығарылым. – 94-97 бб.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік және идеологиялық құрылым шарттарындағы саяси жарнаманың дамуы // Тұңғыш Еуразиялық саясаттанушылар Конгресіндең макалалар жиынтығы материалдары. – Алматы: Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығы, 2011. - 468-470 бб.

6. Ұлт ойшылдарының саяси кеңестері // Тағылым. – 2011. -№4. – 36-45 бб.

7. Халықаралық қарым-қатынастардағы жетістіктер ұлттық қауіпсіздіктің негізі ретінде // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, саясаттану, мәдениеттану сериясы. - 2011. - №2 (37). - 186-189 бб. (К; Қалдыбаймен бірлескен авторлықта).

## ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТИ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

2011-2012 оку жылында факультетке карасты 4 кафедра жұмыс жасайды. Олар – «Педагогика, психология және өнер», «Тарих және филология», «Жаратылыстану және техникалық пәндер», «Математика, информатика және ақпараттық технологиялар» кафедралары.

Педагогика факультеті бойынша 4 кафедрада 24 мамандық бойынша бакалаврлар дайындалады:

1	5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогика, психология және өнер кафедрасы
2	5B010200 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	
3	5B010300 - Педагогика және психология	
4	5B010400 - Бастапқы әскери дайындық	
5	5B010600 - Музыкалық білім	
6	5B010800 - Денешшынықтыру және спорт	
7	5B040900 - Хореография	
8	5B042100 - Дизайн	
9	5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу	
10	5B010500 - Дефектология	
1	5B010900 - Математика	Математика және информатика кафедрасы
2	5B011100 - Информатика	
3	5B012000 - Қесіптік білім	
4	5B060200 - Информатика	
1	5B011400 - Тарих	Тарих және филология кафедрасы
2	5B011700 - Қазак тілі мен әдебиеті	
3	5B011900 - Шет тілі:екі шет тілі	
4	5B012200 - Орыс тіліндегі оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	
5	5B020700 - Аударма ісі	
6	5B091000 - Кітапхана ісі	
7	5B050400 - Журналистика	
1	5B011300 - Биология	Жаратылыстану және техникалық пәндер кафедрасы
2	5B011600 - География	
3	5B072600 - Женіл өнеркәсіп бүйымдарының технологиясы және конструкциялануы	

Факультет деканы - университеттің 2003 жылғы түлегі, саяси гылымдарының кандидаты, доцент міндеттін атқарушы Насимов Мұрат

Өрленбайұлы. Ғылыми ұстанымдары мен бастамалары факультетке қарасты мамандықтарға тікелей байланысты. Факультет бойынша штаттағы жалпы профессор-окытушылар құрамы 93 адамды құрайды. Оның ішінде ғылым докторлары – 9, ғылым кандидаттары – 40.

Білім берудің сапасын жоғарылату мен дамытуда факультеттің бүгінгі күндегі негізгі басымдықтары:

1. Қазақстанның қоғамның өмір-салты мен жоғары білім жүйесінде жүргізілетін әр пәннің ғылым және оку пәні ретінде дүниетанымдық және әдістемелік рөлін жоғарылату.

2. Қоғам қажеттіліктерін қанагаттандыратын қазіргі ғылым мәселелерін тиімді шешуге дайын жоғары квалификациялы мамандарды дайындау.

3. Жас мамандардың сапалы теориялық-әдістемелік дайындығын қамтамасыз ету, оку процесін жаңаландыру, сырттай оку бөлімінің дистанциялық оқыту әдістерін жоғарылату.

4. Пәндерді оқытуда оның оку-әдістемелік базасын күшейту.

5. Профессор-окытушылар құрамының ғылыми ізденісіне сай ғылыми-зерттеу оргалықтарын ашу және дамыту.

6. Факультеттің мектептер, мемлекеттік құрылымдар, кітапханалар мен бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын күшейту.

7. Студенттерді гуманизм мен толеранттық принциптері негізінде тәрбиелеу, қазақстанның патриотизм мен жоғары азаматтық позициясын қалыптастыру.

Әлемдік жаһандану процесінде білім нәтижесін бағындыруға арналған шаралардың үйткисы болып жүрген Педагогика факультеті жас үрпакка жаңа заман талабына сай білім беру жолында қызмет етеді.

120000, Қызылорда қаласы,

Абай даңғылы, 31.

«Болашақ» университетінің ғимараты, 2 қабат,

«Педагогика» факультеті

Электронды мекен-жайымыз: [nasimov\\_m@mail.ru](mailto:nasimov_m@mail.ru)

## **НАСИМОВ МУРАТ ӨРЛЕНБАЙҰЛЫ**

### **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Басуға 12.09.2011 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік қағаз.  
Әріп түрі «Таймс». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 6,25.

Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 236

«Әрекет-Принт» баспаханасында басылды.  
050036, Алматы қаласы, 12-ықшамаудан,  
16-үй, 69-пәтер  
Тел. 221-84-55

